

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ 796.012

Қолжазба құқығында

ТУРДАЛИЕВ РАУАН МУРАТОВИЧ

**Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының
ғылыми-әдістемелік негіздемесі**

8D01401—«Дене шынықтыру және спорт»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
жазылған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
PhD докторы, қауымдастырылған
профессор Дошыбеков А.Б.,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Ботағариев Т.А.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Коровин С.С.
Орынбор мемлекеттік
педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы,
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТІК СПОРТ МӘСЕЛЕСІ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 Ғылыми әдебиеттерде студенттік спорт дамуы мәселесінің зерттеліну деңгейі.....	16
1.2 Жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорттың даму ерекшеліктері.	25
1.3 Студенттік спорт - жоғары жетістікті спортшыларды даярлау факторы ретінде.....	37
2 ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТІК СПОРТ ДАМУЫН МОДЕЛЬДЕУ.....	48
2.1 Қазіргі кезеңдегі «студенттік спорт»: ұғымның мәні, құрылымы.....	48
2.2 Жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорт дамуының құрылымдық - мазмұндық моделі.....	64
2.3 Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спортты дамытудың шынайы жағдайы.....	78
3 СТУДЕНТТІК СПОРТТЫ ДАМУ МОДЕЛІНІҢ ТИІМДІЛІГІНІҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК НЕГІЗДЕМЕСІ.....	92
3.1 Студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысудың бастапқы деңгейі.....	92
3.2 Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спортты дамыту жолдары.....	108
3.3 Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту жолдары жобасын іске асыру тиімділігі критерийлерінің динамикасы....	126
ҚОРЫТЫНДЫ.....	150
ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР.....	153
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	155
ҚОСЫМША А. Ынтымақтастық туралы келісімшарт.....	172
ҚОСЫМША Б. Енгізу актісі.....	173
ҚОСЫМША В. Анкета.....	174
ҚОСЫМША Г. Жарыс хаттамасы.....	176

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Берілген диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылды:

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 242 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған), (19.09.2022ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулар)

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 21 қарашадағы № 103 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 желтоқсанда № 9988 тіркелді.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы заңы (27.04.2024ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) өзгерістер енгізу туралы ҚР 19.06.24ж. № 94-VIII Заңын қараңыз (2024ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ заңы (16.06.2024ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2023 жылғы 16 наурыздағы № 224 қаулысы.

ГОСТ 7.12-70. Каталогтау және библиографиялық сипаттамадағы орыс сөздерінің, сөз тіркестерінің қысқартулары.

ГОСТ 2.307-68. Өлшемдер мен шекті ауытқуларды қолдану.

ГОСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №549 бұйрығы студенттік және мектеп лигаларын қалыптастыру, студенттер мен мектеп лигалары арасында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар төмендегідей терминдер қолданылады.

Қимыл белсенділігі – адамның өмір сүру барысында орындайтын қимыл-қозғалыстарының жиынтығын қамтиды [1].

Қауымдастық коэффициенті – бұл сапалық сипаттағы екі белгінің арасындағы үйлестіру дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін ерекше өлшем, олардың әрқайсысы тек екі мәнді (бір немесе басқа кіші топқа кіру, екі құбылыстың біреуінің блогы болу және т.б.) қабылдай алады. Қауымдастық коэффициенті 0-ден 1-ге дейінгі аралықта болуы мүмкін, сонымен бірге 0 зерттелетін екі құбылыс арасындағы үйлестірудің толық болмауын сипаттайды, ал 1 толық үйлестірудің болуын білдіреді [2].

Білім беру – адамның алдыңғы ұрпақтар тәжірибесін жүйеленген білім, іскерлік, дағдылар және мәдени құндылықтар ретінде меңгеруінің барысы мен нәтижесі [3].

Білім беру технологиясы – Бұл білім алушылар мен педагогтың өзара жұмыс істейтін процессуалдық жүйесі, онда білім берудің бағыттылығын жобалау (жоспарлау), мақсат қою және механизмді түзетуі жүзеге асырылады. Бұл процесстің мақсаты қатысушыларға қолайлы жағдайлар жасау арқылы нақты нәтижеге қол жеткізу [4].

Білім алушылар – білім, мәдени дағды алушылар [5].

Кәсіби білім беру – бұл қоғамның экономикалық, саяси, мәдени қызметі мен дамуына, жеке тұлғаның жеке қалыптасуына ықпал ететін қоғамдық материалдық пен рухани өндірістің барлық салаларының кадрлық әлеуетін жаңғыртуды және жетілдіруді қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелер жүйесі, ғылыми білімдердің, дағдылардың, әдістемелік өнер мен педагогтың жеке қасиеттерінің түзілуі [6].

Кәсіби құзыреттілік – шешім қабылдаумен байланысты белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін жеткілікті білім, біліктілік пен дағдылар, тәжірибе деңгейін айқындайтын мамандардың іскерлік және жеке қасиеттерінің бірлестікті сипаттамасын түсіну бойынша әдеттегідей жалпы және кәсіби педагогика [7].

Президенттік сынамалар – көрсеткіштер арқылы жеке тұлғалардың дене белсенділігі түрлерінде дене даярлығының дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесі [8].

Дене жұмыс қабілеттілігі – бұл адамның белгілі бір сыртқы жағдайда қандай да бір дене жұмысын орындау қабілеті [9].

Дене даярлығы – бұл, дене даярлығының нәтижесі, моторлық қабілеттер мен дағдыларды меңгерудің жетістігін сипаттайды. Бұл дағдылар мақсатты жұмысын (дайындыққа бағытталған) тиімді түрде жетілдіруге мүмкіндік береді. [10].

Дене қасиеттері – бұл туа біткен (генетикалық тұқым қуалайтын) морфофункционалды қасиеттер, соның арқасында адамның дене (материалдық айқын) белсенділігі мүмкін, ол өзінің толық көрінісін мақсатты қозғалыс қызметінде алады. Күш, шапшаңдық, төзімділік, икемділік пен ептілік негізгі дене қасиеттеріне жатады [10, б.74].

Жарыстық қызмет – бұл жеке тұлғаның ерекше қимыл белсенділігі, әдетте, адамның психикалық пен дене күштерінің шегінде ресми жекпе-жектерде жүзеге асырылады, бұл әлеуметтік маңызды және жекебасылық нәтижелерді белгілеу болып саналады [11].

Спорттық даярлық - спортшыларды (спортшылар командаларын) даярлаудың спортшылардың дене тәрбиесін, спорттық жекпе-жектерге қатысуды, сондай-ақ материалдық-техникалық, медициналық, ғылыми-әдістемелік сипаттағы қамтамасыз етуді қамтитын, нақты спорттық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-шара [12].

Студенттік спорт – бұқаралық спорттың жоғары оқу орындарында базалық типтегі дене шынықтыруды құруға бағытталған басымдылығы [12, б.15].

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АСҚ – Артериялық систолалық қысымы.
АДҚ – Артериялық диастолалық қысым.
ҚБ – Қимыл белсенділігі.
ОМ – Оқыту механизмі (тетігі).
ДБК – Допты беру көлемі.
ТОСКТ – Тапсырмалардың оңтайлылығының сандық көрсеткіші.
ДБҰҰС – Допты бергеннен ұтып алынған ұпайлар саны.
ДБКЖҚС – Допты беру кезінде жіберілген қателіктер саны.
ДҚАК – Допты қабылдап алу көлемі.
ДҰОСК – Допты ұзату оңтайлылығының сандық көрсеткіші.
ҚЖҚС – Допты қабылдау кезінде жіберілген қателіктер саны.
ДҰК – Допты ұзату көлемі.
ДҰЖҚС – Допты ұзату кезінде жіберілген қателіктер саны.
ШСК – Шабуылды соққылар көлемі.
ШСОСК – Шабуыл соққыларының оңтайлы сандық көрсеткіші.
ШСҰҰС – Шабуылды соққымен ұтып алынған ұпайлар саны.
ШСОКҚС – Шабуылды соққыларды орындау кезінде жіберілген қателіктер саны.
БК – Бұғақтау көлемі.
БОСК – Бұғақтау оңтайлылығының сандық көрсеткіші.
БАЖАҰС – Бұғақтау арқылы жеңіп алынған ұпайлар саны.
ОН – Оқу нормативтері.
ЖСЖ – Жүрек соғу жиілігі.
ҮК – Үйлестіру коэффициенті.
ДҚ – Дәрежелік құрылым.
ДСИ – Дене салмағының индексі.
БЖСМ – Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.
СБДТ – Спортқа бағытталған дене тәрбиесі.
СС – Студенттік спорт.
ЖҚ – Жарыс қызметі.
ДТК – Дене тәрбиесі кафедрасы.
БЖҚ – Бірінші жұмыстың қарқындылығы.
ЕЖҚ – Екінші жұмыстың қарқындылығы.
БҚ – Батыс Қазақстан.
БҚАТУ – Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
АУ – Атырау университеті.
АӨУ – Ақтөбе өңірлік университеті.
PWC₁₇₀ – physical working capacity (жүрек соғу жиілігі 170 соғу/мин деңгейіндегі дене жұмыс қабілеттілігі)
ЖОО-жоғары оқу орны

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан ұлттық құрамасының 2020 жылы Токио Олимпиадасындағы нәтижесі – жалпы есепте 83-орын иеленуі ел спортының қазіргі жағдайына сындарлы көзқараспен қараудың және түбегейлі өзгерістер енгізудің қажеттілігін айқын көрсетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жағдайды спорт саласындағы жүйелі, әрі тиімді реформалардың уақтылы жүзеге асырылуының маңыздылығымен байланыстырды. Оның пікірінше, бұқаралық және балалар спортын дамыту – ел азаматтарының дене мәдениетін қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейдегі жетістіктерге бастайтын стратегиялық әлеуетті фактор болып табылады. Бұл тұжырым спортты тек әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде емес, ұлттық даму мен халықаралық беделдің көрінісі ретінде қарастыру қажеттігін меңзейді. Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындары білім алушыларды білімді маман ретінде қалыптастыруды ғана емес, жан-жақты, толыққанды, дені сау тұлға ретінде жетілдіруге де назар аударады. Жас маманды жан-жақты қалыптастыру барысында спортқа үлкен мән беріледі.

Студенттік спорт – бұл жоғары оқу орындарында білім алушылардың дене тәрбиесі мен дене даярлығына, сондай-ақ оларды спорттық және дене шынықтыру іс-шараларына тартуға бағытталған спорт элементі.

Қазақстан Республикасында студенттік спортты реттейтін нормативтік-құқықтық актілер іске асырылуда. Жоғары оқу орындарында (ЖОО) студенттік спорт жүзеге асырылғанымен, бүгінгі таңда оның дамуын тежейтін мәселелер бар. Соның бірі – жеткіліксіз қаржыландыру (оның болмауына байланысты студенттер жарысқа қатыса алмайды және жарысқа қатысу тәжірибесі төмен) және университет басшылығы тарапынан студенттік спортты жетілдіруге деген қызығушылығының төмендігі. Жоғарыда айтылғандарға ескере келе, студенттік спортты жетілдіруді өзекті мәселе деп қарастырамыз және осы диссертацияда оларды дамыту жолдарын көрсетуді жөн санадық.

Спорт денсаулықты сақтауға және нығайтуға, дене қабілеті жетілуге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді. Спорттық қызмет нәтижесінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар, қызығушылықтар, қажеттіліктер, құндылықтық бағдарлар және т.б. мотивацияланған, жеке тұлғалық және өзін-өзі реттейтін процеске айналып, соның негізінде дене мәдениеті мен денсаулық мәдениеті қалыптастырады.

Дене шынықтырумен айналысу, спорттық жарыстарға қатысу студенттердің әртүрлі психикалық қасиеттері мен қабілеттерін, жалпы психикалық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені спорттық қызмет эмоционалдық - ерік сапаларының көрінуіне және өзін-өзі реттеуге жоғары талаптар қояды.

Студенттерді спортпен шұғылдануға тарту мәселесін шешу дене шынықтыру саласындағы мамандардың кәсіби даярлығына, олардың жеке қатыстылығына және қалыптасқан құзыреттеріне байланысты. Осыған орай студенттік спортты

ұйымдастыру саласындағы іскерліктермен байланысты құзыреттерді қалыптастыруды мақсат ететін педагогикалық процесті ұйымдастыру міндеті туындайды.

Студенттік спорт саласындағы зерттеулер Л.С.Аристова, Р.О.Безъязычный, Т.В. Брюховских, А.С.Ваторопин, А.Б.Грибов, И.А.Журова, Ф.Р.Зотова, В.И.Ильинич, С.В.Лапочкин, Л.И.Лубышева, О.Г.Матонина, З.И.Матина, О.В.Матыцин, Л.Ю.Петрова, Н.В.Пешкова, К.М. Смышнов, В.И.Столяров, Н.Х.Хакунов, Д.А.Шубин, И.Ф.Файзулин еңбектерінде көрініс тапқан.

Студенттік спорт қозғалысын ұйымдастыру мен мазмұнын жетілдіру мәселелері И.В.Тарасов, М.М.Бариев, Л.И. Лубышева және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Аталған зерттеушілер студенттік спортты дамыту студенттердің спорт құндылықтарын меңгеруі нәтижесінде олардың спорттық мәдениетін қалыптастыру, сондай ақ дене шынықтыру, спорт және білім беру салаларындағы заңнамалық қамтамасыз етуді үйлестіру жағдайында жүзеге асырылуы тиіс екенін атап көрсетеді.

Студенттік спорт қозғалысын ұйымдастыру мен оның мазмұнын жетілдірумен қатар, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару мәселелеріне, бұқаралық студенттік спортты, жоғары жетістіктер спортын және бейімделген спортты дамыту мәселелеріне де үлкен көңіл бөлінеді.

Студенттік спорттың дамуы дене шынықтыру спорттық қозғалыстың тұтастығын сақтауға және оны даярлауға ықпал етеді. Бұл мәселеге В.В.Кузин, В.У Агеев, В.М.Выдрин, В.И.Жолдак, Л.В.Аристова, Р.М.Ольховский, М.В.Жийяр, Н.И. Фалькова еңбектері арналған.

Жоғары оқу орнында студенттік спортты дамытуға бағытталған құрылымдық-функционалдық модельдерді қолдану мәселелері Т.А.Кравчук, Л.И.Лубышева, Н.А.Серебренникова және басқа да қазақстандық ғалымдардың С.Ж. Отаралы, Г.Б. Мадиева, Ж.С. Мұхамбет және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер дене шынықтыру жоғары оқу орны студенттерінің дене шынықтыру- сауықтыру қызметін, студенттердің өмір сүру әрекеті процесін дамыту, сондай- ақ педагогикалық жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби дамуын басқару мәселелерін зерттеумен байланысты болды.

Дегенмен білім алушыларды дене шынықтыру және спорт саласындағы басқарушылық қызметтің белсенді субъектілері ретінде тарту қажеттілігі жоғары болғанына қарамастан, жоғары оқу орнының білім беру кеңістігінде студенттік спортты ұйымдастыру мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі келесі **қарама - қайшылықтармен** айқындалады:

- білім беру жүйесінде студенттік спортты дамытуға деген объективті қажеттілік пен жоғары оқу орнында оны ұйымдастыруға дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

- студенттік спортты дамытуға қатысты ғылыми теориялық негіздеме қажеттілігі мен бұл мәселенің қазіргі педагогикалық теория мен практикада жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында;

- өсіп келе жатқан ұрпақтың жан жақты дамуы үшін спорттың құндылықтық әлеуеті мен студент жастардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруды және оларды салауатты әрі спорттық өмір салтына тартуда оның жеткілікті деңгейде пайдаланылмауы арасында;

- жоғары оқу орнының білім беру кеңістігінде студенттік спортты дамыту қажеттілігі мен осы процесті практикада қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық - мазмұндық тетіктердің жеткіліксіз әзірленуі арасында;

- қоғамның студент жастардың дене белсенділігін, дене шынықтыру спорттық қызметке жүйелі қатысуға деген мотивациясы мен қызығушылығын қолдау қажеттілігі мен жоғары оқу орнының білім беру кеңістігінде студенттердің спорттық мәдениетін дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлінуі арасында.

Сонымен, зерттеудің өзектілігі, анықталған жоғарыдағы қарама – қайшылықтар зерттеу тақырыбын келесідей тұжырымдауға негіз болды: «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі».

Зерттеу мақсаты – қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексеру (Батыс Қазақстан ЖОО мысалында).

Зерттеу нысаны – Батыс Қазақстан университеттеріндегі біртұтас педагогикалық процесс.

Зерттеу пәні – студенттік спорттың даму процесі.

Зерттеу міндеттері:

1. Жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу;

2. «Студенттік спорт» ұғымының мәнін, мазмұнын, құрылымын нақтылау;

3. Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделін әзірлеу;

4. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесін әзірлеп, оның тиімділігін эксперименттік түрде дәлелдеу.

Зерттеу болжамы: *Егер* жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесін теориялық тұрғыда негізделсе, «студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланса, студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі әзірленсе, Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту әдістемесі әзірленіп, олардың тиімділігі эксперименттік түрде негізделсе, *онда* университеттерде студенттік спортты дамыту табысты жүзеге асырылады, *өйткені* студенттерді дене шынықтыру және спорт құндылықтарына баулу тұлғаның жан -жақты дамуын, дене шынықтыру- спорттық іс- әрекетке қосылуын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің жетекші идеясы – студенттік спортты дамытудың тиімділігі осы бағыт бойынша элективті курсты іске асырумен; спорттық бағдарланған дене

тәрбиесін енгізумен; балалар жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ) мен университеттер арасында резерв пен жоғары оқу орындарының құрама командаларын даярлау туралы шарттар жасасумен; студенттердің дене даярлығы мен қабілетсіздік деңгейін оңтайландырумен байланысты жүзеге асады.

Біздің зерттеу тақырыбымыз еліміздегі дене шынықтыру және спорт саласы бойынша заңнамалар мен ережелерге сай орындалды [13-17].

Зерттеудің әдіснамалық негізі:

- тұлғаға -бағдарланған амал, оның негізінде адам қоғамның құндылықтар жиынтығы және қоғамдық дамудың өзінді мақсаты деп қарастырылады (В.П. Бедерханова, Е.В.Бондаревская, З.К. Каргиева, В.В. Сериков, В.И. Слободчиков, И.С Якиманская, В.Д.Шадриков);

- тұлғалық- іс -әрекеттік амал, ол адамды іс -әрекет субъектісі ретінде қарастырады (Б.Г.Ананьев, И.А.Зимняя, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн);

- іс -әрекеттік амал, оның мәні тұлғаның дамуы белсенді іс -әрекетте (А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн, Г.П. Щедровицкий);

- жүйелілік тұғыр, тәрбиелік әсер ету элементтерінің өзара байланысы мен құрылымын анықтайды (В.Г.Афанасьев, К.Берталанфи, А.А. Богданов, И.В.Блауберг, Н.И.Бондаренко, Э.Г. Юдин);

- контекстік амал, дене шынықтыру мен спорт бағытындағы маманның кәсіби даярлығын көздейді, яғни бұл амал білім беру немесе зерттеу процесін нақты әлеуметтік, кәсіби және педагогикалық жағдайлармен (контекстпен) байланыста қарастырады (А.А.Вербицкий, В.П.Лукьяненко, Ф.И. Собянин, К.Д.Чермит).

Зерттеу әдістері: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау [19], құжатты деректерді бағалау [20], бақылау сынақтары [20, б. 62], математикалық статистика әдістері (қауымдастық коэффициенті; негізгі статикалық өлшемдер, [20, б.146].), педагогикалық эксперимент [20, б. 66-75], сауалнама жүргізу [21], дене жұмыс қабілеттілігін анықтау (PWC₁₇₀) [22].

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесі теориялық тұрғыда негізделді;

- «Студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды;

- Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі әзірленді;

- Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

-Жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесі теориялық тұрғыда негізделді;

- «Студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды;

- Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі әзірленді;

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденді:

- «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы;
- Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары;

-ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына енгізілген түзетулер.

Зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері. Зерттеу үш кезеңде жүргізілді.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде (2021–2022 ж.) студенттік спорт мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты әрі терең талдау жүргізілді. Әдебиеттерді шолу барысында студенттік спорттың ерекшеліктері сонымен қатар ЖОО-дағы спорттық даярлықты ұйымдастыру мен басқарудың спецификасы, оның даму үдерісіне ықпал ететін факторлар және шетелдік мамандардың ғылыми тұжырымдары қарастырылды.

Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау зерттеу нысанының негізгі құрамдас элементтерін айқындауға, авторлық тұжырымдаманың мазмұндық шекарасын белгілеуге және эксперименттік жұмыстың жетекші бағыттарын нақтылауға мүмкіндік берді. Бұл мақсатта монографиялар, ғылыми-әдістемелік еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми журнал мақалалары, сондай-ақ ғалымдардың авторефераттары мен диссертациялық зерттеулері кең көлемде қарастырылды.

Зерттеудің екінші кезеңінде (2022–2023ж.) зерттеу пәнінің негізгі элементтерін анықтауға бағытталған анықтамалық-диагностикалық жұмыс ұйымдастырылды, педагогикалық эксперименттің мазмұны мен әдістемесіне сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Зерттеудің соңғы кезеңінде (2023-2026 ж.) зерттеу нәтижесінде алынған ақпарат пен мәліметтер өңделді. Бұл ретте практикалық ұсынымдар тұжырымдалып, талдау нәтижелеріне сараптама жасалды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Спорт қоғамның жалпы мәдениетінің элементі. Білім алушылардың спортпен айналысуы қазіргі заманда негізгі миссиясының мәселесін қарастырады, кез келген тұлғаға құбылмалы, болжанбайтын әлемдік денелік, денсаулығын дұрыс қалыптастыру өзін-өзі жақсы қабылдап сезінуге ыңғай танытады. Осы үрдістер білім алушылардың өмір сүру деңгейін жақсартуға, университет жағдайында олардың спорттық дәстүрін жетілдіруге және соның ішінде қоғамның жалпылама дәстүрлі мәдениетін өркендеуіне әсер етуіне жағдай жасайды.

2. Студенттік спорт- бұл жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дене шынықтыру- спорттық, білім беру, ғылыми және әлеуметтік - коммуникативтік қызметін біріктіретін, университеттің даму стратегиясымен және қоғамның сұранысымен үйлесетін көпдеңгейлі жүйе.

3. Мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, нәтижелілік блоктарды қамтиған студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі. Модельдің құрылымындағы блоктар өзара үйлесімді тығыз байланысқан. Мақсаттық блокта

мақсат пен міндеттер айқындалған. Әдіснамалық блок әдіснамалық тұғырлар мен принциптарды қамтиды. Мазмұндық блок мазмұн, әдістер мен формаларды қамтиды. Нәтижелілік блокта компоненттер, деңгейлер және нәтиже анықталған.

4. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту үшін әзірленген кешенді жүйесі: «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы; Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары; ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына енгізілген түзетулер.

Зерттеу нәтижелерінің сынамадан өткізілуі – жұмыс нәтижелері халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда баяндалған. Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде студенттер спортын дамыту әдістемесін қолдануға арналған эксперименттік бағдарлама жүзеге асырылған.

Зерттеу нәтижелері қоғамдық талқылауға ұсынылды:

1. 2022 жылы РФ, Челябинск қаласында Ғылыми-практикалық конференцияда «Теоретические аспекты проблемы совершенствования студенческого спорта в мировой практике» атты мақалада;

2. 2022 жылы Орынбор қаласында Ғылыми-практикалық конференцияда «Проблемы студенческого спорта» атты мақалада;

3. 2024 жылы Алматы қаласында ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдарда «Университеттегі студенттер спортын жетілдірудің эксперименттік әдістемесі» атты мақалаларда көрсетілген.

Зерттеудің сенімділігі – тақырып бойынша алынған зерттеу нәтижелерінің теориялық, әдістемелік, тәжірибелік тұрғыдан негізделіп, айқындалуымен, ғылыми аппаратқа сай жүргізілген жұмыс мазмұны мәнінің ашылуымен, зерттеу міндеттерінің мақсатқа сай толық орындалуымен, дәйекті қорытынды жасалуы мен нақты тәжірибелік ұсыныстардың жасалуымен қамтамасыз етіледі.

Докторанттың жарияланған мақалаларды дайындауға қосқан үлесі:

Аталмыш диссертация тақырыбы бойынша барлығы 13 ғылыми еңбек баспадан жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 5 – ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 7 – халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұнында баспадан жарық көрген материалдар қолданылды.

Scopus деректер базасына кіретін журналда:

1. Rauan Turdaliyev, Tulegen Botagariyev, Sayat Ryskaliyev, Aidyn Doshymbekov, Zhanibek Kissebaev. Virtual Reality Technology as a Factor to Improve University Sports (La tecnología de realidad virtual como factor de mejora del deporte universitario) //Retos Federación Española de Asociaciones de Docentes de Educación Física (FEADEF) ISSN: Edición impresa: 1579-1726. Edición Web: 1988-2041 Retos, 51, – 2024.-P. 856-863 <https://recyt.fecyt.es/index.php/retos/issue/view/4391>

Авторлардың үлесі: тақырып бойынша мақала жазу идеясы, зерттеу материалдарын жинақтау мен оларды статистикалық өңдеуден өткізу, мақалының құрылымын түзу – Турдалиев Р.М; мақала бойынша материалдарды сараптау мен тұжырымдау – Sayat Ryskaliyev, Tulegen Botagariyev, Aidyn Doshymbekov, Zhanibek Kissebaev.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдарда:

1. Р.М.Турдалиев, А.Б. Дошыбеков, Т. Ә. Ботагариев «Әлемдік тәжірибеде студенттік спортты жетілдіру мәселесінің негізгі аспектілері». Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі (Қазақ спорт және туризм академиясының журналы. – Том 67 №1 (2022). – Б. 101-109.

Авторлардың қосқан үлесі: ғылыми кеңес беру және мақалаларды редакциялау – А.Б. Дошыбеков, Ботагариев Т.А.; жұмыс идеясы, деректерді жинау мен өңдеу, мақалалар жазу - Турдалиев Р.М.

2. Турдалиев Р.М., Дошыбеков А.Б., Ботагариев Т.Ә., Кубиева С.С., Жанабеков Е.Б. Қазақстан Республикасында студенттік спортты жетілдірудің тиімді жолдары// Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі № - Том 72- № 2- 2023. – Б.128-13.8

Авторлардың қосқан үлесі: ғылыми кеңес беру және мақалаларды редакциялау – А.Б. Дошыбеков, Ботагариев Т.А., Кубиева С.С.; жұмыс идеясы, деректерді жинау мен өңдеу, мақалалар жазу - Турдалиев Р.М.

3. Турдалиев Р.М., Дошыбеков А.Б., Ботагариев Т.А., Кубиева С.С., Сыздықов А.А. Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорттың құрама командаларының дайындық ерекшеліктерін анықтайтын факторлар//Теория и методика физической культуры. - №1 (75). - 2024. - С.123-136.

Авторлардың қосқан үлесі: мақаланы жазу бойынша ғылыми кеңес жүргізіп, негіздеме берген және редакциялаған - Ботагариев Т.А, Дошыбеков А.Б.; мақаланы жазу- Турдалиев Р.М.

4. Дошыбеков А.Б., Турдалиев Р.М., Ботагариев Т.А., Кайргожин Д.О. Университеттегі студенттер спортын жетілдірудің эксперименттік әдістемесі // ХАБАРШЫ. «Педагогика ғылымдары» сериясы Серия «Педагогические науки» Series «Pedagogical scienc.- №4(84). – 2024. –С.264-277.

Авторлардың үлесі: мақаланы жазу бойынша ғылыми негіздеме берген – А.Б. Дошыбеков, Ботагариев Т.А.; мақаланың материалын тұжырымдап, жазу-Турдалиев Р.М.

5. Байдалиев К.А., Турдалиев Р.М., Тлебалиев А.А., Нургалиев К.Ж. Университеттің дене шынықтыру пәнін клубтық моделде ұйымдастыру арқылы студенттердің спорттық және әлеуметтік әлеуетін дамыту //Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2025. – №1(79). – Б. 70-82.

Авторлардың үлесі: мақаланы жазу бойынша ғылыми кеңес жүргізіп, негіздеме берген мақаланың материалын тұжырымдап, жазу және редакциялаған - Байдалиев К.А., Турдалиев Р.М; - деректерді жинау мен өңдеу Тлебалиев А.А., Нургалиев К.Ж.

Халықаралық ғылыми конференциялар:

1. Турдалиев Р.М., Ботагариев Т.А. Теоретические аспекты проблемы совершенствования студенческого спорта в мировой практике // Физическая культура, спорт, туризм: наука, образование, технологии: материалы X Всероссийской с международным участием научно-практической конференции магистрантов и молодых ученых (22 апреля 2022 г.) / под ред. Н. Ю. Мищенко, Е. В. Быкова. – Челябинск: УралГУФК, 2022. – С. 297-299.

Авторлар үлесі: зерттеудің негізгі идеясы, зерттеу бойынша ақпарат жинақтау, мақала жазу – Турдалиев Р.М., мақаланы редакциялау – Ботагариев Т.А.

2. Турдалиев Р.М. Научно-теоретические предпосылки проблемы совершенствования студенческого спорта в мировой практике // «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация» атты III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы: мат. – Алматы: ҚазАСТ, 2022. – Б. 74-78.

Авторлар үлесі: зерттеудің негізгі идеясы, зерттеу бойынша ақпарат жинақтау, мақала жазу – Турдалиев Р.М.

3. Турдалиев Р.М., Ботагариев Т.А. Проблемы студенческого спорта // Современные тенденции развития науки и образования в сфере физической культуры, адаптивной физической культуры и безопасности жизнедеятельности: сборник статей к Международной научно-практической конференции (20-21 октября 2022г.). – Оренбург: Типография «Экспресс-печать», 2022. – С.441-444.

Авторлар үлесі: зерттеудің негізгі идеясы, зерттеу бойынша ақпарат жинақтау, мақала жазу – Турдалиев Р.М., мақаланы редакциялау – Ботагариев Т.А.

4. Турдалиев Р.М. Инновационное совершенствование тренировочного процесса в баскетболе // «Білім беру, дене тәрбиесі, спорт және туризмдегі инновациялар» IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы: мат. – Алматы, 2023. – Б. 41– 42.

Авторлар үлесі: зерттеудің негізгі идеясы, зерттеу бойынша ақпарат жинақтау, мақала жазу – Турдалиев Р.М.

5. Турдалиев Р.М., Ботагариев Т.А. Причины, характеризующие специфику подготовки студентов сборных спортивных команд в вузах Казахстана // XXVI Всероссийская научно-практическая конференция «Актуальные вопросы физической культуры и спорта»: мат. – Томск, 2024. – С. 56-59.

Авторлар үлесі: зерттеудің негізгі идеясы, зерттеу бойынша ақпарат жинақтау, мақала жазу – Турдалиев Р.М., мақаланы редакциялау – Ботагариев Т.А.

6. Турдалиев Р.М. Особенности технологии совершенствования студенческого спорта в университете. // Международная научно-практическая конференция «Современные тенденции развития образования в физической культуре, адаптивной физической культуре и безопасности жизнедеятельности» : мат. – Оренбург, 2024. – С. 381-385.

Авторлар үлесі: зерттеудің негізгі идеясы, зерттеу бойынша ақпарат жинақтау, мақала жазу – Турдалиев Р.М.

7. Турдалиев Р.М. Экспериментальная методика совершенствования студенческого спорта в университете. // Международный научно-практический

форум «Территория спорта, здоровья и безопасности жизнедеятельности»: мат. – Оренбург, 2025. – С. 447-454.

Авторлар үлесі: зерттеудің негізгі идеясы, зерттеу бойынша ақпарат жинақтау, мақала жазу – Турдалиев Р.М.

Автордың жеке үлесінің мәні: диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, жүргізілетін педагогикалық экспериментке негіздеме беру, зерттеу материалдарын жинақтау мен оларды статистикалық өңдеуден өткізу, соның негізінде тұжырым жасап, практикалық ұсыныстар жасау, зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми мақалалар жариялау, олар бойынша тәжірибелік енгізу жұмыстарын жүргізу.

Жасанды интелект – диссертациялық жұмысты әзірлеу барысында заманауи жасанды интелект технологиялары ғылыми – техникалық мәтіндерді аудару, ақпараттарды іздеу және жүйелеу, сондай-ақ жекелеген есептеулерді орындау мақсатында қолданылды, алайда олар жұмыстың құрылымын қалыптастыруда және эксперимент нәтижелерін тұжырымдауда пайдаланылған жоқ.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы – диссертациялық жұмыс кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер және қосымша тізімінен құралған.

Диссертация компьютерлік басылым түрінде дайындалған, оның көлемі 171 беттен тұрады және құрамына 29 кесте, 35 сурет, сондай-ақ қосымшалар енгізілген.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, жүргізілетін тәжірибенің қажеттілігі айқындалды, сондай-ақ жұмыстың әдіснамалық құрамдас бөлімдерінің мазмұны жан-жақты сипатталды.

«Жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорт мәселесі дамуының ғылыми -теориялық негіздері» атты бірінші тарауда ғылыми әдебиеттерде студенттік спорт дамуы мәселесінің зерттеліну деңгейі, жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорттың даму ерекшеліктері, студенттік спорт - жоғары жетістікті спортшыларды даярлау факторы ретінде қарастырылады.

«Қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорт дамуын модельдеу» атты екінші тарауда қазіргі кезеңдегі «студенттік спорт» ұғымының мәні, құрылымы, жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорт дамуының құрылымдық - мазмұндық моделі, Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спортты дамытудың шынайы жағдайы сипатталады.

«Студенттік спортты дамыту моделінің тиімділігінің эксперименттік негіздемесі» атты үшінші тарауда студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысудың бастапқы деңгейі, Батыс Қазақстан жоғары оқу орындарында студенттер спортын жетілдіру әдістері және сонымен қатар дамытудың жолдарын жүзеге асыру тиімділігі критерийлерінің динамикасы қарастырылады.

Қорытындыда зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар берілген.

1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТІК СПОРТ МӘСЕЛЕСІ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ғылыми әдебиеттерде студенттік спорт дамуы мәселесінің зерттеліну деңгейі

Аталмыш тараушада біз ғылыми әдебиеттерде студенттер спортының даму мәселесінің зерттеліну жағдайын қарастыруды жөн көрдік.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында студенттер спортының өзгешеліктерінің арасында арнайы мамандар келесі тәсілдерге назар аударғанын байқадық. Дене тәрбиесі бағытындағы барлық қызмет түрлерінде негізгі орын дене тәрбиесіне берілуі тиіс, әсіресе мектепке дейінгі балалар контингентінде, білім беру типіндегі мектеп оқушылары мен орта кәсіби білім беру (ОКБ) студенттері, студенттік ортаның дұрыс дене даярлығын құру маңызды [23].

Дене даярлығы бойынша жүргізілетін жұмыстар ЖОО спартакиадлар, лига, универсиада сияқты жарыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүзеге асырылып отырады. Білім алушыларды дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тарту жоғары оқу орындары студенттерімен спорт бағытындағы жұмыстары бағытындағы қызметтің басым өлшемі болып табылады [24].

Осы мәселе бойынша ресейлік, қазақстандық және шетелдік зерттеулерді талдап-сараптау келесідей мәліметтерді көрсетті.

В.А. Верховыхтың пікірінше, қазіргі кезеңде университеттік спортты дамыту үдерісі қарқынды дамып келеді. Осы бағытта спорттық, ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізілуде [25].

Е.Г. Тюкалова студенттік спортты жетілдірудің өзекті мәселелері жан-жақсы талқыланды. Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын тұлғалардың белсенділігін арттырудың тиімді тетіктерінің бірі-олимпиадалық жүйе бойынша ұйымдастырылатын жекпе-жек форматындағы жарыстардың тартымдылығы болып табылады. Бұл ретте негізгі басымдылық қандай да бір нәтижеге қол жеткізуге ғана емес қатысушылардың барынша күш жұмсап, жоғары деңгейде белсенділік танытуына беріледі [26].

А.О. Ващук, Д.Е. Медведева студенттердің спорттық дайындық резервінің деңгейі, оны жетілдіру жолдары мен даярлығын қарастырылған болатын. Кейінгі жылдары Ресейде студенттерінің спорты жоқ болды есебі және жетілмеді. Бірақ кейбір жоғары оқу орындарында (ЖОО) оқу-жаттығу сипатындағы процестерді ұйымдастыру тиісті деңгейде қойылды. Бірақ мұндай университеттер аз [27].

А.А. Авладеев ресейдегі студенттер спортының әлеуетін жетілдіру тұжырымдамаларына көңіл бөледі. Спорт салаларын жауапкершілікпен бөлу тұрғысынан алғанда дене тәрбиесі кафедрасы – міндетті оқу пәндерін және ғылыми қызметті білім беру циклі аясында жүзеге асыратын тиімді құрылым болып табылады. Спорт клубтарының негізгі міндеті- спорттық бұқаралық қызметті

ұйымдастыру және ЖОО құрама командаларының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету [28].

А.Б.Габибов, Д.Ю.Карасев ойын бағытындағы спорт түрлері бойынша студенттер командаларын даярлау сапасын жетілдіру ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы шарттар тізбесін студенттер командаларын даярлау бағытын назарға алумен айқындады. Ол қабілеттерімен, жеке бағдарлау көзқарастарымен, мотивациясымен, дене дамуымен, даярлық дәрежесімен және спорттық, үйлесімдік және сауықтыру бағытындағы заманауи оқыту технологияларын қолданумен сипатталады. Әдеттегі қимыл белсенділігімен және оның дамуымен тығыз үйлесімде жүзеге асырылуы керек [29].

Р.А.Агаев студенттер спортын жетілдіруді реттеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық үдерісінің оңтайлылығының басым шаралары ретінде келесілерді анықтады: шешілетін міндеттердің әлеуметтік-тұлғалық сипатын басқаруды орталықтандыруды және орталықсыздандыруды тиімді үйлестіру; студенттер спортын алқалылық, жариялылық ережелері негізінде жетілдіруді реттей отырып, профессорлық-оқытушылық құрамның және ЖОО жаттықтырушыларының қатысуындағы белсенділік болып саналады, оларды енгізу үшін жеке сипаттағы жауапкершілікпен үйлестіре отырып, тұжырымдалған қорытындыларды түсіндіру қажет [30].

Қазақстандық ғалымдардың ішінде Ж.С.Мұхамбет өз еңбегінде келесіге назар аударады: білім алушылардың ағзасын дамыту және тәрбиелеу мәселелерін шешуге қатысты барлық міндеттер жоғары оқу орындарының қабырғаларында жүзеге асырыла бермейді. Осыған байланысты білім алушыларды спортпен шұғылдануға және қимыл-қозғалыс қызметі аз студенттерді жұмыспен қамтудың басқа түрлеріне қатысты баулу белсенділігі баяулайды [31].

С.Ж. Отаралының тек қатысушылардың дене функционалды даярлығының ерекшеліктерін есепке алу негізінде құрылған сауықтыру-жаттығу бағдарламасы білім алушылардың қимыл біліктіліктері мен дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар теориялық білім базасын, өз денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыру бойынша дене шынықтыруға жүктелген барлық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді [32].

Г.Б. Мадиеваның «Физическая культура в высших учебных заведениях» атты монографиясында дене даярлығының мәселелері әр түрлі спорт түрлері бойынша қарастырылған. Спорттық бағдарланған ойындармен айналысатын білім алушылар шапшандықты-күштік сипаттағы даярлық мәндері бойынша анағұрлым жоғары жетістіктерге ие болды. Мұнда қысқа қашықтықтар мен секіру жаттығуларында ең жақсы көрсеткіштер тіркелді. Ол бұл фактілерді дене шынықтыру сабақтарын құруда ескеру қажет деп есептейді [33].

М.М. Старчиков солтүстік өңірдегі жоғары оқу орындарында дене шынықтыру сабақтары негізінде дене қасиеттерін дамыту, қарқынды үрдіс алып келеді. Студенттердің дене мәдениетімен айналысуға итермелейтін ең маңызды уәждерінің бірі сыртқы келбетті жақсартуға деген талпыныс екені анықталды. Бұл ерекшелік

олардың жас кезеңіне тән психологиялық сипаттармен тығыз байланысты. Сонымен қатар, студенттер үшін денсаулықты нығайту, оқытушылармен келіспеушіліктен аулақ болу, стрестік жағдайлардың алдын алу сияқты уәждер де айтарлықтай мәнге ие болып отыр. Алайда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің басым көпшілігі дене мәдениетімен негізінен академиялық талаптарды орындау, яғни оқу бағдарламасы бойынша сынақ немесе баға алу қажеттілігі үшін ғана айналысады. Ал өз бетінше дене шынықтырумен және денені жетілдірумен жүйелі түрде айналысатын студенттердің үлесі 10 пайыздан аспайды. Бұл жағдай студенттердің дене мәдениетіне қатысты жария түрде білдіретін оң көзқарастары мен олардың нақты іс-әрекеттері арасындағы қарама-қайшылықтың бар екенін көрсетеді [34].


Ж.Д.Омарбекова еліміздегі мемлекеттік даму саясатының маңызды бір бағыты ретінде- белсенді инвестициялық саясатты жүргізу; мамандарды даярлау жүйесін жетілдіру, білім беру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту деп нақтылаған [35].

Ш.Н. Қуатбеков, Н.А. Каргапольцева Қазақстан Республикасындағы дене тәрбиесі құрылымын жетілдірудің басты бағдарларын қарастырды. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру құрылымын тиімді қалыптастыру, оң сипаттағы заңдылықтарды бекіту және жетілдіру үшін мынадай талаптарды орындау қажет екенін алға тартты: дене тәрбиесі саласын елдің ұлттық қауіпсіздігін айқындайтын және тұтастай алғанда жеке тұлға мен қоғамның кәсіби маңызды бағытының табыстылығын қалыптастыратын басым фактор ретінде түсіну; этномәдени, психикалық сипаттағы ерекшеліктерді назарға алу; инновациялық сипаттағы оқу орындарын ашуға бағытталған ұлттық білім беруді кадрлық қамтамасыз ету құрылымын құрудың заманауи бағыттары мен әлемдік стандарттарын бекіту, төменде 1 суретте келтірілген [36].

В.Н. Авсиевич, П.А. Дельвер, Г.А. Плахута, Ж.С. Мухамбет Қазақстандағы нормативтік-құқықтық сипаттағы жүзеге асырылатын және құқықтық қамтамасыз етуді қажет ететін қоғамдық пен коммерциялық типтегі ұйымдардың арнайы сипаттағы мемлекеттік мекемелерінің тізімі күйінде сипаттады [37].


Ғалымдардың түрлі елдер студенттерінің дене шынықтыру спорттық сипаттағы іс-әрекеттерін ұйымдастыруды қарастыра келе, 1992 жылы ұлттық ауқымдағы Қазақстанның студенттік спорт одағы құрылғанын, ал 1993 жылдан бастап Қазақстан ЖОО-ның құрама командалары дүниежүзілік сипаттағы универсиадаларға қатыса бастағанын алға тартты. Қазақстанда студенттік спорт өзінің негізгі міндеттерін жүзеге асырмай келеді. Ол жастардың дұрыс өмір салтын қалыптастыруға көмектеспейді, спорттың белсенді жақтастарын дайындамайды, елдің құрама командалары үшін ізбасарлар дайындамайтынына назар аударды [38].

Келесі топ зерттеушілері дене шынықтыру үрдісін негіздемелі жаңғырту мәселесін қарастырады [39].



Сурет 1 – Қазақстан Республикасында дене шынықтыру құрылымын тиімді қалыптастыру жолдары

Ж.М. Есіркепов, С.Ш. Мустафаев, Б.И. Курманбаев, П.О. Орынбасар спорттық бағыттағы менеджерлерінің дене шынықтыру және спорт саласындағы дене даярлығы қасиетін жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтады. Менеджерлердің сенімділігін арттыру ресурстары ретінде мыналар қарастырылады: компьютерлік әдістемелерді меңгеру; шетел тілін терең меңгеру; бухгалтерлік есеп сияқты түрлі пәндерден өту, сурет-2 [40].



Сурет 2 – Спорт саласы менеджерлерінің сенімділігін арттыру ресурстары

Шетелдік мамандардың көзқарастарында мыналар анықталды: Спортшылардағы білім мен спортты үйлестіруі:

А) төрт нақты бағдар бойынша белгілеу:

1) бастамас бұрын оқытудың маңыздылығы;

2) оқу мен спорт арасындағы шамалы артықшылық;

3) білім мен спорт арасындағы табиғи өзара әрекеттесу; білім мен спорт арасындағы маңыздылығын үйлестіру. Спортшылардың белсенді түрі спортты оқытуға ынталандыруды және тұтас психологиялық ләззатты жандандырумен үйлестірілді, спортқа және оқуға деген құштарлықтың қарқындылығы баяулады [41].

Б) жеңіл атлетикамен айналысуға және жаттығуға деген ұмтылыспен қатар спортқа деген қызығушылық позициясы құнды бағыт болып табылады [42].

В) адамдардың келуі, нәтижелілігі мен спорттық сипаттағы жетістіктері арасындағы байланыстың жоғары деңгейі білім алушыларды даярлаудың барлық бағдарлары бойынша белгіленеді. Адамдардың 75 пайыздан астам қатысуы жоғары белгілерді алуға мүмкіндік беретіні айтылды [43]. Спортшылардың ұйымдастырушылық сипаттағы сәттерге бейімделуінің психологиялық сипаты әрекеттердің әртүрлі үлгілерін қайта қарау арқылы жүретінін көрсетеді [44].

Н.И. Грицак студенттік спорт мәселелерін қарастыру барысында оның қоғамның жалпы мәдени жүйесімен өзара байланысына ерекше назар аударылды. Спортты әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде талдау оның құндылықтық құрылымында үш негізгі компоненттің бар екенін көрсетеді: жалпы мәдени, әлеуметтік-психологиялық және ерекше сипаттағы құндылықтар. Аталған компоненттер спорттың, соның ішінде студенттік спорттың әлуетін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Студенттердің дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуы қазіргі заманғы қоғамның маңызды міндеттерін шешуге ықпал жасайды, соның ішінде ауыспалы әрі тансық ортада адамның дене белсенділігі, рухани, сонымен қатар адами тұрғыдан қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Осы процесте білім алушылардың салауатты өмір салтын арттыруға, ЖОО жағдайында спорттық өмірін дамытып жетілдіруге, сонымен қатар жалпы қоғамдағы спорт саласында да оң көз қарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. [45].

Р.В. Минвалеев, Л.В. Шадрин ЖОО студенттік бағытында спортқа зор көңіл бөлді:

1. Студенттік спорттың жүйелі түрде өтіп келе жатырған дене тәрбиесі мен жоғары жетістіктер спорты арасындааралық буын ретінде қаралатыны бойынша шешімі студенттер спорт құрамалары деңгейінде дәл сандық қортындылар бойынша дәлелдеуді талап етеді.

2. Руфье сынақтары қорытындысы анықтағандай, спорттық құрама командарлар ішіндегі білім алушылардың функционалдық күйі әсіресе оқу шеңберіндегі дене тәрбиесі мен ғана тоқталатыны анықалды [46].

С.И. Изаак, С.Е. Шивринская ресейде студенттер арасындағы спорттың өркендеуіне сараптамалар жүргізілді. Ресейде студенттер арасындағы спортты

дамыту мәселелері бойынша «Ресейдегі студенттер одағы», «Спорт клубтар қауымдастығы», сияқты дәрежелері бойынша спорттың даму жолдарын әлеуметтік желілерге енгізу мәселелері қарастырылды. Медиялық талдаулар (негізгі нысандарды қолға ала отырып негізін қалаған ақпараттық желі жүйелерін зерттеу) медиялық бағытта өңірлік, федералдық және халықаралық деңгейіндегі дереккөздерді қолға ала отырып іске асады. БАҚ мониторингілеу және сраптамалар ақпараттарына сәйкес студенттік спорт деңгейінің жоғары көрсеткіші 2013 жылы тіркелген [47].

В.И. Горелкин, Е.В. Муханина Ресейде қазіргі таңда студенттер спортын дамытып жетілдіру қолға алып оның қарқыны күшейе түсті. Әр жыл сайын студенттер спорты беделі күшейіп кеңінен етегін жайып келеді. Ішкі ресей универсиадалары студенттерге жаңа бір серпін беріп жалпы студенттер арасында спортқа деген көз қарасы өзгергендей байқалады. Осының арқасында студенттердің спортқа деген көзқарастарымен ойлары қызығушылық танытып ерекше назар аударды. Осылайша әр түрлі спорт бойынша студенттердің командалары жасақталып небір ресей чемпионаттары мен жарыстары ұйымдастырылып өткізіле бастады.

Жалпы универсиада тек ресей елінде ғана емес күллі әлемнің студенттері арасындағы ерекше спорт әлемі. Спорттық жарыстың төресі Олимпиада ойындарында да басым көпшілігі осы студент спортшылардан құралған. Бұл дегеніміз студенттер кез келген кәсіби спортшылар мен бақталасқа түсе алады деген сөз. Осылайша студенттер қауымы жоғары дәрежелі спортшылар резерві екенін аңғаруға болады [48].

И.А. Журова Соңғы уақытта Ресей мемлекетінде студенттер спортының әл ауқаты және оны өзгерту жүйелері қалыпты түрде талдау жүргізіліп келеді. Жаңартылған заңдар аясында бірінші рет «Студенттер спорты», «ССЛ» ұғымдарына нақты тұжырымдалар берілді. Осылайша ССЛ да бірігіп қарастырылған дене шынықтыру және спорт саласы бойынша субъектілер құрамына қосылып және қоғамдық ұйымдар мен орталықтар дәрежесіне ие болу арқылы өз мүмкіндіктеріне қол жеткізеді. Жаңа заң бойынша ЖОО бөлінетін қаржыландыру көздерін дұрыс студенттер спортының бағытына жұмсалу қадағаланады. Себебі бұл бөлінген қаражатты білім алушыларды қамти отырып бұқаралық спорт, мәдени сауықтыру, әуесқой спорт қызметтерінде жүйелі түрде жұмсалуы керек. Сондықтан ЖОО студенттер спортын қаржыландыру көздерін қайда қалай жұмсалатынын айқындалады [49].

Д.К. Дзюбич, Е.Б. Ольховская Ресейде ЖОО білім алушылар арасындағы спорттың қазіргі таңдағы жай-күйіне ерекше көңіл бөлінуде. Зертеуші ғалымдардың ойынша, студенттер спортына деген көңіл-күйдің қанағаттанарлық деңгейде назар аударылмайтыны байқалуда. Сондықтан ел ішіндегі бұқаралық спорттық шараларға деген ықыластың артуына көп көңіл бөлу қажеттігін айтуда. Осылайша өскелең ұрпақтың дене шынықтыруға деген ынтасын дамытып салауатты өмір салтын қалыптастыру бірінші кезектегі өзекті мәселе деп шешті.

Соңғы мәліметтерге қарағанда қазіргі таңда Ресейде жалпы халықтың дене жаттығулармен шұғылдануы бұрынғыға қарағанда айтарлықтай төмендеген (20% және 60%). Біздің ойымызша, бұл жағдай ЖОО дене шынықтыру сабақтарының орыны маңызды рөл атақаратыны көрсетті. Осылайша дене шынықтыру пәнінің жүктемелерін азайту бұл дұрыс шешім емес екенін көрсетті. Керісінше басқа сабақтардың орнына қосу керек деген шешімге келді [50].

Е.Г. Чикляев, М.С. Бойченко қазіргі кезеңде спортты дамыту мәселелері әр қырынан қарастырылу үстінде. Ресей елінің практикасына назар аударсақ, осы бағытта көптеген оң өзгерістер анықталды. Соның ішінде РФ 2020 жылға дейінгі уақытқа арналған дене тәрбиесімен спортты дамыту жобалары қабылданды. Осылайша құрылған жобалар студенттер спортын дамытуға деген үлкен септігін тигізді. Сонымен қатар, студенттік спортқа тікелей бағытталған арнайы бағдарламалар мен оны іске асыруға жағдай жасайтын бөлімдер қалыптасқан [51].

В.В. Орлова, О.Е. Халалеева студенттік спортты дамыту саласындағы халықаралық сипаттағы байланыстарды жетілдірудің кемшілігін атап көрсетті [52].

Д.С. Зыкина, Е.Ф. Проскурина ЖОО білім алушылар спортын дамытудың жаңаша технологияларын қарастырды. Олар спорттық материалдық құрал жабдықтар мен жоғары деңгейдегі білікті жаттықтырушылар және педагоктардың қажет екенін анықтады [53].

А.А. Цакоев Германия елінің білім алушыларының студенттік спорт дамуының тарихына анықтамалар жүргізді. Германияның ЖОО дене тәрбиесін ұйымдастыру әсіресе студенттердің бос уақытын дұрыс әрі тиімді өткізуге бағытталған шаралар арқылы іске асады. Спортпен шұғылданатын студенттер әртүрлі бағыттағы фитнес, тренажер секілді залдарға барып жаттығады және өздерінің шеберлік білімдерін жетілдіреді. Аңғарғанымыздай Германия студенттер спортты дамытуға мемлекет көлемінде ерекше назарда ұстап көңіл аударатынын аңғартады. Небір министірлік тарапынан көрсетілген қолдаулар осы саланың жетіліп дамуына оң әсерін тигізеді. Қазіргі таңда студенттер спортын дамытуға деген қаржылық көзқарас әліде мемлекет тарапынан екенін көрсетті [54].

В.А. Леднев, Ресейде ЖОО студенттері арасындағы спорттың дамуына айтарлықтай мән берілді. Осы бағыттағы спортты дамыту бойынша негізгі мәселелер анықталды. Соның ішінде арнайы спорттық ұйымдар, клубтар, орталықтар жұмыстарын құқықтық негізде қарастырып, аталған орталықтардың мүшелеріне бір ізділік жүйе қалыптастыру екендігі қарастырылады. Осылайша спорттық клубтар мен орталықтар құрып олардың жұмыс жасау әрекетін тиімді дамытып заң жүзінде енгізу болып табылады. Осылай әрбір білім беру мекемелері өздерінің дербес спорттық клубтарының жобаларын дайындау тиіс [55].

Келесі кезекте біз қарастырылған еңбектерге сүйене отырып, бірнеше мемлекет негізінде студенттік спорт дамуының ерекшеліктерін анықтадық, кесте -1.

Кесте 1- Студенттік спорт дамуының ерекшеліктері

№	Мемлекет	Сипаттамасы
1	Ресей Федерациясы	Ресей Федерациясында спортты дамыту бойынша 2020 жылға дейін дене шынықтыру мен спортты дамытуға әр түрлі бағдарламалар дайындалып мемлекеттік стратегиялық жоспарлар құрылған болатын. Соның ішінде «Студенттік спорт», «Студенттер спорт одағы», «Студенттердің спорт клубтар қауымдастығы» сияқты ұйымдарды әлеуметтік желілер арқылы әлем кеңістіктеріне енгізу т.с.с.
2	Германия	Германия елі бойынша ЖОО студенттері үшін дене шынықтыру бұл олардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін жоспарланған іс шаралар. ЖОО студенттері өздерінің денсаулығын шыңдау үшін немесе арнайы бір спортпен шұғылданып шетелдіру үшін арнайы спорттық клубтар мен фитнес залдар мен тренажерларда айналысады. Осылай студент жастарға мемлекет министірлік тарапынан әрдайым қаржылай қолдау көрсетіліп отырады.
3	Беларусь Республикасы	Мемлекеттік жастар саясатының стратегиялық бағыты ретінде Беларусь Республикасында студенттік спортты дамытудың және білім беру жүйесінде дене шынықтыруды модернизациялау процесі бойынша мемлекеттік шаралар кешені әзірленген. «Беларусь Республикасында 2021-2024 жылдарға арналған студенттік спорты дамыту бағдарламасы» бекітіліп, қабылданған. Бағдарламаның басты мақсаты ұлттық студенттік спортты дамыту (Беларусь Республикасы Білім министрлігінің 01.03.2021 ж. №38 қаулысы).

Я.Б. Гришин, А.Д. Сүлейманов ЖОО білім алушыларының арнайы спорт клубтар арқылы салауатты өмір салтының ерекшеліктерін дәлелдеді. Арнайы спорттық клубтардың қызметтері жеке адамдардың спортпен айналысуға қызығушылығын арттыруға бағытталған. Яғни студенттердің спортта дамуын әртүрлі жолдар арқылы қолдау білдіріп, жақсы көрсеткіштер көрсетіп жүрген студенттерді университет ішінде неше түрлі жолдар арқылы көтермелейді [56].

М.В. Борисова, Э.Ю. Соколова Экономикалық ЖОО білім алушыларының дене тәрбиесі және спорттық белсенділігі мен олардың қабілетті деңгейіне кешенді

талдау жүргізілген болатын. Студент спортшылардың дене жұмыс жасау қабілеттілігін дамыту немесе арттыру үшін арнайы бір әдістемелік тәсілдер қолдану арқылы іске асыруға мүмкіндік береді. Соның ішінде студенттерге денедегі анатомиялық физиологиялық ғылыми тұрғыда анықталған мағұлматтарды ескеріп ұсыну маңызды. Сонымен қатар адамның қызығушылық көңіл-күйін спортқа деген көзқарасын мотивациялық әдістерді қалыптастыру маңызды. Одан басқа, білім алушылардың жынысын, жас ерекшеліктерін, рухани құндылығын, мәдени және басқада факторларды ескеріп, дене тәрбиесімен және спорт саласындағы қызығушылықтарын әр дайын ынталандырып дене белсенділігін арттырудың маңыздылығының көздері екендігі анықталады [57].

Е.А. Изотов қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орындарындағы спорттық проблемаларын мән жағдайын қарастырды:

1. Білім беру ұйымдарында спортты жетілдіру дұрыс іс-шара болып табылады;
2. Ден тәрбиесі көптеген мемлекеттерде ұлттық білім беру жүйесі негізгі бағыттаушылардың бірі ретінде айқындалып қарастырылады;
3. Ұлттық негіздегі студенттер спортының орталқтары жоғары дәрежедегі атақтарға ие болу соны мен қатар олардың дене шынықтыру саласында уәкілетті органдар мен байланыстыру;
4. Білім орталықтарында құқықтық-нормативтік негізде дене тәрбиесімен спортты жетілдіру мекеме базалардың болуы;
5. Спортқа бет бұрушы ортаға арналған заманауи құрал-жабдықтар мен қазырғы жаңартылған базалардың болуы;
6. Елдегі студентер арасындағы жарыстарды жоспарлап өткізумен студенттердің халықаралық деңгейдегі сайстарға қатысу құрылымдары қарастырылған;
7. ЖОО дене шынықтыру мен спортты дамытып жетілдіру ақпараттық технологияларды қолдана отырып әлеуметтік желілерге шығару;
8. Елдің беделін арттыру мақсатында басқарушы деңгейдегі білім алушы студенттерді халықаралық спорт ферациялары ұжымдарына белгілі бір спорттық клубтарға тарту арқылы белсенді халықаралық деңгейде қызмет жүргізу маңызды бағыттардың бірі болып табылады. [58].

Осылайша, диссертацияның осы бөліміндегі мәліметтер негізінде келесідей қорытынды жасалды. Спорттың әр түрі бойынша құрама командаларды дайындауға спорттық клуб қызметкерлері мен жаттықтырушылары жауапты болады. Студенттерді дене шынықтыру сабақтарына деген қызығушылығын ояту басты көрсеткіш ретінде қарастырылады.

Ресейде қабылданған жаңа «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы студенттік спортты қаржыландыруға барынша мол мүмкіндік береді. Дегенмен, студенттік спорттың дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелердің бірі – Қазақстандық командалардың халықаралық федерацияларда жеткілікті деңгейде танылмауы және осы саладағы құқықтық қамтамасыз етудің әлсіздігі. Қазіргі

кезеңде жоғары оқу орындарында спорт түрлері бойынша студенттік лигалар құрылып, олардың жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылуда.

1.2 Жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорттың даму ерекшеліктері

Ғылыми әдебиеттердің талдауы көрсеткендей, университетте спорттық даярлықты ұйымдастыру мен жобалау ерекшеліктеріне мыналар кірді.

В.С. Симоненковтің есептеуі бойынша жоғары оқу орнында спорттық бағыттағы дайындықты ұйымдастыру мен жобалаудың келесі негізгі элементтері ерекшеленеді. Спорттық жарыстарды жобалау барысында оқу орнының білім беру миссиясы, жоғарғы деңгейдегі спорт комитеті жүзеге асыратын жарыстардың мерзімі мен сипаты, басым спорт түрлері бойынша төрешілер саны, оқу-материалдық базаның қолжетімділігі, спортшылардың даярлық деңгейі, климаттық жағдайлар және басқа да маңызды факторлар ескеріледі [59].

Х.А. Сафоев бойынша зерттеулер көрсеткендей, жылдық жоспарды әзірлеу барысында қойылған міндеттер мен жылдық нұсқауларға сәйкес оны бір кезеңді, екі кезеңді немесе көп кезеңді түрде жүзеге асыруға болады. Бір кезеңділікті жоспарлау бір даярлық кезеңін, бір жарысты және цикл соңында өтпелі кезеңді қамтиды. Екі кезеңнен тұратын жоспарлау жүйесі өтпелі кезеңнің бар екенін ескере отырып құрылады. Әсіресе осы тәсіл, сайыстар арасында екі немесе оданда көп айырмашылығы болған жағдайларда ғана қолданылады. Енді бір реттік жоспарда, керсінше болады, жылдың соңғы жағына қарай бағыттталып іске асырылады. Біздің пікірімізше мұндай әдіс жүктемені тиімді бөлуге мүмкіндік жасайды. Жылына 2-3 немесе оданда көп бірнеше жарыс өткізілетін болса, онда бірнеше кезеңді жоспарлау жүйесін қолдану орынды болып есептелінеді. Бұндай жағдайларда жарыстар арасында демалу кем дегенде бір айдан асу қажет [60].

Н.В. Южакованың, Е.П. Удалованың пікірінше университетте фитнес бағытындағы секцияларын енгізуді әлсіретіп тежейтін басым бағыттарды айқындап, оған себепші факторларға сипаттама беру қажет. Бұл жерде жыныстық ерекшеліктердің ескерілуі де маңызды болып қарастырылады [61].


Т.С. Гришина жаттығу үдерісіндегі циклдік құрылымдар жүйесі мен даярлық кезеңдерінің басымдылығы сипатталды. Белгілі бір уақыт аралығында қайталанып отыратын жаттығу циклдерінің осындай бірізді ұйымдастырылуы жаттығу теориясының негізгі құрылымдық элементтерінің бірі болып табылады. Бұл иерархиялық жүйеде жоғары деңгейдегі буын ретінде төрт жылдық олимпиадалық цикл қарастырылады, ол жоғары жетістіктер спорт саласындағы өзге де маңызды оқиғалармен өзара байланыстырылады. Келесі деңгей макроциклдермен сипатталады. Макроцикл, әдетте, бір жылдық мерзімді қамтиды, алайда кейбір жағдайларда оның ұзақтығы алты айға дейін немесе одан да ұзақ кезеңдерге өзгертілуі мүмкін. Мұндай вариативтілік жылдық цикл құрылымының икемділігін көрсетеді және кезеңдей қағидаттарының бейімделмелі сипатын айқындайды.

Макроциклдер өз кезегінде жекелеген жаттығу кезеңдеріне бөлінеді. Даярлық кезеңі дәстүрлі теорияда жетекші орын алады, себебі ол макроциклді екі негізгі бөлікке ажыратады: біріншісі – жалпы дайындыққа бағытталған алдын ала кезең (даярлық кезең), екіншісі – арнайы дайындық пен жарысқа тікелей қатысуды көздейтін кезең (жарыстың кезең) [62].

В.В. Тимошенко, Я.В. Бобылева спорттық бағдарланған сипаттағы технологияларды енгізу арқылы ЖОО дене тәрбиесі жүйесінің тиімділігі оның құрамына кіретін құрылымдық компоненттердің басымдығына тәуелді екендігі анықталды. Бұл компоненттерге оқыту мақсаты және диагностикалық тұрғыда алдын ала белгілі-бір нәтижелер; білім берудегі мазмұны; диагностикалық құралдар және оқу нәтижелерінің күйін мониторингтеу жүйелері; оқытудың әдістері; оқытудың ұйымдастыру формалары сонымен қатар оқыту құралдары жатады. Қорытынды нәтиже ретінде білім беру мен кісіби даярлығына қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылады. Дене тәрбиесін ұйымдастыру жүйесінде инновациялық технологияларды қолданып студенттердің дене жаттығуларына деген ынталарын арттырады, яғни бұл сабақ кезінде ғана емес сонымен қатар сабақтан тыс уақытта дене тәрбиесіне деген белсенділігін арттырады.[63].

И.Ф. Межман студенттердің спорттық даярлығын психологиялық тұрғыдан бағдарлау арқылы олардың теориялық жағынан анықтау. Сонымен қатар, спорт түрін жетілдіру механизмдерінде психологиялық бірқатар талаптарды сақтау қажеттілігі айқындалды. Атап айтқанда, спорттық даярлық үдерісінде білім алушылардың мотивациялық саласын қалыптастыру, олардың ерік-жігерін қасиеттерін дамыту, эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету және стресс жағдайларына бейімделу қабілетін жетілдіру маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, жаттығу және жарыс қызметінде психологиялық қолдаудың жүйелі ұйымдастырылуы, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, мақсат қою және оған жету стратегияларын меңгерту спорттық нәтижелердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осы тұрғыда психологиялық қамтамасыз ету спорттық даярлықтың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, сурет-3:



Сурет 3 – Спорт түрін жетілдіру механизмінде психологиялық сипаттағы талаптар

1. Танымдық үдерістерге жататын барлық психологиялық механизмдердің (қабылдау, ойлау және т.б.) белсенділік деңгейін арттыру.
2. Адам назарының негізгі қасиеттерін мақсатты түрде ынталандырып дамыту.
3. Еріктік реттеу тетіктерін күшейту және күш жігерін саналы түрде іске қосу қабілетін дамыту.
4. Спортқа деген ынтасын дамытып мотивациялық тұрғыдан тұрақтандыру.
5. Интеллектуалды-танымдық, моральдық-этикалық және эстетикалық-рухани сипаттағы жоғары деңгейлі сезімдік құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастыру және дамыту үдерісін жүзеге асыру.
6. Спортшылардың жеке-дара ерекшеліктеріне барынша үйлесетін және оның жұмыс қабілеттілігіне тиімді пайдалануға жағдай жасайтын спорттық қызметтің дербес сытилін қалыптастыру.
7. Қадағалау құралдарын ескере отырып қолдану және ағымдағы нәтижелерді есепке алу.

Психологиялық тұрғыдан спорттың дамуына осы аталған талаптар міндетті болып келеді, және де бұл жеке адамның спорттағы ерекшелігі мен айқындалып сипатталады [64].

Д.А. Родькин, Е. М. Колпакова дене шынықтыру мен спорт саласындағы инновациялық сипаттағы жаттығу технологияларының тиімділігі эмпирикалық және ториялық тұрғыдан негізделді. Соңғы жылдардағы ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді кешенді түрде қолдану спорттық ұйымдарда басқарушылық-әкімшілік үдерістерді автоматтандыруға және жаттығу жүйесінің функционалдық динамикасын жандандыруға мүмкіндік берді. Осы контексте интегративтік құрылымдардың бірі ретінде «ИСИС спорт» сандық талдамалық платформасы айқындалды.

Аталған жүйе оқу-жаттығу циклін толық қамтитын интеграциаланған енгізуді ұйымдастыру мен қадағалауға, жаттығу үдерістерін көпдеңгейлі талдаудан өткізуге, сондай-ақ орындалған міндеттердің сапалық-сандық параметрлерін бағалауға жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде педагог-жаттықтырушылар мен спортшылардың жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Авторлар Сочи – 2014 қысқы Олимпиада ойындарына спортшыларды даярлау барысында енгізілген инновациялық цифрлық тәсілдер мен ғылыми-интегративтік идеялардың тиімділігін ерекше атап өтті [65].

А.В. Фурсов дене шынықтыру және педагогикасы шеңберінде оқу-жаттығу процесінің тиімділігіне ғылыми негіздеме берілген. Ашық мағынасында қарастырсақ, оқу-жаттығу жүйесі тынымсыз білім беруге бағытталған, дене шынықтыру және спорт саласында әртүрлі құралдар мен мүмкіншіліктерді пайдалана отырып спорттық жетістіктерді дамытатын ағымдар. Сонымен қоса осы істі спорт арқылы адамның жан-жақты жетілуіне ықпал етіп, оның сапалық деңгейін дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ өзін-өзі басқару мен ұйымдастырудың педагогикалық тұрғыдан тиімді нәтижесі [66].

Н.Н. Гусарова қарапайым және күрделі типтердің білім алушылардың шапшаңдық қабілеттерін жетілдіру түрлерінің дәрежесіне байланысты жаттығу механизмін дамытуды алға тартты. Іске асыру кезінде автор әдістемелік әдіс-тәсілдерді пайдалануды ұсынады:

А) студенттердің дене дайындық деңгейін анықтау, сонымен қатар олардың бастапқы жылдамдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған жаттығу түрлерін ішінара үйлестіріп және 100 м жүгіру қортындысының нәтижелігін талдау.

Б) жеке адамның дене бөліктерінің қимылдарды орындау барысындағы өзара байланысын анықтау білім алушылардың қимыл-қозғалыс аралығының мүмкіндігі мен оның өзгеру динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді. Осылай біздің пайымдауымызша мұндай зерттеулер өте маңызды және ақпараттық көрсеткіштерді нақтылауға негіз бола алады.

В) жеке адамның денесінің жекелеген элементтерінің қозғалыстарды іске асыру қорытындылары мен 100 метрге жүгірудегі көрсеткіштер аралығындағы

сәйкестендіруді анықтау айқындау. Бұл жаттығу сипатындағы жүктеме мөлшерін бақылау үшін ең ақпараттық деректерді, сондай-ақ жаттығулар кезінде қолданылатын дене шынықтыру құралдары мен дене жаттығуларын жүзеге асырудың әртүрлі режимдерінің нәтижесін нақтылауға ықпал етеді. [67].

Т.М. Соколова, А.О. Лешин «Дене шынықтыру және спорт бойынша элективті курстар» пәнінің ауқымында техникалық бейіндегі ЖОО студенттерімен оқу механизмі жүйесіндегі фитнес сабақтарының бейімделуін қарастырды. Бір оқу сабағының құрылымына келесі жайттар кіреді:

1. Би сипатындағы бой қыздыру 7-10 мин.
2. Жеке бұлшықеттер тобына арналған күш түріндегі тапсырмалар тұру, отыру немесе жату жағдайында жүзеге асырылады.
3. Тыныс алу және созылу жаттығулары.

Фитнес залдардағы жеке бағдарланған жаттығу формаларымен салыстырғанда, университет жағдайындағы топтық сабақтардың ерекшелігі күштік дайындық жаттығуларының бір оқу сессиясы шеңберінде барлық бұлшық ет топтарын кешенді түрде қамтумен сипатталады. Мұндай тәсіл жүктеме қарқындылығының салыстырмалы түрде төмендеуіне және жаттығу үдерісінің энергетикалық шығын тұрғысынан аз интенсивті болуына әкелгенмен, білім алушылардың бұлшықет жүйесіне теңгерімді әрі біркелкі жүктеме түсіруін қамтамасыз етеді, бұл ұзақ мерзімді болашақта күштік қабілеттерді жетілдіру динамикасына оң әсер етеді [68].

Е.С. Крючек, Т.С. Ковшура бейінді емес сипаттағы ЖОО студенттерінің спорттық аэробикасы бойынша оқу-жаттығу механизмінің ерекшелігін дәлелдеді. Өтпелі кезеңнің бір бөлігі емтихан сессиясына немесе демалысқа барабар екендігі білім алушылардың жаттығу механизміне тән ерекшелік ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда білім алушылар одан бір бөлігі ғана оқу сипатындағы жүктемені ескере отырып, сараланған кесте бойынша жаттығады. Білім алушылардың 20 бөлігі аптасына сабақ көлемін қысқартады, ал 70 пайызы жаттығу қызметін мүлдем тоқтатады. Нәтижесінде жаттығу үдерісінің құрылымдық сипаты бұзылып, олардың реттілігі әлсірейді. Осылай жылдық макроциклдің екінші сатысы басталған кешде ең алдымен спортшылардың белгілі бір дайындық деңгейін қайта қалпына келтіру қажеттілігі туындайды [69].

Т.Э. Набиев топтық типтегі спорт түрі бойынша спорттық шеберлік топтарында жаттығу жүйесін ұйымдастыруға өз көзқарасын білдірді. Спорттық сабақтардың топтық түрін өткізу нысанында жаттығу тетігінде бәсекелестік сипаттағы микроклиматты қалыптастыру, тапсырмаларды іске асыру кезінде білім алушыларға өзара көмек көрсету үшін қолайлы жағдайлар бар. Сараланған нысанда білім алушылар тапсырманы алады және оны өздері жүзеге асырады, бұл ретте жеке сипаттағы жүктемені мөлшерлеу, білім алушының дербестігін тәрбиелеу, жаттығуға шығармашылық үлгідегі тәсіл үшін тиімді мән-жайлар сақталады. Бұл жағдайда жаттықтырушы топтың жалпы реттеуін және әр оқушыға сараланған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Мұнда да іс-әрекет түрінің компоненті әр

студентке жүктемені таңдау кезінде мұғалімнің педагогикалық бейінінің барлық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді [70].

А.А. Харламов студенттер арасында футбол командаларына жылдық макроциклдық жүйесін жүзеге асыруды ойластырды. Ол емтихан сессиясы мен демалыстың кәсіби түрін оқыту кестесіне байланысты дайындық, бәсекелестік және өтпелі кезеңдерді жүйелі түрде жан-жақты жобалауға негізделген. Жалпы және арнайы даярлық бағытындағы микроциклдермен қатар, аймақтық деңгейдегі жарыстарға дайындықты қамтамасыз ететін жетекші сипаттағы микроциклдер де қарастырылады. Бәсекелестік мазмұндағы алғашқы микроцикл аймақтық ауқымдағы спорттық сайыстарға тікелей қатысуды қамтиды. Қалпына келтіруші микроцикл оқу-жаттығу жүктемесін оңтайландыруға және қысқы аралық кезеңде ағзаның функционалдық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған сипатта ұйымдастырылады. Бәсекелестік типтегі екінші микроцикл аймақтық сонымен қатар финалдық қортындысында студенттер лигасының сайыстарына қатысуды қамтиды [71].

А. Нестерова жаттығу үдерісінің кезеңдік құрылымын негіздеу спорттық дайындық жүйесіндегі циклдік ұйымдастыру қағидаттарын айқындады. «Класикалық» немесе «сызықтық» типтегі кезеңдеу моделі бірнеше жоспарланған кезеңдер аясында орындалатын жаттығу жүктемелерінің көлемі мен қарқындылығының дифференциасына негізделеді. Жаттығу бағдарламасы құрылымдық тұрғыдан жекелеген кезеңдерге жіктеліп, олардың әрқайсысының ұзақтығы алдын ала белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалады. Он екі айлық жылдық құрылым әдетте екі немесе одан да көп мезоциклден тұратын макроцикл ретінде қарастырылады, мұнда әрбір мезоцикл шамамен үш-төрт айлық уақыт аралығын қамтиды. Олар өз кезегінде әрқайсысы 1-4 апта болатын микроциклдерге бөлінеді. Сызықтық емес типтегі кезеңделудің басым идеясы – жүктеменің көлемі мен жүктеме өте жиі өзгереді [72].

И.А. Кошбахтиев, Д.К. Исмагилов, О.Р. Атаев гуманитарлық бейіндегі ЖОО білім алушыларының дене тәрбиесі бойынша білім беру механизмінің тиімділігін негіздеді. ЖОО оқу-танымдық қызметтің негізгі субектілерін қамтитын, оңтайлы ұйымдастырылған педагогикалық механизмді іске асыру аясында педагогикалық-инновациялық сипаттағы шешімдердің бірқатар үлгілерін атап көрсетуге болады: оқытушы мен студентті үйлестіру негізінде ынтымақтастықта оқыту; білім алушылардың көркемөнерпаздарына сүйену негізінде педагогикалық көмек қағидаты бойынша білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу; акмеологиялық типтегі көзқарас тұрғысынан оқыту механизмін доминантты бағдар ретінде жетілдіру - бұл студенттердің жетістікке жету қызығушылығы [73].

Н.С. Носова университет студенттерінің дене даярлығын жетілдіру әдістемесін негіздеді. Би-күштік сипаттағы аэробиканы енгізе отырып, оқу-жаттығу механизмін басым ұйымдастыруда келесі белгілер болды. Аэробика құралдарының реттілігі (серуендеу, жүгіру және т.б.) жергілікті типтің белгілі бір бұлшықет топтарына әсер етуінің күштік сипатындағы тапсырмалармен; жүктеме көлемі - аптасына төрт

сағат; қимыл-қозғалыс бағдарларының өзгергіштігі; бірнеше сипаттағы қайталану жағдайын пайдалану; реттелетін типтегі жаттығу әдісі [74].

В.А. Хлебников спорттағы техникалық сипаттағы даярлықтың басым ережелерін негіздеді. Техникалық сипаттағы даярлықтың оңтайлылығының ең жалпы өлшемі - бұл нақты сипаттағы спорттық нәтиже мен спортшының барлық күштерін толық қолдана отырып, қол жеткізе алатын есептік нәтиже арасындағы айырмашылық. Спортшы өзінің қимыл әлеуетін қаншалықты толық пайдаланса, соғұрлым оның техникасы жетілдірілетіні анық [75].

Ю.В. Верхошанский спорттық сипаттағы даярлық теориясы мен әдістемесін ұсынады. Жоғары деңгейлі бөлім типті спортшыларды оқыту жүйесі. Бөлімді типтегі жүйе жүрек-қан тамырлары жүйесінің шамадан тыс жүктелу ықтималдығының жеткілікті төмендеуін білдіреді. Жаттығу сипатының әсері жаттығуға белгілі бір алгоритм бойынша енгізіледі, ол, ең алдымен, кардиореспираторлық жүйенің бейімделу түрінің функционалдық реакцияларын жетілдірудің гетерохронды және өзара байланысты сипатына, екіншіден, жаттығуға қарқындылықтың жоғарылау құралдарын біртіндеп енгізуге негізделген. Бірінші шарт жүрек көлемінің ұлғаюын білдіреді, бұл процес жүрек қуыстарының кеңеюмен бірге жүреді. Біздің ойымзша, бұндай өзгерістер организмнің бейімделу мүмкіндіктерін жетілдіруде маңызды өл атқарады.

Екінші шарт - ағзаның белсенділік тәртібін күшейту арнайы сипаттағы дене шынықтыру құралдарынан басталады [76].

В.Н. Константинов көңіл-күйдің әдістемелік сипатының негіздерін және практикалық атуда жаттығу механизмін ұйымдастыруды дәлелдеді. Жаттығу механизмін құрудың негізгі ерекшелігі келесідей. Бұл ғылыми негізделген сипаттағы жаттығу құралдарын жан-жақты пайдалану, іс жүзінде атудың «ұзақ» тапсырмаларының бәсекелестік сипатының жағдайларын модельдеумен жаттығу тапсырмаларын қолдану, сондай-ақ ату алдында денелік және психикалық бағыттағы жүктемелердің таңқаларлық сипаты факторлары негізінде. Бақылау ату көлемінің ұлғаюымен бәсекелестік типтегі мезоциклде арнайы денелік және тактикалық-техникалық даярлық бойынша жаттығу сипатындағы жүктемелердің қарқындылығын біртіндеп арттыру. Даярлықтың басым әдістері қатаң реттелген жаттығулар, ішінара реттелген тапсырмалар, «бос» ату және «дәлдікке» ату болып саналады [77].

Осы тұста ЖОО студенттік спортты даму жағдайында басқару мәселесін қарастырсақ. Студенттер спортын ЖОО жағдайында жетілдіру басқармасында мамандар келесі салаларды атап өтті. Студенттер спортын дамытудағы құрылымдық тиімділігін арттырудағы негізгі бағыттары ретінде студенттік спортты жетілдірудің әлеуметтік-тұлғалық аспектілерін басқаруда орталықтандыру мен орталықсыздандыру тетіктерінің өзара оңтайлы үйлесімін қамтамасыз ету, сондай-ақ шешілетін міндеттердің мақсаттық бағдарламаларына сәйкес басқару жүйесін икемді ұйымдастыру қарастырылады [78].

В.И. Григорьев, А.В. Таймазов, Ю.К. Шубин алдағы кластерлік деңгейдегі ұйымдастырушылық реттемелерді іске асыру қажеттілігі айқындалады: мемлекеттік типологияға негізделген модель Ресей студенттік спорт құрылымын тиімді басқаруды қамтамасыз етуде кафедра ішілік спорт клубы алгоритмдік тәсіліне балама ретінде қарастырылады. Осы контекстте спорттық бейіндік клуб ұсынылып отырған модель шеңберінде саланың инновациялық дамуын әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін нұсқаулық бағдар беруші институт деңгейіне трансформацияланады [79].

В.П. Демештің, В.А. Чугунованың тұжырымдауынша дене тәрбиесі кафедрасы мен спорт клубтар арасында өзара ықпалдастықтың басым бағыты студенттік спортты дамыту тиімділігін арттырумен айқындалады. Бұл модельдің негізгі ерекшелігі студенттерді белсенді оқу-жаттығу үдерісіне және бәсекелестік сипаттағы спорттық қызметке жүйелі түрде тарту болып табылады. Спорт клуб пен дене тәрбиесі кафедрасы студенттері спортты дамыту мәселелеріндегі үйлесімді әрі кешенді бірлескен қызметі оқытудың алғашқы курстарынан бастап білім алушыларды спорттық қозғалыстың белсенді субъектілеріне айналдыратын, спорттық бағдарланған білім беру кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді [80].

О.А. Голубева Ресей Федерациясында студенттер спорттын дамыту мәселелерінде, оның ішінде реттеуші мазмұны мен қызмет нәтижелеріне (ММТУ тәжірибесі негізінде) кешенді талдау жасалды. Студенттер спорты ел деңгейіндегі саясаттың бір бөлігі болып табылады. Бұл мекемелер білім беру жүйесінде үлкен жетекші рөл атқарады, өйткені осы қоғамда студенттер спорты қалыптастырылып, әртүрлі спорттық секциялар мен жарыстар сонымен қатар оқу-жаттығу топтарына деген демеушілік көрсетуге ықпалдасып отырады. Яғни бұл дегеніміз студент жастардың жүйелі түрде спортпен шұғылдануына деген ынталарын арттырып, осылайша жергілікті спорт мекемелері және спорттық клубтармен тиімді тығыз байланысты жұмыс атқарылады [81].

В.П. Сущенко, В.А. Щеголев студент жастардың спортқа деген қызығушылық жігерінің кешендік жобалары зерттеліп анықталды. Осы жобада спорттық оқу-жаттығу процестерін кәсіби тұрғыдан жетілдіріп дамыту үшін болашақ білікті кадрлардың қажет ететін негізгі факторлары айқындалды. Яғни бұндай спорттық жағдайларда тез әрекет ету ой өрісінің жылдамдығы, болжау, аяқ асты шешімдер қабылдау сияқты мүмкіндіктері жатады. Жұмыс барысының жүйелілігін қамтамасыз ететін студенттік спортты дамытып жетілдіру, үйлесімді ұйымдастыру жүйелерін қарастыруға сенім болад. Осы аталған ұйымдастырушы интерактивті болжау факторларынан құралады. Қарастырылып отырған жобаларды анықтау, студенттер спортының даму жүйесін және өз мамандарының білікті кәсіби шеберліктерін, бектілген немесе жоспарланған спорттық іс-шараларды ұйымдастыру дағдылары мен біліктілігі мүмкіндіктерін көрсетті [82].

Н.А. Мальцева, Ф.В. Салугин, И.А. Бикмаев, М.Х. Спатаева, Л.Г. Пушкарева, Т.В. Салугина жоғары білім беру мекемелерінде студенттер спортын ұйымдастырумен теориялық негіздері анықталған. РФ-да 2023 жылға дейінгі

спортпен дене шынықтыруды дамытып жетілдіру стратегиясы қолға алынған болатын, осы мемлекеттік қоғамдық саяси шеңберінде жоспарланған бағдарламалар жолдарын тиімді пайдалану, сонымен қатар спорттық инфрақұрылымдарды жетілдіру және мекемелер арқылы жүзеге асатын мәселелердің негізгі бағыттары болып қарастырылған. Және сонымен қатар білім алушыларға материалдық құрал жабдықтарды қалыптастырып оның студент жастардың игілігіне қызмет етуге соны мен қатар білім алушылардың бұқаралық спортқа деген ынтасы мен қызығушылығына деген ынтасын ояту бұл маңызды іс болып табылады [83].

А.А. Пешков, Н.В. Пешкова қазіргі жоғары мектептің білім алушылар спортын дамытуды басқару құрылымын жоспарлауды талқылады. Жоғары мектепте «Жоғары жетістікті спорт» бағытын енгізу тәрізді міндеттер легін шешуді көздейді. Жоғары кәсіби деңгейдегі спорт бұл тәсіл зерттеу деректерімен салыстыра отырып, негізделген нәтижелер жасауға толық мүмкіндік береді, мектепте оқу үдерісі мен спорттың белсенді бағытындағы сабақтарды байланыстыру үшін мәліметтер қалыптастырылады [84].

А.С. Ходотчук, А.И. Белов білім алушылардың дене шынықтыруына ғылыми талдау жасады. Олар студенттердің дене шынықтыру түріндегі жұмыстың бағдарлары мен мақсаттарының сипатын айқындай келе, қажеттіліктердің көптеген топтарын көрсеткен болатын. Спорт бейіндерінің қажеттіліктері. Олар ұжымдастық, спорт бағытындағы мақсат қызығушылықтарымен сипатымен анықталады. Осы қажеттіліктер спорттық бағыттағы - бәсекеге қабілетті істер және оларға әзірлік, оқу-жаттығу бағытындағы оқытулар мен қайта-қалпына келтіру бағытындағы жарыстардың барлық ерекшеліктері бар шаралар секілді дене шынықтырудың осы түрін көрсетеді. Жұмыстардың аусуымен, белсенді табиғи демалу арқылы үйлестірілген рекреациялық типіндегі жұмыстар қажет етеді. Денеге берілетін жүстемелер түрін жеңілдету, спорт бағытындағы ойын әдістерін және көрсетілген ережелерін спортшыларға ыңғайлы болатындай етіп түсіндіре отырып орындаған жөн. Олардың негізгі маңызды мақсаттары – денсаулықты нығайту, денені жетілдіру, әдемі антропометриялық дене қалпы. Бұл топтағы студенттердің дене шынықтыруға деген қызығушылығында айтарлықтай бәсекелестік жағы басым болып келеді. Біздің ойымызша, мұндай үрдіс олардың спорт бағытындағы қажетті міндеттермен талаптар айырмашылықтарын анықтайды [85].

И.А. Кошбахтиев, Д.К. Исмагилов спортқа бағдарланған түрдегі әдіс механизмінде спортты білім алушылардың дене тәрбиесі құрылымын біріктіруге аса мән берді. Бірлестікті типті дайындаудың негізгі құралы бәсекелестік типтегі жаттығуларды, соның ішінде, екі жақты, жолдастық бағыттағы мини-футбол ойындарын енгізуді атап айтамыз. Бірлестікті типті әзірлеуді орындау мақсатында функционалдық сипаттағы жүйелердің мазмұны мен аспектілері негізінде бәсекелестікке көбінесе сәйкес келетін арнайы әзірленген бағыттағы жаттығуларға үстемдік беріледі. Ұжымдық типтегі әзірлеудің оңтайлылығын бәсекелестік


типтегі жұмысты жеңілдететін немесе жеделдететін әдістемелік бағыттағы әр түрлі әдістерді енгізу арқылы көбейтуге болады: алаңдағы қатысушылар санын кеміту немесе көбейту, алаңдардың ауқымын азайту немесе алаң көлемін кеңіту [86].

Е.С. Дубкова, Л.Г. Гардагина жоғары мектеп білім алушыларының спорттық тобын басқарудың психологиялық-педагогикалық аспектісінің көлемін көрсетті. Білім алушы үшін жоғары мектепте спортпен айналысу оның негізгі қызметіне кірмейді, сол себепті де бапкердің жеке басы білім алушыны спортпен айналысуға икемдеуде және жоғары мектепте білім алу уақытында спорттық бағыттағы қызметін арттыруда зор рөл атқарады. Бапкермен қарым-қатынас білім алушылардың спорттық бағытының көрсеткіштеріне ғана емес, сондай-ақ білім алушының университет құрама командасына қатысуына да оң әсер етеді. Білім алушылар мұндай үйлестіруді жаттықтырушымен ең пайдалы қарым-қатынас деп есептейді, ол жаттықтырушыны спорттық бағыттағы кәсібін арттыруға ғана емес, оны әркез демейтін кәсіби ұстаз ретінде бағалайды [87].

Н.Л. Савосина, М.Н. Савосина дене шынықтыру формасындағы университеттерде спорттық сипаттағы әрекетті тиімді үйлестіру аспектілерін негіздеді, оларға: бұл бағытта нормативтік-құқықтық тексттерді үйлестіру, дене шынықтыру және спорттық жарыстарды жүйелі ұйымдастыру, бұқаралық әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану сонымен қатар оқу-жаттығуға керекті материалдық-техникалық жағдайларды қамтамасыз ету негізгі талаптардың бірі боп табылады. қаржылық жағдайдың орынды тиімді үйлестіруді; арнайы кәсіби бағыттағы мамандармен қамтамасыз етілуін; дене шынықтыру мен спортты дамытудың арнайы формадағы бағдарламаның болуын; басқарушылық жұмыстың ақпараттық сипатын қажетінше қамтамасыз етуді көрсетті, сурет - 4 [88].

А.И. Киселев, В.М. Богданов қазіргі кезеңде заманауи жоғары оқу орындарында дене шынықтыру мен спортты басқару формасын жетілдіру тәжірибесін көрсетті. Олардың ойынша, төмендегі ережелерді негізге алған жөн: оқу үдерісі мен бос уақытты оңтайлы үйлестіру; жоғары оқу орнының ішкі жарғысы бойынша қаржылық-экономикалық және экономикалық бағыттың жекелігі [89].

З.А. Фардзинова, Н.Р. Тараненко, А.А. Миклина ЖОО-ғы дене даярлығы мәселесін шешу жолдарына секциялардағы сабақтарды; сауықтыру мен спорттық сипаттағы туризмді жатқызады [90].



Сурет 4 – Дене шынықтыру бойынша жоғарғы оқу орындарында спорттық бағыттағы жұмысты басқару критерилері

А.А. Воронцова, И.В. Мищенко білім алушылардың спорттық шараларға қатысу деңгейін анықтаған. Білім алушылардың дені дене шынықтырумен аптасына кемінде екі-үш рет айналысу қажет деп есептейді. Яғни, кәсіби бағыттағы спортшылар күнделікті спортпен айналысуға басымдық береді, ал білім алушыларды дене шынықтыру сабақтарына қатыстыру деңгейі азайған кезде болжамды сипаттағы сабақтар саны да кемиді. Сондықтан да, білім алушылар қосымша сипаттағы дене белсенділігі азаюының негізгі факторын ұйқының бұзылуына кері әсер ететін уақыттың кемшілігімен үйлестіреді. Дегенмен де, кәсіби бағыттағы спортшылар арасында ұйқы ұзақтығының ең жоғары деңгейі көрсетілді, ең жоғары көрсеткіш он сағатқа дейін. Бұл қорытындыны төмендегідей аспектілермен көрсеткен жөн: спорттың психологиялық сипаттағы жағдайына дұрыс әсері, нәтижесінде ағзадағы стресс көрсеткіші азаяды; спорттық типтегі қимыл жағдайында жинақталу қабілеті секілді әлеуметтік бағыттағы негізгі қасиеттерді жетілдіру; уақытты тиімді үйлестіру және уақытты басқару біліктерін арттыру [91].

Н.В. Саакян, А.Г. Сметанин жоғары деңгейдегі университеттерде дене шынықтыру құрылымын көрсетті. Университеттерде дене шынықтыруды оқыту дұрыс көрсеткіш көрсетеді. Мәселен, дене шынықтыру психологиялық және денелік сипаттағы білім алушылардың жағдайын арттырады. Дене тәрбиесі жағымды сипаттағы қасиеттерді арттырады: шаршамау, ақыл-ой көрсеткіші, нақты мақсат. Дене шынықтыру сабақтарында білім алушыларды дамыту үшін көптеген

спорт түрлері бар, білім алушылар өздері, мысалы, жүзу және т.б. спорт түрін таңдай алады. Сонымен қатар, дене шынықтыруға көңіл бөлуді жетілдіреді, жүздеген ауруларды алдын алады [92].

Д.О. Жданович, В.К. Пельменев жоғары мектепте білім алушылар спорт клубтарының спорттық іс-шараларды жоспарлау және өткізу мәселелерін талдады. Білім алушылар спорт клубының негізгі проблемаларының бірі ретінде оның қаржыландыру мәселесін көрсетеді. Берілетін қаржы көлемі өте аз. Білім алушылардың белсенді бағыттағы дене шынықтыру-спорттық шараларына қатыспау проблемаларының ішінде қазіргі студенттердің қосымша табыс табуға деген мәселесін арнайы талдау қажет [93].

О.П. Ложкина, Н.П. Ложкина, В.И. Тютюнников білім алушылар спортының негізгі проблемаларын көрсетті. ЖОО дене тәрбиесі бойынша өтетін сабақтар студенттердің қимыл белсенділігінің жеткіліксіздігін толық еңсере алмайды. Сонымен қатар, олар студенттердің ақыл-ой жүктемесінен соң қайта қалпына келуіне жеткілікті көлемде әсер етпейді және ұзақ қажуға байланысты болатын ауруларды алдын алада шектеулі мүмкіндікке ие. Біздің ойымызша, осы мәселені алдын алу жолдарының бірі – студенттердің тұрақты түрде өз бетінше спортпен шұғылдануды ұйымдастыру. Олардың аптасына кем дегенде 4-6 сағатқа дейін жаттығулармен айналысу орынды болып табылады [94].

Осылайша, диссертацияның осы бөліміндегі мәліметтерін келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Құрама командаларды бір жылға даярлау жоспарында оның бір сатылы, екі сатылы және көп сатылы түрлері іске асырылуда. Спорттық даярлықтың тежеуші факторлары семинарлардың жеткіліксіздігі оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің төмендігі, бағдарламалардың ғылыми негіздемесінің жеткіліксіздігі болып табылады. Бағдарларды, құралдарды, әдістерді және оқыту мазмұнын қамтитын спорттық нәтижеге бағдарланған дене тәрбиесі технологиясы ұсынылған.

Жаттығу сипатындағы механизмді толық көлемде бақылауға мүмкіндік беретін «Исида-спорт» жүйесі сипатталған. Емтихан сессиясы мен демалыс уақытын ескере отырып, спорттық аэробика бойынша оқу-жаттығу механизмінің ерекшелігі көрсетілген. Оқу жүктемесінің ерекшелігіне байланысты жаттығу көлемінің мәжбүрлі түрде қысқаруы дене шынықтыру сабақтарының жиынтық әсерінің төмендеуіне әкеледі. Жылдық циклде шағын футбол командасын даярлау ерекшеліктері сипатталған. Оны көптеген университеттік командалар үшін қолайлы деп санауға болады, өйткені сессиялар мен ойын күнтізбесін ескеретін алгоритм ұсынылған.

Дене шынықтыру кафедрасы мен спорт клубының жұмысын үйлестірудің басым критерийі студенттерді белсенді сипаттағы жаттығу және бәсекелестік қызметке тарту болып саналады. Студенттік спортты дамытуды басқарудың мынадай негізгі себептері анықталды: жедел ойлау; жалпы кәсіби даярлық. Спорттық, рекреациялық типтегі студенттердің қажеттіліктері анықталды. ЖОО-ның спорттық командасын басқаруда жаттықтырушы тұлғасының маңыздылығы

сипатталған. Дене шынықтыру мен спортты басқару құрылымында оқу және оқудан тыс сипаттағы үйлестіру; қаржы-экономикалық пен шаруашылық мәселелерінде дербестіктің болуы маңызды болып саналады. Қимыл белсенділігінің жетіспеушілігі, аурулардың алдын-алу мәселелерін шешудегі тәуелсіз сабақтардың рөлі көрсетілген.

1.3 Студенттік спорт - жоғары жетістікті спортшыларды даярлау факторы ретінде

Тараушада біз студенттік спорттың жоғары жетістікті спортшыларды даярлаудың негізі ретінде қарастыруды жөн көрдік.

В.В. Орлова, О.Е. Халалеева студенттер спортын жоғары дәрежелі спортшыларды дайындау себептері ретінде атап өтті. Респонденттердің сұрақтарына сүйене отырып, толтырудың және жинаудың екі үлгісі бар. Спорт бейінінің алдыңғы ұйымдарының базасында күшейтілген сипаттағы дайындықпен спортшыларды ауысу мен оқытуға уәждемелеу және ЖОО-ға өз еркімен келген студенттер арасынан командалар жасақтау. Әдетте, команданы толықтыру мен қалыптастырудың екінші жолындағы спортшылар жоғары деңгейдегі ұжымның бірлігін, команда ішіндегі бәсекелестік сипаттағы аз көңіл-күйді айтады. Сонымен қатар спорттық командалар білікті мамандардың орын ауыстырулары, спортпен шұғылданушы тұлғаларды мотивацияландыру әрекеті аз.

Сонымен қатар, екі мысалда да жоғары деңгейдегі спортшылардың спорттық көрсеткіштерін аңғаруға болады. Дей тұрғанмен де бірінші жолы спортшылардың пайыздық үлесі әлі де көп. Авторлар жоғары оқу орындарында команданы қабылдаудың кез-келген ұйымына қарамастан, жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізуге болады деген тұжырым жасайды, бірақ ең оңтайлылыққа қол жеткізу үшін команданың қызығушылық пен реттеу әдістері әртүрлі болады [95].

О.Л. Файзиева студенттер спортын жоғары жетістікті спортшылардың факторы ретінде негіздеді. Студенттік спорты осы міндеттерді мүмкіндігінше оңтайлы жүзеге асыруы үшін ол алдағыға бара бар болуы керек:

А) Осы бағытта материалдық-техникалық базалар мен қоса, білікті мамандармен қамтамасыз етілген базаның қалыптасуы айтарлықтай орынға ие.

Б) өзгермелі оқу кестесін енгізу, дұрыс тамақтану мен әлеуметтік жағдайын қалыптастыру, сонымен қатар білім алушыларыдың спортпен шұғылдануына жеке ерекшеліктерін ескеріп соған байланысты ыңғайлы мүмкіндік жасау. Олардың таңдаған мамандықтарымен бірін біріне кедергі болмайтындай етіп ұштастыруға мүмкіндік беру.

В) оқу жүктемесіндегі өзгешілігіне қарай спорт сайыстарының ең ұтымды жоспарларын әзірлеу, бұл ретте студенттік сипаттағы спортқа жергілікті және жан-жақты деңгейдегі маңызды сипаттағы қоғамдық оқиғаға өзіндік құндылық беру.

Г) деңгейі жоғары құрамаларды жасақтау және олардың базасын құру, спортшыларды анықтауды әділетті жүргізу, іріктеу мен насихаттаудың ашықтығы [96].

Т.Ш. Хайитов білім алушылар арасындағы келіспеушілікті кәсіби мамандар дайындаудың себебі ретінде талдады. Студенттер спортын жетілдіріп спорттық көрсеткіштерге қол жеткізудегі «өндірістік» тәсілдің кемшіліктерін ықшамдауға ықпал етеді. Біздің ойымызша, мұндай бағыт білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеріп, олардың спорттағы жетістіктерін сапалы түрде арттыруға жағдай жасайды. Егер материалдық-техникалық базасы бар ұтымды құрылған спорттық арнайы ортасы, сонымен қатар белсенді бағыттағы сабақтар үшін қолайлы жағдайда кәсіби деңгейдегі спорттық нәтижелерге жетсе, онда төмендегі жағдайларды жүзеге асыруға болады. Білім алушылардың спорт клубтарының жұмыс істеу шарттары мен себептерін оңтайландыру керек. Білім алушылардың спорттық командаларын дамыту үшін қазіргі уақыттың нормалары мен стандарттарына сәйкес келетін материалдық-техникалық сипаттағы базаның сәкестігі, кәсіби деңгейдегі мамандармен қамтамасыз етілуі, сала бойынша тең оқыту жүйесінің және жаттығу механизмінің тиімді қолданылуы, бірнеше деңгейдегі дайындыққа байланысты жарыстардың оңтайлы күнтізбесінің болуы қажет [97].

Е.К. Куликович кәсіби деңгейдегі кадрларды дайындау құрылымында білім алушылар спортына ерекше ден қойды. Универсиада енді «спортты азаматтардың денсаулығын арттырудың және студенттерді салауатты өмір салтына бағыттаудың, олардың дене тәрбиесінің тиімділігін жетілдірудің негізгі аспектісі ретінде көрсету» міндетін шешпейді.

Бұл келесі жағдайларға байланысты:

1. Кәсіби деңгейдегі мамандар универсиаданың ақтық сатысындағы жарыстарға қатысудың мүмкіндігінен айрылады. Жоғары оқу орнындағы әр білім алушы олимпиадалық резерв мектебінің түлегі шеберлік сатысына жете алмайды. Сондықтан да, көптеген университеттерде секцияларда басқа білім алушылар жаттықса, ал құрама командаларға басқа білім алушылар қатысады.

2. Жай білім алушылар бірге оқитын және бірге жаттығатын курстастарын ұстанады. Егер де сайыстарда білім алушылар білмейтін басқа білім алушылар өнер көрсетсе, онда еш қолдау күтуге болмайды.

Сондықтан да, универсиада жоғары деңгейдегі мамандар мен шеберлікті қалыптастырмайды. Көбіне, осындай спортшылар мәжілістер мен жекпе-жектердің арнайы күнтізбесіне ие және олар үшін бұл «жоспардан тыс бастауларға» қатысу қиындық келтіреді [98].

В.А. Альхименко, И.В. Федосюк жоғары мектептегі оқу-жаттығу механизмі жағдайында спорттық резервтерді даярлау құрылымын анықтады. Қазіргі кездегі спортты дамыту жаттығудың тиімді құралдарын және жаттығу механизмін қалыптастырудың дараланған әдістерін таңдауға негіз болады. Баскетболшылардың оқу-жаттығу механизмінің басым міндеттерінің бірі -

техниканы меңгеру және оны жоғары және тұрақты сипаттағы қорытындыларға әкелу үшін тиімді қолдану.

Әдіс-тәсілдер дамуы, бұлшықеттің сезінуі, көрнекі түрде қабылдауды, ортаны сезіну және өзге белгілі бір типтегі мүмкіндіктерін сезінуге ерекше көңіл бөле отырып пайдалану керек, яғни олар ара қашықтықты сезіну, қарсыласының сезімі, әрекет ету сәті және т.с.с. кәсіби сипаттағы қимыл реакцияларында көрсетіледі. Спорт резервтерін даярлаудың маусым алдындағы дайындығы ерекше маңызға ие. Авторлар бірнеше тесттер арқылы дене даярлығын тексереді [99].

А.Н. Кутасин спортты кәсіби білім алушылардың дене шынықтыру элементі зерттеді. Бұқаралық сипаттағы спорттық шараларға шақырылған халықтың жалпы санынан жоғары деңгейдегі спорт саласына оның салыстырмалы түрде аз үлесі келеді. Жоғары сипаттағы спорттағы көрсеткіштер деңгейіне жетуге жетелейтін спорттық деңгейдегі дарындылық екінің бірінің қолынан келмейді, десек те көп жағдайда бұқаралық сипаттағы спорттық табыстардың мүшесі бола отырып, әркім пайда көруге мүмкіндігі бар.

Спорттық типтегі қимылдың алғашқы баспалдағы ретінде жоғары табысты спорт спорттың басқа тәжірибесіне қатысты басым маңызға ие: жетістіктердің алдағы кезеңдерін көрсетеді, жалпы сипаттағы тәжірибені үздік тәжірибемен толықтырады. Сондай-ақ, ол бұқаралық сипаттағы спорттық тәжірибеге көбіне тәуелді, оның негізінде толықтырылады. Дене шынықтырудың бұл элементінің ерекшелігі, біріншіден, қолжетімділік, яғни «дене шынықтыру» пәні бойынша міндетті типтегі оқу жүктемелерінде спорттың тұрақты бір түрімен айналысу үшін жағдайларын қалыптастыру болса, екінші жағынан бұл өз бетінше де, университеттердің спорттық шеберлік топтарында да сабақтан бос уақытта жаттығу мүмкіндігін алып келеді. Үшіншіден, бұл таңдалған спорт түрлеріненде көптеген спорттық сайыстарға әрдайым қатысу мүмкіндігі [100].

Р.Р. Газизова, А.А. Ионов білім алушылардың оқу жұмысындағы спорттың орнын атап өтті. Спорт әлеуметтік жағынан үлкен рөлге ие. Өмір бойы спортпен айналысу еңбекқорлықты, адалдықты қалыптастырады. Осындай қасиеттер өмірде, ғылымда, қызметте өте қажет. Спорт түріндегі клуб білім алушылардың басым спорты болып есептелінеді. Оның міндеттері - дене шынықтырумен және спортпен айналысуға мүмкіндік беру, дене шынықтыру-бұқаралық сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру. Студенттік сипаттағы жарыстар жоғары мектеп біріншілігінен бастап универсиада, студенттік лигалар секілді ауқымды студенттік сайыстарға дейінгі бірнеше деңгейлерде іске асырылады [101].

В.В. Григорович, С.К. Городилин, Н.И. Приступа Беларусь Республикасының студенттерінің арасында нақты спорт түрлерімен жүйелі шұғылдану мен бұқаралық спортқа қатысу арасындағы сандық көрсеткіштердің сапалық өзгерістерге ұласу заңдылықтары айқындалмаған. Осыған орай спорттық бағыттағы клубтар мен дене шынықтыру және спорт кафедралары студенттердің өзін-өзі дамытуға деген қызығушылығы белсенділігін жоғалтады. Студенттердің дене тәрбиесінің спорттық бейінін қалыптастыруда таңдалатын спорт түрі негізінен инфрақұрылымның бар

болуына, мамандардың біліктілігіне және студенттердің қызығушылықтарына тәуелді. Спортта жоғарғы дәрежедегі студенттерге ішкі немесе басқа да бағыттағы бағытталуы керек [102].

С.Ю. Щетинина, С.С. Попова заманауи жоғары жетістікті спортты жетілдіру ерекшеліктерін ашты. Жоғары жетістік спортын жетілдірудің қазіргі кезеңінің басым ерекшеліктері оның жаһандануы болып табылады. Бұл жоғары деңгейлі спортшы жастарды дайындау, оның дәлелі ретінде - үстем және жас спортшылардың елден елге көшіп-қонуының. Әуесқой спортты кәсібилендіру мәселелері. Спорт адамның негізгі стабыс көзіне айналуы керек яғни спортшылар материалдық әл ауқатын осы жолмен реттеп отырады. Жоғары деңгейлі спорттарды мүмкіндігінше коммерцияландыру [103].

Л.А. Иванова, О.А. Казакова студенттік спорт бұл әлем спортшылар арасында ең жоғары мінбелерде көрініп жүрген орта болып саналады. Осылайша еліміздегі көптеген оқу орындары студенттер спортын жеткілікті дамуына қаржы көздері қарастырылмайды. Соның салдарынан спорттық дәрежесі жоғары спортшы студенттердің шеберліктерін дамытуға жүйелі түрде қолдау көрсетілмейді [104].

Д.А. Кончаков жоғары оқу орындары студенттерінің спорт мәселесін айқындады. Жалпы студенттер спортының дамып жетілуі үшін кейбір проблемаларды қарастыруын талап етеді. Спорттық базалар және спорттық құрал жабдықтар мен жетілдіру ; демеушілік қаржылық көздері; білім алушыларға бекітілген дене тәрбиесі сабақтарының сағат сандарын мүмкіндігінше көбейту секілді мәселелер. Бірақ та қазыргі кезде жастар психологиялық, организмдерінің жұмыс жасау қабілеттерінің мүмкіндіктерінде естен шығармау керек [105].

Е.А. Дергач жас буын өсіп келе жатырған спортшылардың жоғары дәрежелі спорттық кеңістікке шығу жолдарының амалдары мен әдістемелерін педагогикалық-психологиялық тұрғысынан қамтамасыз етілуін айқындады. Спортшылардың жоғарғы деңгейге ауысуы ол кез келген спортшының мақсат міндеті болып келеді. Бірақта спорттан алшақтау немесе байланысты ұзу бұл «спортпен оқуды қатар алып жүруі», «спортқа деген мотивациялық қызығушылықтың төмендеуі», «спорттан табыс таппауы» т.с.с мәселелер [106].

Н.Ю. Борисова жоғары деңгейдегі спортқа тән проблемалық құбылыстар анықталды. Спортшы өзінің спорт түріне байланысты өзінің жан ұясы мен қоршаған әлеуметтік ортадан оқшауланып өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін жарыс дайындығына толықтай дайындық жүргізеді. Спортшылардың спорттық көрсеткіш деңгейлері жоғарлаған сайын экономикалық күрделі кезеңдерде қалыс қалмауда, сондықтан да осы жағдайларды еңсеріп жүру біраз қиындықтар туындатады. Спортшыларды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдап, спорт пен психология бір-бірімен тығыз байланыста болады, алайда кейбір жаттықтырушылар осы екі аталған фактордың спортшылар үшін маңызды орын алатынын естен шығарып жатады. Спорттық практикада байқағандай, кейбір спортшылар дене қабілеті, дене дайындығы жағынан жоғары деңгейде бола тұра жарыс алаңында өзінің психологиялық әлсіздігі байқалады. Бұл дегеніміз

жаттықтырушының немесе ұстазының спортшымен психологиялық дайындықтың дұрыс жүргізілмеуі дегенді білдіреді [107].

Шетел ғалымдарының пікірлеріне сүйенсек осы аталған проблемалардың келесі қырларына көңіл бөлгендерін аңғартады. S.A.Dovescioglu, H.Sahan, M.B.Yildiz, M.B.Tekin, H.H.Sim жеке спортшылар мен командалық спорт бағыттарымен шұғылданатын білім алушылардың мамандану мүмкіндіктері зерттелді. Зерттеу кезеңінде студенттердің қоршаған ортаға тез бейімделіп сіңісу үшін арнайы бір шкала пайдаланылған. Сосын осы алынған қолдағы мәліметтерді арнайы электронды программалар арқылы есептеп, талдап нәтижелерін шығарды. Қорытынды нәтижесі бойынша спорттың бір түрімен айналысатын спортшылар командалық спорппен айналысатын споршыларға қарағанда қоршаған орта адамдарымен араласу тіл байласу деңгейі төменгі көрсеткішті көрсеткен [108].

B.Akbari, S.Zahra, F.Alireza Ирак ЖОО білім алушылары арасындағы спортқа деген мотивациялық қызығушылық мәселелері қарастырылған болатын. Аталған елдің қолға алынған бағдарлық жобалары 2012 ж Ислам ЖОО студенттері арасындағы спортқа бағытталған мотивациялық сауалнаманың сенімділігі мен ақиқаттық құрылымдарының әсер ету сенімділігіне баға беру болды. Сенімділіктің түрін талқылау Varimax-тің соңғы нәтижеден кейінгі 5 факторы анықталды, бұл дисперсиялық талдаудың 50,9% пайызына бара бар келді, t-Студент тестісі бойынша қыздар мен ұлдар арасындағы спортқа деген қызығушылық мотивациясы айтарлықтай айырмашылық бар екендігі айқындалды. Спортқа бағдарланған қызығушылық мотивациясы сауалнамалар немесе тесттік тапсырмалар жүргізілген тұлғаларға психологиялық тұрғыдан өзінің қасиеттерінің қаблетін анықтауға мүмкіндік беріп, соны мен қатар практикалық және өз істерін тиімді пайдалануға болады [109].

T.James, D.Dan, K.Kevin, S.Richard спортты қоғамдық ортаға соны мен қатар мәдениетпен аражігінің ұқсастығын сақтау міндетті екенін ескерген болатын: АҚШ жоғарғы оқу орындарында оқитын шет елдік білім алушылары. Қортындысында қыз балаларға қарағанда ұлдар жағы мәдениетті қолдау бағыты бойынша бір қадам алға шықты. Вуздар айналасында ойын-сауық бағыттары саласында спортпен шұғылданатын тұлғалар үшін өткізілген зерттеу қорытындылары шет елдерден келген білім алушыларға арналған ұйымдастырушылар жобаларын дамытуға қолдау ұсынылған болатын. Сонымен спорттық шараларды ұйымдастырушылар үшін әр ұлт өкілдерінің мәдениет дәстүрлерін сақтай отырып оларды құрметтеу және олар бәрі бір-біріне тең мүмкіндік екенін қарастырды [110].

F.Ahmad, D.Ajau дене тәрбиесі бойынша келесі әдістемелік нұсқауларды қарастырды: дене тәрбиесі бағыты бойынша ЖОО білім алушылары арасында спортқа деген қызығушылығының төмендеуін болдырмас үшін , оны қайта жандандыру бағыты бойынша өз жобаларын енгізді. Атап айтқанда, бұл жобада жаттықтырушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, игеруіне және оның айналысушы тұлғаларға дұрыс бағытқа дағдылануына әсер ететінін көрсеткен. Одан бөлек , осы жобада қанағаттанарлықтай оқу тәжірибелерін деңгей

үшін ең жақсы қозғалыс сапаларын анализдеу түрлерінің процестерін зертеуге мүмкіндік алған. Малайзия аралдарының орталықтарында осы жобаның ішінде жергілікті университеттерде медициналық бағыттағы оқыту бойынша бакалавр студенттерінен тұратын зерттенушілер тобынан тұратын эксперимент үлгісінің жобасы қабылданды.

Осы жобамызда көрсетілген сандар немесе айқындалған нәтижелерге бағынбайды. Негізгі мақсаты зерттеуге қатысқандардың өз ойлары мен алған әсерлеріне көңіл бөлінеді. Сондықтан нақты бекітілген топтарға, тұлғалардың ой-өрісі, тәжірибелерімен кері байланыстары зерттелді. Осылайша туындаған жағдайларды әртүрлі сезінуге жағдайлар туындайды.

Осы жобаның қортындысында білім алушылар оқу жаттығу үрдісіне ынта жігерлері артып, олар берілген жүктемелерге олардың мазмұнына шын ниеттерімен көңіл бөле бастайды. Нәтижесінде білім беру, оқытушы немесе жаттықтырушылар тарапынан білім алушыларға қажетті элементтерді тереңірек түсініп соған сәйкес білім беру мазмұнын дамыта бастайды. Яғни келешекте педагогикалық сауатын дұрыс жағынан пайдалануға көмектеседі [111].

V.Alberto, I.Valentine, I.Staskeviciute, M.Consoles-Serrano, L.Capranica, F.Calabuig академиялық сипаттағы спорт пен мансапты үйлестіруге сипаттама береді: білім алушы спортшылардың екі жақты мансаптық зерттеу саласының қазіргі деңгейін зерттеу. Нәтижелер қос типті мансаптық зерттеулер соңғы жылдары қызығушылық артып келе жатқан аралық сипаттағы кезеңде екенін көрсетеді сонымен қатар европалық сипаттағы мазмұндарға сәйкес одан әрі типті зерттеу қажеттілігіне қарамастан, Европа аталған ақиқатты зерделеу басты назарында, осы ақиқатыққа бағыт жасау қажет екенін көрсетеді. Өз кезегінде білім алушылардың бір мезгілде спортпен оқуды өз орнын тауып қатар алып жүруді яғни «қос мансап» бағытындағы зертеулерге шолулар жасаған. Осы зерттелген мағұлматтар келешектегі зерттеу көздеріне негіз болатыны көрсетілген. Сонымен қатар білім алушы спортшыларға біліммен спортты қатар дамытып өздеріне қолайлы бағыттың амалдарын қарастырып енгізу керектігі жазылған [112].

A.Fergyingna, B.Xu Tingun, S.Mohammad, R.Sh.Baghaie, R.Rezaei спортты дамытудың ыңғайлы нұсқасын қарастырды: бәсекеге қабілетті және кәсіби спорт түрлерінің басым мүмкіндіктерін анықтау. Бұл зерттеудің қорытынды нәтижелері бойынша ерекше дарындыларды анықтау бұл оның биік нәтижелерге қол жеткізудегі маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, кәсіби спортты дамытуда ұйымдастырушы бөлімнің тиімді маңызды белгілердің бірі ретінде анықталды. Бәсекелестік жағынан әр дайым дарындыларды іріктеу және жастарды міндетті түрде даярлау бағдарламаларын дайындау маңызды міндет болып табылады. Ендігі кәсіби спорт бағытына ұйымдастырушылық, басқарушылық финанстық стратегияларды жетілдіруге аударылады. Қорыта келгенде дарынды спортшыларды ба мүмкіндігінше дұрыс анықтауға ал кәсіби спорт бойынша ұйымдастырушылықты нәтижелі дұрыс бағытта жоспарланған стратегиялық қажеттіліктерді көрсетеді [113].

A. Zacharu, A.Alicia, F.Hannah, E.Ioanne, A.Michael жұмыстарының зерттеу барысында спортқа деген сенімділік оң көзқараста болды. Студент спортшылар мен спортпен шұғылданбайтын тұлғалардың субъективті нәтижелері кешенді түрде талқыланды. Бұл жобаның мақсаты білім алып жатырған спортшылар мен спортпен шұғылданбайтын студенттер арасындағы белсенді дене келбетінің айырмашылығы, соның ішінде дене мүмкіндігі мен және оның функционалдық қабілетін бағалаудағы айырмашылықты нақтылау болды. Сонымен қатар белсенді дене қабілеті мен спортпен шұғылдану кезіндегі психологиялық және саналылық нәтижелері арасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтау көзделген болатын. Зерттеу қортындысы бойынша спортпен тұрақты түрде шұғылданатын білім алушылардың белсенді дене қабілетінің екі компонент бөлігі бойынша ең жоғары нәтижелі көрсеткіші анықталды. Сонымен бірге дене қабілеті мен спорттық әрекетке қатысты көрсеткіштер арасында статистикалық жағынан мәнді байланыстар анықталды. Нәтижесінде белсенді дене қабілеті жөніндегі ғылыми деректер қорын толықтыра отырып, білім беру ортасында дененің сыртқы келбетіне шектен тыс көңіл бөлуден гөрі, оның функционалдық қабілетінше бағалауға негізделген құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді [114].

F.Munoz-Ballon, M.I.Sanchez-Bueno, A.Vos-SOS зерттеуде жоғары мектеп білім алушыларының спортпен шұғылдану кезіндегі академиялық үлгеріміндегі әсері қаралды. Аталған мәселелер барысында өткен ғылыми еңбектер қарама-қайшы нәтижелерді аңғартады: кейбір зерттеулерде спортқа деген позитивтілікті білім алу барысында оң нәтиже көрсетсе, келесі зерттеуде кері ықпалы анықталды. Осыған орай ғалымдар алынған әртүрлі нәтижелердің ерекшеліктерін түсіндіруге және оларды ғылыми тұрғысынан негіздеуге ұмтылды. Зерттеу соңында ресми бағыттағы спорттық шараларға қатысу білім алушылардың жоғары академиялық нәтижелермен өзара сабақтастықта екенін көрсетті. Сонымен қатар сараптау нәтижесінде спорттық белсенділіктің денсаулыққа жағымды жағымен тоқталмай, ЖОО-ң көздейтін оқыту нәтижелері мен қорытынды көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсер ететінін дәлелдейді [115].

M.Sorkkila, K.Aunola, T.Kub спортшылардың спорттық және білім алу кезіндегі «жанып кету» құбылысын жеке және ата-анасының қамқорлығының ықпалы тұрғысынан қарастырып, спортшыға бағытталған тәсілді негіздейді. Қорытындысында «жанып кету» төрт негізі бағыты айқындалды: тиімді бейімделген, жеңіл деңгейдегі спорттық уайым, оқу барысындағы күйзеліс, ауыр спорттық күйзеліс. Ғалымдардың пайымдауынша, спортшылардың және ата-аналарының жетістікке жетуге деген үміттері бір салада жанып кетуден сақтап қалуы көрінгенімен, бұндай әсер басқа салада байқалмады. Керісінше бір бағытта жоғары жетістікке бағдарлану екінші бағытта күйзеліс қаупінің өсуіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде спортшылардың психологиялық жағдайын әр қырынан түсіну үшін «жанып кету» құбылысын тек бір қызмет саласы шеңберінде ғана емес, олардың өміріндегі ортасын кешенді түрде қарастыру керек [116].

C.Keng John Wang, P.Andrew Gadon Demerin өзін-өзі анықтау теориясы мен спорт және спорт студенттері арасындағы оқу ағыны арасындағы үйлестіруге баса назар аударды. Ағын арқылы олар оңтайлы психологиялық жағдайды түсінеді, онда орындаушы тапсырмаға өте қатысып, сіңіп кетеді және бұл тәжірибенің өзі өте пайдалы. Нәтижелер спорттағы ағын мен кросс-домен деңгейіндегі академиялық салалар арасында оң байланыс бар екенін көрсетті.

Сонымен қатар, ер спортшы студенттер спортта да, оқуда да ағынның жоғары бағыттары туралы хабарлады. Жекелей спорт түрлеріндегі ер спортшы студенттер командалық спорт түрлеріндегі ерлерге қарағанда жоғары ішкі мотивация (ЖМ) мен ағын бағыттары туралы хабарлады, бірақ командалық спорт түрлеріндегі спортшы студенттер жеке спорт түрлеріне қарағанда жоғары жетістікке жету мен ағын бағыттары туралы хабарлады.

Ынталандыруды сезінудің сыртқы мотивациясы спорттағы ағынды оң болжады, ал академиялық салада реттеуді білу және анықтау үшін сыртқы мотивация ағынның оң болжаушылары болып табылады. Бұл зерттеудің нәтижелері сыртқы мотивация спорттық және академиялық салаларда ынталандыруды сезінудің ағынды оң болжай алатынын көрсетті [117].

L.Ashley, A.Kuchar, D.Kristin, A.Neff, D.Amber. B.Mosewich спортшыларға арналған саналы түрде өзін-өзі аяу бағдарламасына бейімделген RESET (спорттағы, жаттығулардағы және жаттығу кезіндегі тұрақтылық пен жоғарылау) деп аталатын онлайн өзін-өзі аяушылық басымдылығын әзірледі және сынады. Топаралық талдау (көп деңгейлі модельдеу; MLM) және топшілік талдау (жұптық t-тесттер) спортшылардың сәтсіздіктерге жанашырлықпен жауап беру, әл-ауқатты жақсарту және қабылданған спорттық өнімділікті арттыру қабілетіне қатысты басымдылықтың тиімділігін бағалау үшін пайдаланылды. Күту тізіміндегі бақылау тобымен салыстырғанда, араласу тобы өзін-өзі аяушылықтың жоғарылауын, өзін-өзі сынау мен өзін-өзі аяудан қорқудың төмендеуін және қабылданған өнімділіктің жақсаруын сезінді. Тұтастай алғанда, араласу өсу мүмкіндіктері көп адамдар үшін оңтайлы болды. Топшілік талдау MLM нәтижелерін растады, сонымен қатар RESET бағдарламасына қатысқан спортшылардың депрессия, мазасыздық және стресс деңгейлері төмен екенін көрсетті. Бағдарламаны бағалау шаралары, соның ішінде мүшелердің пікірлері сандық нәтижелерді кеңейтеді және RESET қызықты, танымал, тиімді болғанын көрсетеді [118].

O' Neil, Anthony J. Amorose, Scott Pierce спортшы студенттердің мектеп пен спортқа деген екіұштылығын зерттеді. Осы зерттеудің эталоны үш есе болды:

(а) студент-спортшылардың мектепке және спортқа қосарланған міндеттемесін білдіретін жеке бейіндерді анықтау,

(б) осы қос міндеттеме бейіндерінің үйлесімділік немесе жанжал көрсеткендігін анықтау және

(в) арасындағы байланысты зерттеу қос міндеттеме бейіндері мен студент-спортшылардың академиялық, спорттық және жалпы өмірлік нәтижелері.

Жасырын бейіндік талдауды қолдана отырып, нәтижелер мектеп пен спортқа деген ынталы (ЕС) және шектеулі (СС) міндеттемелерінің бірегей конфигурациялары бар қос міндеттеме бейіндерін қамтитын төрт бейінді шешімді растады: әлсіз СС доминанты: мектеп / күшті ЕС доминанты: Спорт, әлсіз СС доминанты: Мектеп/күшті СС доминанты: спорт, әлсіз СС доминанты: мектеп / күшті СС доминанты: спорт, орташа міндеттеме: мектеп және спорт және күшті ЕС доминанты: Мектеп және спорт. Ынта-жігері басым міндеттеме үлгілерімен сипатталатын қос міндеттеме бейіндері мектепке/спортқа қатысудың жоғары деңгейімен және жалпы психологиялық әл-ауқатпен, сондай-ақ мектепте/спортта күйіп қалудың төмен деңгейімен байланысты болды. Тұтастай алғанда, нәтижелер студенттік спортшылардың әртүрлі себептермен мектеп пен спортқа байланғанын көрсетті және Америка Құрама Штаттарындағы студенттік спортшылардың академиялық рөліне бағытталған кеңейтілген қолдау желілері мен қызметтерінің ықтимал қажеттілігі туралы айтады [119].

A.Lewis, A.Gough, B.Tom Duffell, J.Steven Eustace студенттердің сабаққа қатысуының спорттық бағдарламалардағы нақты нәтижелерді бағалауға әсерін атап өтті. Сабаққа қатысу мен барлық дәрежелер бойынша жалпы оқу үлгерімі арасында айтарлықтай корреляция анықталды, бірақ ол әлсіз болды. Алайда, бұл нәтижелер сабаққа қатысу бағалау нәтижелерімен оң байланысты екенін көрсетеді. Бағалаудың барлық түрлері бағалаудың нәтижелілігімен маңызды және оң байланысты болды.

Зерттеу сонымен қатар бағалау түріне қарамастан, 75%-дан жоғары шекті деңгейден асатын сабаққа қатысу бағалаудың болмағандармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары нәтижелерге әкелетінін хабарлады. Бұл зерттеудің бірегей ашылуы сессиялардың 75%-дан астамына қатысқан студенттер осы шектен аз қатысқан студенттермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бұл осы зерттеудегі барлық модульдер үшін айқын болды және орташа ұпайлар арасындағы айырмашылық дәреже жіктемелерін ажырата алады [120].

A.Young hwan Kim, Yiben lib, B.ZhouShan колледж студенттерінің спортқа қатысуын, әлеуметтік медианы пайдалануды, колледжге қосылуды және психологиялық әл-ауқатты сипаттады. Нәтижелер спортқа қатысу әлеуметтік желілерді пайдаланумен және колледжге қосылумен оң байланысты екенін көрсетті, бұл өз кезегінде адамдардың психологиялық әл-ауқатын арттырады. Бұл зерттеу спортқа қатысу, колледжге қосылу және әл-ауқат арасындағы қарым-қатынаста әлеуметтік желілерді пайдаланудың делдалдық рөлінің тәжірибелік дәлелдерін ұсынады. Нәтижелер спортқа қатысу әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы психологиялық әл-ауқатқа әкелетін механизмдерді одан әрі түсінуге ықпал етеді [121].

A. Silva Cortés, A.M.Correa-Diaz, M. Luz Benjumea-Arias, A.Valencia-Arias, L. Bran-Piedrahita бакалавриат студенттері бойындағы дене шынықтырумен және спортпен байланысты мотивациялық факторлар мен әсерлерді зерттеді. Бакалавриат студенттеріндегі дене белсенділігінің қазіргі жоғары деңгейі уақыт,

әлеуметтік қолдаудың болмауы немесе дене белсенділігіне немқұрайлы қарау сияқты ішкі кедергілер сияқты сыртқы кедергілер ретінде жіктелуі мүмкін себептерге байланысты. Бұл кедергілер студенттердің мәдени және әлеуметтік ортасына, жасы мен жынысына байланысты өзгеруі мүмкін.

Бакалавриат студенттерінің өмір салтына және белсенді мінез-құлқына байланысты денсаулық күрделі, өйткені ол сыртқы факторлар (аурулардың алдын алу, фитнес) және ішкі факторлар (рахаттану, сауықтыру, стрессті басқару) сияқты денелік тұрғыдағы практиканың мотивациялық факторларына байланысты, студенттердің өз мақсаттарына жетуге деген ынтасын, қанағаттануын немесе іс-әрекет тәжірибесінен қанағат алуын көрсетеді.

Нәтижелер дене шынықтыру-спорттық жаттығулармен айналысатын студенттердің дене белсенділігі жоғары екенін көрсетеді, сондықтан оларды ұстап тұруды барынша арттыру, өзін-өзі ынталандыруды, тәуелсіздік сезімін, өзіне деген сенімділікті, сондай-ақ командада жұмыс істеуге деген сүйіспеншілік пен шеберлікті арттыру үшін ағымдағы бағдарламаларды әзірлеу мен ынталандыру маңызды [122].

A. Bichescu Решите университеті студенттерінің бос уақытында спортпен шұғылдануын зерттеді. Бос уақытында спортпен шұғылдануға кететін уақыттың шектеулі болуынан туындаған мәселелер қазіргі кезде ғылымның әртүрлі салаларындағы мамандар үшін қызықты тақырыпқа айналуда. Бұл мақалада әрдайым ғылыми зерттеулер картасында болатын бұл сезімтал тақырып пәнаралық тұрғыдан талданады, «Эфтимие Мургу» университетінің студенттерінің өмір салтының типтік ерекшеліктерін анықтауға тырысады, онда спорттық қызмет студенттердің бос уақытын өткізу дәрежесі бюджетіне енгізіледі. Бұл Решитадағы Эфтимие Мургу университетінде бакалавриат студенттері қатысқан барлау зерттеуі. Жүргізілген зерттеу университеттің көптеген студенттерінің отырықшы өмір салтын ұстанатындығын анықтады, олардың 34,38%-ы ешқандай спорт түрімен айналыспайды, бұл студенттердің жартысынан көбі, 54,98%-да артық салмақ бар [123].

M.Tekin, M.Yildiz, H.Sahan, S.Devecioglu, M.Gullu, B.Ulucan командалық және жекелей спорт түрлерімен шұғылданатын студенттердің мақсатты бағдарлары мен олардың дене шынықтыру және спорт мектебіндегі негізгі психологиялық қажеттіліктерінің деңгейі арасындағы байланысты зерттеді. Зерттеу нәтижесінде тапсырма мен эго-бағдарлары, өзін-өзі анықтау, құзыреттілік және командалық спортпен айналысатын студенттердің қарым-қатынас деңгейі арасында маңызды байланыс табылды. Осы нәтижелерге сәйкес командалық спортпен айналысатын студенттердің құзыреттілігі мен өзін-өзі анықтауына қатысты сәттілік деңгейі адамның күндізгі уақытының қаншалықты жақсы болатынын бағалауға оң үлес қосатынын анықтайды. Бұл зерттеудің нәтижелері қазіргі зерттеуге сәйкес болды. Өзін-өзі анықтау деңгейі мен спортпен шұғылданатын студенттердің құзыреттілігі арасында дербестік тұрғысынан маңызды байланыс анықталған жоқ, байланыс деңгейлері арасында маңызды байланыс табылды. Бұл нәтижелер эго-бағдарланған

спортшылардың жетістіктерді көрсету үшін сыртқы критерийлерге назар аударатынын және жетістік критерийлері ретінде мүмкіндіктер мен әлеуметтік салыстырулардың маңыздылығына сенетінін көрсетеді және бұл мінез-құлық эго-бағдарланған спортшылар үшін болжамды қабілеттерге, қарқынды жұмыс пен күш-жігерге қарағанда маңыздырақ деген қорытындыға әкеледі [124].

Аталмыш тарау бойынша түйіндесек, студенттік спорттың ерекшеліктерін зерттеген негізгі авторлар: И.А. Журова [49, б.57], В.В. Орлова, О.Е. Халалеева [52, б.34], В.А. Леднев, Е.А. Первушина [55, б.87]. *Басым сипаттамалар:* Әр спорт түрі бойынша құрама командаларды даярлауға спорт клубтарының жаттықтырушылары жауапты тұлға ретінде саналады. Студенттік спорттың дамуына құқықтық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі кері әсерін тигізеді.

ЖОО спорттық дайындықты ұйымдастыру мен жоспарлаудың ерекшеліктері: Негізгі авторлар: Е.С. Крючек, Т.С. Ковшура [69, б.78], F. Munoz-Ballon, M.I. Sanchez Buena, A. Voc-Saz [115, б.95]. Басым сипаттамалар: Емтихан сессиясы мен демалыс кезеңдерін ескере отырып, аэробика бойынша оқу-жаттығу үдерісінің ерекшеліктері. Оқу жүктемесінің жоғары болуына байланысты жаттығу көлемінің мәжбүрлі түрде қысқаруы орын алады.

ЖОО студенттік спортты дамыту үдерісін басқару. Негізгі авторлар: В.П. Демеш, В.А. Чугунова [80, б.67], В.П. Сушенко, В.А. Щеголев [82, б.41], Yonghwan Kim, Viber Lubb, Zhon Shan [121, б.898]. Басым сипаттамалар: Негізгі көрсеткіш – студенттердің жаттығу үдерісіне белсенді қатысуы. Сәттіліктің басты факторлары: ойлау қабілеті мен жалпы кәсіби дайындық деңгейі. Сонымен қатар, өз бетінше жаттығу жасаудың да маңызы зор екендігі.

Студенттік спорт – жоғары жетістікті спортшыларды даярлау факторы ретінде, негізгі авторлар: Т.Ш. Хайитов [97, б.236], Е.А. Дергач [106, б.17]. Басым сипаттамалар: Студенттердің жоғары жетістікті спортқа ауысу шарттары; студенттік спорттан кету себептері.

2 ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТІК СПОРТ ДАМУЫН МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Қазіргі кезеңдегі «студенттік спорт»: ұғымның мәні, құрылымы.

Бұл тармақшада зерттеуіміздің екінші міндетіне сәйкес «студенттік спорт» ұғымының мәнін, құрылымы мен мазмұнын ашуды жөн көрдік.

Белгілі болғандай, қазіргі кезеңдегі студенттік спорт ол дене шынықтыру және спортты дамытудың стратегиялық басым бағыты болып табылады.

Көптеген батыс елдерінде студенттік спорт ұлттық білім беру және спорт саясатының негізі ретінде қарастырылады. Бұл елдерде ұлттық құрама командалар құрамының едәуір бөлігін студент-спортшылар құрайды.

Қазіргі кезеңдегі студенттік спорттың жағдайы келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- нормативтік-құқықтық реттеу жүйесінің болуы;
- спортты мемлекеттік реттеу жүйесінің қызмет атқаруы;
- спорттық іс-шараларды қаржыландыру;
- әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыру;
- заманауи материалдық-техникалық база;
- халықаралық деңгейде белсенді қызмет жүргізу.

Сонымен қатар, оң тенденциялар да байқалады. Мысалы, студенттердің халықаралық спорт ұйымдарымен өзара әрекеттестігі белсенді дамуда.

Халықаралық студенттік спорт қозғалысын дамытумен байланысты негізгі тенденцияларды келесідей тұжырымдауға болады:

- білім беру ұйымдарында спортты дамыту процесін реттейтін тиімді мемлекеттік жүйенің болуы;
- дене тәрбиесіне және спортқа ұлттық білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде, кейбір елдерде – шешуші буын ретінде мәртебе берілуі;
- ұлттық студенттік спорт ұйымдарының жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болуы.

Осы тұста шетелдік жоғары оқу орны жағдайында студенттік спорттың дамуы бойынша ғалымдардың зерттеулеріндегі көзқарастарын қарастырсақ.

О.А. Голубева Ресей студенттерінің спорт нәтижелерін реттеудің мазмұнын сипаттады. Бұл механизмдегі басым рөл жоғары дәрежелі білім беру мекемелеріне беріледі. Өйткені ол мекемелерде студенттердің спорттық командалары қалыптасады, оқу және жаттығу жұмыстарын оңтайлы үйлестіру үшін жағдайлар жасалады. Бұл спортпен шұғылданатын студенттің спорттық шеберлігін жетілдіруге ықпал етеді. Спортпен шұғылданушылардың дене шынықтыру-бұқаралық және спорттық сипаттағы жұмыстарын іске асыру, осы жұмысқа белсенді енгізу бәсекеге қабілетті қызметкерді құруға көмектеседі. Ресей Федерациясындағы студенттердің спорт саласын басқаруды Ресейдің студенттік спорт одағы мен студенттердің спорт клубтары қауымдастығына қарасты қоғамдық

ұйымдар жүзеге асырады. Олар өңірлердің білім беру мекемелеріндегі құрылымдармен, бөлімшелермен тығыз жұмыс істейді. Студенттер арасында жүзеге асырылатын өңірлік және федералды деңгейдегі жобалар мәні – өздерінің басқару құрылымында жоғары оқу орындарының спорттық клубтарын құру. ЖОО-да студенттер спортын реттеудің қалыптасқан құрылымы студенттер арасында екі бағдарды, атап айтқанда жоғары нәтижелі спорт пен дене шынықтыру-спорттық сипаттағы жұмыстарды жетілдіруді білдіреді. Бірінші бағыт бойынша Ресейдің басым студенттер лигаларына кіретін спорт түрлері бойынша командалар құрылды. Дене шынықтыру-бұқаралық және спорттық сипатты жұмыс студенттерге жүйелі дене белсенділігімен шұғылдануға қатысуға көмектеседі, сонымен қатар менеджерлер, еріктілер, ұйымдастырушылар және т.б. рөліндегі іс-шараларды дайындауға қатысуға мүмкіндік береді [81, б.35].

Р.А. Агаев студенттер спортын жоғары дәрежелі білім беру мекемесінің жағдайында жетілдіруді реттеуге баса назар аударды. Студенттер спортын жетілдіру арқылы реттеу процесінің ұйымдастырушылық-дидактикалық бағытының мазмұны мен құрылымы күрделі. Бұл жерде педагогикалық процес оңтайлылығының басым шаралары жүзеге асырылады, атап айтқанда: шешілетін міндеттердің әлеуметтік-тұлғалық сипатын басқаруды орталықтандыруды және орталықсыздандыруды тиімді үйлестіру; студенттер спортын жетілдіруді реттей отырып, осы профессорлық-оқытушылық құрамның және ЖОО жаттықтырушыларының қатысуындағы алқалық ережелер, оларды енгізу үшін дербес сипаттағы жауапкершілікпен үйлестіре отырып, тұжырымдалған тұжырымдарды түсіндірудің жариялылығы негізіндегі белсенділігі [78, б.8].

S.Pinar, Y.B.Ozdol, M.K.Ozer оқу кезінде ер студенттердің дене белсенділігі деңгейін зерттеді. Дене белсенділігі бүкіл өмірлік циклде салауатты өмір салтын насихаттау және сақтау үшін маңызды фактор болып табылады. Алайда, бұл ДБ-нің өзімен байланысты ма немесе бастауыш сынып оқушыларына арналған спорттық командаларға қатысуға байланысты ма, белгісіз. Зерттеу мақсаты: тұрақты спорттық іс-шараларға (Sa) қатысатын оқушылардың және мектеп күндері тұрақты спорттық іс-шараларға (Sb) қатыспайтын оқушылардың ДБ-ін салыстыру. Екі топ арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар жүрек соғу жиілігі мен векторлық шамада байқалды. Алайда, екі топ арасында дене массасының индексі (ДМИ) бойынша елеулі айырмашылықтар байқалмады. Sb тобы дене шынықтыру сабақтары мен тұрақты спорттық іс-шаралар ескерілмеген Sa тобымен салыстырғанда мектеп күндерінде дене белсенділігі деңгейінің жоғарылауын көрсетті. Бұл дегеніміз, балалар осы іс-шаралар кезінде күнделікті ДБ қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Екінші жағынан, мектеп сабақтары кезінде жинақталған ДБ мөлшері барлық балалардың денсаулығын жақсарту бойынша ағымдағы ұсыныстарға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болып көрінді [125].

E.J.Vargo, R.A.James, K.Agyeman, T.MacPhee, R.McIntyre, F.Ronca, A.Petróczi Англиядағы университет студенттері арасында көмекші танымдықты және спорттық өнімділікті қабылдауды зерттеді. Бұл зерттеу университет студенттерінің

спорттық және академиялық орталарында спорттық өнімділікті жақсартатын заттарды қолдануға қатысты этикалық ойларға қалай жауап бергенін салыстырды. Жасырын қауымдастық студенттердің моральдық көзқарастарының айтарлықтай поляризациясын анықтаған жоқ. Айқын шаралар допинг мінез-құлқымен күшті келіспеушілікті көрсетті. Кәсіби спортпен айналысатындар химиялық күшейтуді басқа респонденттерге қарағанда қолайлы деп тапты, бұл аспаптық көзқарасты және әлеуметтік білімді есірткіні қолданудың бір саласынан екіншісіне ауыстыруды қамтиды. Қатысушылар спорт пен білім беруде күшейткіштерді қолдануды басқаларға әсер еткен кезде «алдау» деп қабылдады, бірақ еңбек нарығындағы бәсекелестікке байланысты танымды өнімділікті жақсарту қажет болуы мүмкін деп есептеді. Нәтижелер студенттердің кейбір топтары химиялық күшейтуді қолайлы деп санағанын көрсетеді. Танымды күшейткіштерді қолданған немесе допинг қолданған біреуді білетін үлгінің үлесі психологиялық белсенді заттармен өнімділіктің жоғарылауы қалыпқа келіп, танымал бола алады деп болжайды [126].

H.Nonari, M.Goudarzi, A.Heidari Тегеран университетінің студенттерінің белгілі бір өмір салтын ұстану және бос уақытын спортқа баса назар аудару тәсілдерін зерттеді. Қозғалыссыз белсенділік студенттердің бос уақытының көп бөлігін құрайды, онда спорт пен жаттығудың рөлі минималды. Сонымен қатар, мәдени, әлеуметтік және денелік факторлар ерлер мен қыздар студенттері арасындағы бос уақыттың түрлеріне ықпал етеді. Нәтижесінде студенттер арасында белсенді өмір салтын насихаттау үшін оларға дене белсенділігі мен әл-ауқаттың артықшылықтары туралы хабарлау керек. Сонымен қатар, кампустарда студенттердің дене белсенділігіне арналған ашық спорт алаңдары мен жасыл алаңдар болуы керек. Сонымен қатар, студенттердің қалауына байланысты жатақханаларда музыкалық бөлмелер болуы мүмкін, ал спорт клубтарында студенттер бос уақыттарын оңтайлы өтуі үшін музыка ойнап тұруы керек [127].

E. Luri көшбасшылық көзқарасқа – студенттердің өмірге дайындалу тәсілі мен спорттық іс-әрекетке деген қызығушылығына баса назар аударды. Бұл зерттеуде автор бәсекелестік белсенділік топтық климатты ынталандырады және студенттердің қозғалысқа деген қызығушылығын дамыта отырып, көшбасшылық көзқарасын тәрбиелейді деген болжамнан туындады. Әр топта бүкіл топтың қызметін ортақ мақсатқа бағыттауда маңызды рөл атқаратын көшбасшы (топқа жауапты, команда капитаны және т.б.) болуы керек. Көшбасшы мен басқарушы топтың қызметі ұжымдық әрекеттерді ұйымдастырумен, шешумен, бақылаумен және бақылаумен тығыз байланысты.

Көшбасшы тобының көшбасшылығы субъективті және ұжымдық мінез-құлықтың бірқатар процестері мен механизмдерімен тығыз байланысты көптеген психологиялық салаларды қамтиды. Бәсекелестік белсенділік топтық климатты ынталандырады, көшбасшыларды бағалайды, студенттердің қозғалысқа деген қызығушылығын арттырады, осылайша болжамды растайды. Бүгінгі және өткен ғасырдың үш-төрт онжылдықтары арасындағы салыстыруды жүргізе отырып,

тұжырымдаманың, ең алдымен, спорттық жетістіктерге қатысты өзгеруіне баса назар аударылады. Егер бұрын бұл біртүрлі ерсі көрініс деп саналса, бүгінде біз спортпен шұғылдануға, орындаушы болуға, халықаралық спорт жұлдыздары болуға немесе жай ғана көңіл көтеру үшін айналысқысы келетіндердің әсерлі өсуін байқаймыз [128].

B.SalehNia, M.Mizany, S.Nasrollah Sajadi, M.Rahimizadeh белсенді және белсенді емес студенттердің спорт пен дене белсенділігіне қатынасын салыстырды. Нәтижелер университеттің спорттық командалары мүшелерінің жалпы спортқа және оның 5 құрамдас бөлігіне (бас айналуға ұмтылу компонентін қоспағанда) көбірек қатысы бар екенін көрсетті. Краскел-Уоллис сынағы «бас айналуға ұмтылу» компонентін қоспағанда, топтар арасындағы бұл айырмашылықтардың шамалы екенін көрсетті. Отбасылық жағдай, спорт шығындары, отбасы табысы, отбасы мөлшері сияқты факторлар спортқа деген көзқарасқа әсер етпеді, бірақ «бас айналуға ұмтылу» компонентінде әртүрлі жас топтары арасында айтарлықтай айырмашылық болды [129].

A.Amornsriwatanakul, H.A.Rahman, P.Katewongsa, S.Chaiyasong, S.Charoenwattana, S.Chupradit, K.Ivanovitch, Y.Rodjarkpai, K.Sriboonma, S.Sudnongbua, A.Wattanapisit, V.Kasemsab Тай университеттерінің студенттері арасында дене белсенділігімен байланысты көпдеңгейлі факторларды зерттеді. Жеке деңгейде аз немесе артық салмағы бар қыздардың дене белсенділігінің жеткілікті деңгейіне ие болу мүмкіндігі айтарлықтай төмен болды. Екінші курс студенттерінің мүмкіндігі бірінші курс студенттеріне қарағанда 22% жоғары болды. 1-3 және 4-6 спорт түрлерімен айналысатын студенттердің жеткілікті дене белсенділік мүмкіндігі сәйкесінше 3 және 4 есе жоғары болды. 8 сағаттан астам отырықшы өмір салтын ұстанған және жеміс-жидек/көкөністі жеткілікті мөлшерде тұтынған студенттердің жеткілікті дене белсенділігіне ие болу мүмкіндігі сәйкесінше 70% пен 59% жоғары болды. Қоршаған орта деңгейінде университетке/университеттен белсенді барып келіп жүрген студенттер жеке демалыс орындары бар университетке және дені сау университет құрылымын (HUF) қабылдаған университетке барып, дене белсенділігінің жеткілікті деңгейіне ие болды [130].

M.Hut, C.R.Glass, K.A.Degnan, T.O.Minkler зейінді жаттықтырудың зейінділікке, мазасыздыққа, эмоцияны реттемеуге және спортшы қыздар арасындағы нәтижелерге қанағаттануға әсерін зерттеді. Осы зерттеу спорттағы зейінді арттыру бағдарламасы (MSPE) бойынша 6 апталық жаттығу кіші (бірінші және екінші оқу жылындағы) спортшы студенттердің үлкендермен (үшінші және төртінші оқу жылы) салыстырғанда зейініне, спорттық мазасыздығына, эмоционалды реттелмеуіне және зейін/эмоцияға және денелік спорттық нәтижелерге қанағаттануына дербес әсер еткенін зерттеді. Бірнеше 2×2 аралас ANOVA спорттық алаңдаушылықтың айтарлықтай төмендеуін, сондай-ақ зейін/эмоцияға және денелік спорттық көрсеткіштерге қанағаттанудың өзін-өзі бағалауының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Ересек жастағы спортшы

студенттер өздерінің жас командаластарына қарағанда спорттағы зейін көрсеткіштерін жақсартты және тәуелсіз таңдамалы t-тестілері егде жастағы спортшы студенттер жаттығулар, командалық жаттығулар мен жарыстар кезінде зейіннің жиірек тәжірибесі туралы хабарлағанын көрсетті. Сызықтық регрессиялар жас спорттық алаңдаушылықтың төмендеуін және ұстанымның бұзылуы саналы қабылдаудың жақсаруын болжайтынын көрсетті [131].

Л.В. Морозова, Л.А. Кирьянова ЖОО-ғы студенттер спортын жетілдіру бойынша заманауи талдау жүргізді. ЖОО-да түрлі шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылып, спорттық командалар құрылды. Білім алушылардың сабаққа жазылуы ерікті жүргізіледі. Кесте оқудан тыс уақытта спорттың әр түрі үшін сараланған түрде дайындалады. Оқу-жаттығу сипатындағы сабақтардың қарқындылығы дәстүрліден жоғары. Бұл жоғары деңгейдегі спорттық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Жаттықтырушы-педагог спорт резервін дайындайды. Олар білім алушыларға жоғары оқу орнының намысын қорғауға мүмкіндік береді және оларға коммуникативтік, көшбасшылық, ұйымдастырушылық сипаттағы қасиеттерін жетілдірудің барлық жолдары ашылады [132].

С.Ш. Намозова, Ш.З. Хуббиев, Л.В. Шадрин ЖОО-ғы студенттер спортының деңгейлерін ұсынды. ЖОО-ғы студенттер спорты келесі ұйымдастырушылық үлгіге ие:

- 1) дене тәрбиесі бойынша оқу сабақтары;
- 2) университеттердің құрама командаларында спортшыларды даярлау;
- 3) Ресейдің құрама командаларында спортшыларды даярлау.

Бірінші деңгейде мынадай міндеттер шешіледі: қимыл қабілеттерін жетілдіру; сауықтыру сипатында мөлшерленген жүктемелерге бейімделу реакцияларын түзу; кардио-респираторлық, бұлшықет, жүйке және басқа сипаттағы дене жүйелерін іске асырудағы кемшіліктерді түзету.

Екінші деңгейде спортшы студенттерді даярлау білім беру механизмінің циклдік сипатына байланысты жүзеге асырылады. Студенттерді даярлауда психологиялық сипаттағы дайындықта үлкен рөл атқарады.

Үшінші деңгейде басым міндет – студентті спорттағы жоғары нәтижелерге дайындау. Осы мақсатта медициналық қамтамасыз етуді жетілдіру; психологиялық-биологиялық және генетикалық сипаттағы зерттеу тенологияларын қолдану қажет [133].

А.Н. Туровский Ресейдің жоғары оқу орындарындағы студенттік спортты жетілдіру мәселелері мен оның болашағы қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Студенттік спорттың дамуын қамтамасыз ету жолдарына оқу орындарында дене тәрбиесінің мазмұнын жаңғырту, спорттық-инфрақұрылымдық базаны жетілдіру, сондай-ақ студенттердің салауатты өмір салтына деген тұрақты уәждемесін қалыптастыру жатады.

Студенттік спортты жетілдірудің тиімді бағыттарының бірі – жоғары оқу орындарында дене тәрбиесінің түрлі практикалық және белсенді бөлімдерін

камтитын қосымша сабақтарды ұйымдастыру болып табылады. Мұндай сабақтар студенттердің дене дайындығын арттырумен қатар, олардың тұлғалық және әлеуметтік бейімделуін, командалық рухын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тәжірибе білім алушылардың жеке дене және психологиялық мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған негізгі педагогикалық элемент ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, Ресейдің жоғары оқу орындарындағы студенттік спорт жүйесін жетілдіру болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуына жағдай жасап, білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Студенттердің дене белсенділігін арттыру, спорттық бастамаларды қолдау және университет ішілік жарыстарды жүйелі түрде өткізу студенттік спорттың әлеуметтік және мәдени маңызын арттыруға мүмкіндік береді [134].

Л.В.Капилевич студенттік спорттағы педагогикалық бақылау – оқу-жаттығу процесінің тиімділігін арттыруға, студенттердің спорттық нәтижелерін объективті бағалауға және дене тәрбиесі арқылы олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған кешенді ғылыми-педагогикалық әдіс болып табылады. Бұл бақылау түрі оқу және жаттығу үдерісінің мазмұны мен құрылымын талдауға, студенттердің дене және функционалдық дайындық деңгейін жүйелі түрде анықтауға, сонымен қатар жаттықтырушы мен оқытушының педагогикалық ықпал ету тәсілдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық бақылау спорттық дайындықтың ғылыми негізделген мониторингі ретінде студенттердің жеке даму динамикасын, дене сапаларының жетілуін және психологиялық тұрақтылық деңгейін бағалаудың маңызды құралы болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық бақылау жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі мен спорттық дайындық жүйесінің сапасын арттыруда, оқу-жаттығу процесін дараландыру мен оңтайландыруда шешуші рөл атқарады. Ол студенттердің спорттағы жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар олардың зияткерлік, ерік-жігерлік және моральдық қасиеттерінің дамуын қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелік негіз ретінде қызмет етеді [135].

О.А. Ильичева студенттер өз қызметінің кейбір элементтерін білуі керек. Бұл - студенттерді осы спорт түрімен айналысуға іріктеу, студенттерді сабаққа байыпты қарауға сендіру; студенттерді осы үшін қолайлы жағдайлардың болмауына байланысты бұрын айналысқаннан айырмашылығы, басқа спорт түрімен айналысуға тарту. Спорттық резервті үнемі сақтап отыру қажет, өйткені оның болуы спорттық жетістіктерге қолайлы алғышарттар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда қандайда бір спорт түрі бойынша командаларда студенттердің жетіспеушілігіне байланысты сәтсіз өнер көрсету жағдайларының алдын алуға болады [136].

Студенттік спорт дамуы мәселелері бойынша талданған әдебиеттерді сараптау нәтижесінде жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, студенттік спорт дамуы бойынша негізгі зерттеу бағыттарын келесі кестеде көрсеттік, кесте-2.

Кесте 2 - Зерттеу мәселесінің құрамдас бөлімдерін мамандардың қарастыру бағыттары

Зерттеу бағыттары	Ғалымдар	Басым сипаттамалары
Студенттік спорттық ерекшелігі	И.А.Журова [49, б.28], В.В.Орлова, О.Е.Халалеева [52, б.166], В.А.Леднев, [55, б.153]	Әр спорт түрі бойынша құрама командаларды даярлауға спорт клубтарының жаттықтырушылары жауапты тұлға ретінде саналады. Студенттік спорттың дамуына құқықтық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі кері әсерін тигізеді.
Жоғары оқу орнында спорттық дайындықты ұйымдастыру мен жоспарлаудың ерекшеліктері	Е.С.Крючек, Т.С.Ковшура [69, б.91], F.Munoz-Ballon, M.I.Sanchez Buena A.Voc-Saz [115, б.369]	Емтихан сессиясы мен демалыс кезеңдерін ескере отырып, аэробика бойынша оқу-жаттығу үдерісінің ерекшеліктері. Оқу жүктемесінің жоғары болуына байланысты жаттығу көлемінің мәжбүрлі түрде қысқаруы.
Жоғары оқу орнында студенттік спортты дамыту үдерісін басқару	В.П.Демеш, В.А.Чугунова [80, б.150], В.П.Сушенко, В.А.Щеголев [82, б.553], Yonghwan Kim a, Viber Lubb, Zhon Shan [121, б.899],	Басты көрсеткіш – студенттердің жаттығу үдерісіне белсенді атсалысуы. Жетістікке жетудің негізгі себептері – ойлау қабілеті мен кәсіби даярлығының жоғары деңгейі. Сонымен қатар, өз бетінше жаттығудың рөлі ерекше маңызды.
Студенттік спорт – жоғары жетістікті спортшыларды даярлау факторы ретінде	Т.Ш.Хайитов [97, б.252], Е.А.Дергач [106, б.24],	Студенттердің жоғары жетістікті спортқа ауысу шарттары және студенттік спорттан кету себептері.

Ғылыми әдебиеттер талдауын негізге ала отырып, біз студенттік спортты дамытудың басым алғышарттарын анықтадық, кесте-3.

Студенттік спортты дамыту мәселесін біз білім алушылардың спорттық белсенділікке деген сұранысы мен оны қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлардың жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылық ретінде қарастырамыз. Аталған жағдай бастапқы алғышарт ретінде қабылданып, зерттеу бағыты спорттық бағдарланған дене тәрбиесі аясында оқу үдерісін

ұйымдастырудың тиімді баламаларын әзірлеуге және оларды дене белсенділігінің әртүрлі формаларымен ұштастыруға бағытталады.

Келесі алғышарт жоғары оқу орындарында спорттық даярлықты жүйелі жоспарлау қажеттілігі мен студенттердің оқу жүктемесінің ерекшеліктерін ескере отырып, бұл процесті іске асыру тетіктерінің жеткіліксіз қалыптасуы арасындағы сәйкессіздікпен сипатталады. Осы тұрғыда зерттеу жұмысы оқу қызметін жылдық циклге негізделген жаттығу және жарыс іс-шараларымен үйлестірудің құрылымдық үлгілерін әзірлеуге бағытталады.

Үшінші алғышарт студенттік спортты басқару жүйесін жүзеге асырудағы ұйымдастырушылық және ресурстық шектеулермен байланысты. Атап айтқанда, басқару тетіктерінің толыққанды іске аспауы мен қаржылық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі айқын көрінеді. Осыған сәйкес, зерттеу бағыты балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен кәсіби клубтармен әріптестікті дамыту, қаржыландыру көздерін жетілдіру және студенттердің құрама командаларының негізгі жарыстарға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту жолдарын айқындауға бағытталады.

Төртінші алғышарт – студенттер спортын дамытуды спорт мекемелерімен және кәсіби клубтармен ынтымақтастықта ұйымдастыруды қарастырамыз.

Кесте 3 - Студенттік спорт дамуының алғышарттары

№	Алғышарттар	Зерттеу бағыттары
1	2	3
1	Студенттік спорттың құрылымы мен білім алушылардың спорт түрлерімен айналысу қажеттіліктері арасындағы қайшылық.	Спорттық бағыттағы дене тәрбиесі аясында оқу сабақтарын ұйымдастырудың балама үлгілерін енгізу және оларды дене белсенділігінің әртүрлі формаларымен ұштастыру.
2	Жоғары оқу орындарында спорттық даярлықты ұйымдастыру мен жоспарлаудың қажеттілігі мен студенттердің оқу үдерісінің ерекшеліктеріне бейімделген оны іске асыру тетіктерінің жеткіліксіз қалыптасуы арасындағы қайшылық.	Оқу ісін жаттығу және жылдық цикл құрылымындағы жаттығумен, жарыстық қызмет графигімен үйлестіру жолдарын әзірлеу.
3	Студенттерді жоғары дәрежелі командалардың резервы ретінде даярлау қажеттілігі мен ЖОО жеткіліксіз құрылған жағдайлар арасындағы қайшылық.	Студенттердің құрама командаларының басты жарыстарына студенттерді БЖСМ және кәсіпқой клубтармен өзара байланысты нығайту негізінде

3-кестенің жалғасы

1	2	3
		қаржыландыру есебінен спорт түрлері бойынша қатыстыру жолдарын қарастыру.
4	ЖОО жағдайында студенттік спортты басқару компоненттерін іске асыру мен осы процесті жеткіліксіз қамтамасыз ету арасындағы қайшылық.	Студенттер спортын дамытуды спорт мекемелерімен және кәсіби клубтармен ынтымақтастықта ұйымдастыру.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер бізге студенттік спортты дамытудың ерекшеліктерін, алғышарттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Келесі кезекте біз зерттеуіміздің негізгі ұғымы «студенттік спорт» категориясының мәнін ашуды жөн көрдік. Ғылыми зерттеулердегі «студенттік спорт» ұғымына контент- талдау жасадық, кесте - 4.

Кесте 4 - Ғылыми зерттеулердегі «студенттік спорт» ұғымына контент - талдау (2008-2025ж.)

№	Автор, еңбегі	Ұғымның мәні
1	2	3
1	Грицак Н.И. Студенческий спорт и его связь с общей культурой общества // Фундаментальные исследования. 2008. № 1. С. 89-90.	Студенттік спорт ресейлік спортты дамытудың негізі және жастардың ортасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізі боп табылады. Студенттік спорт оның бай құндылық әлеуетімен қоғамның жалпы мәдениетіне тікелей әсер етеді.
2	Иванова Л. А., Казакова О. А. Студенческий спорт как спорт высоких спортивных достижений // «Концепт». – 2014. – № 10 – С. 61–65.	Студенттік спорт жоғары жетістіктер спортын дамытудың базалық сегменті болуы керек.
3	Орлова В.В., Халалеева О.Е. Студенческий спорт в условиях глобализации //Международный журнал прикладных и фундаментальных	Спорт жаһандық экономикалық жүйенің бөлігі, үлкен саясаттың акторы, ғылыми - техникалық жетістіктердің жүзеге асуына айналды.

4-кестенің жалғасы

1	2	3
	исследований. 2014. № 2 (часть 2) С. 164-168	Спорт- бұл іс- әрекеттің ерекше түрі және аталмыш салада мапсаптық сипаттамаларды дамытуға бетбұрыс бар.
4	Мадиева Г.Б. Физическая культура в высших учебных заведениях: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 200 с.	Күш, жылдамдық, төзімділік сияқты дене қабілеттерін арнайы дамытпайынша оқыту процесінің әдістерін жетілдіру мүмкін емес. Күш, жылдамдық, төзімділік бір бірінен ажырап жұмыс жасамайды, олар өзара байланысты және бір бірін толықтырады.
5	Замоличева М.В., Мартиросова Т.А. Современное состояние и перспективы развития студенческого спорта // Совершенствование системы физического воспитания, спортивной тренировки, туризма, психологического сопровождения и оздоровления различных категорий населения: Сборник материалов XX МНПК, Сургут, 2022. – С. 243-245.	Студенттік спорт оқыту процесінің маңызды бөлігі болып табылады, дене дамуымен бірге, әлеуметтік өзара әрекеттесуге бағытталған.
6	Деканоидзе Д.В. Студенческий спорт/ Интерактивная наука № 5 (70), 2022 -С.36-37	Студенттік спорт -жоғары оқу орны жағдайындағы спорттың құрамдас бөлігі, ол өзіне жаппай спорт пен жоғары жетістік спортын кіріктіреді.
7	Полебенцева Н.П., Полебенцев С.Н. Студенческий спорт в современном мире // Наука - 2020. 2022. №7 (61)	Студенттік спорт спорттық рухты шынықтырып қана қоймай, студентті тәртіпке шақырады. Дене жүктемелер имундық жүйенің тұрақтылығын арттырады, ағзаның психологиялық тұрақтылығына жағымды әсер етеді. Студент тұлғасының дене мүмкіндігі және рухани жетілуі, оның салауатты өмір салты, спорттағы әріптестеріне сыйластық қазіргі студенттік қоғамның басты құндылықтары.

4-кестенің жалғасы

1	2	3
8	В.Д. Иванов, И.Е. Титов Студенческий спорт: история и перспективы /Актуальные проблемы педагогики и психологии. 2023. Том 4. № 1. С. 30-37.	Студенттік спорт заманауи әлемде тек қана әлеуметтік агент емес, сонымен бірге тұлғаның белсенді әлеуметтенуіне әсер етерін фактор болып табылады.
9	Меньшиков И. С., Малыгина Л. В. Студенческий спорт на современном этапе развития // Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. 2024. № 10 (99).	Студенттік спорттың маңыздылығы жастарды салауатты өмір салтына бағыттап, дене қабілеттілігі белсенділігі сапасын арттырады. Спорттық жарыстар білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне, соның ішінде ұйымдастырушылық дағдылар мен командалық рухты нығайтуға оң әсер етеді.
10	Планидин Е.С. Студенческий спорт как социальное явление /Сибирский федеральный университет https://elib.sfu-kras.ru/	Студенттік спорт жас адамның таланты мен қабілеттерін жүзеге асыру саласы, бұл жерде спорттың әлеуметтік сипаты оның түрлерінің көптүрлілігінде көрініс табады, ол студентке өз қажеттіліктерін қанағаттандырып, алға ұмтылуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда кестеде қарастырылған мәліметтерді түйіндей келе, студенттік спорттың келесідей сипатын атап өтуге болады:

- әлеуметтік өзара әрекеттесу құралы;
- жаппай спорт пен жоғары жетістік спортын өзіне кіріктіреді;
- студенттің рухани жетілу факторы;
- студенттің қажеттіліктерні қанағаттандыруға, алға ұмтылу мүмкіндігі және

т.б.

Жалпы ғылыми зерттеулерде студенттік спорттың мағынасы кең қарастырылатынын және түрлі мәндік сипаттамаларға ие екенін байқадық.

Келесі кезекте студенттік спорттың қазіргі кезеңдегі даму процесіне назар аударуды жөн көрдік.


Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, қазіргі заманғы білім беру ұйымдары студенттердің дене тәрбиесі процесін жетілдіру және спорттық дағдыларын дамыту үшін цифрлық құралдар мен технологияларды барған сайын кеңінен қолдануда. Цифрлық технологияларды енгізу, басқару, оқыту және бағалау мақсатында цифрлық білім беру өнімдерін пайдалану жоғары оқу орны

түлектерінде цифрлық мәдениетті қалыптастырады, олардың цифрлық әлеуметтенуіне ықпал етеді, сондай-ақ еңбек нарығында жоғары бәсекеге қабілетті болуына, әлеуметтік және жеке өмірде сұранысқа ие болуына мүмкіндік береді [137].

Цифрлық технологиялар студенттерді ұйымдастыруға, басқаруға, оқытуға және олардың алған нәтижелерін бақылауға жаңа жоғары технологиялық деңгейде мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар кез келген индустрияда, ұйым қызметінің кез келген функциясында көрініс табады. Негізінен бұл технологиялар деректерді жинау, сақтау, беру және өңдеу процестерімен байланысты. Мәселен, нейротехнологиялар адам миының жұмысын, оның ойлау процестері мен шығармашылық шешімдерін түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ когнитивтік процестерді күшейтуге ықпал етеді.

Ал жасанды интеллект – бұл адам миындағы когнитивтік процестердің функцияларына сәйкес келетін технологиялық шешімдер кешенін имитациялау. Ол әртүрлі деңгейдегі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді және көптеген жағдайда адамның осындай міндеттерді шешу нәтижелерімен салыстырмалы нәтижелерге қол жеткізуге жағдай жасайды [138].

«Нейротехнологиялар және жасанды интеллект» атты цифрлық технологияға бірқатар субтехнологиялар тобы жатады: компьютерлік көру, табиғи тілді өңдеу, сөйлеуді тану және синтездеу, шешім қабылдауды қолдау жүйелері, сондай-ақ нейропротездеу және нейроинтерфейстер.



Сурет 5 – «Нейротехнологиялар және жасанды интеллект» цифрлық технологияның субтехнологиялар тобы

Қоғам өмірінің көптеген салаларында «Компьютерлік көру» технологиясы әртүрлі қосымшалар арқылы қолданылып, өзінің тиімділігін дәлелдеуде. Мысалы, IBM компаниясы 2018 жылы гольф жарыстарында Mu Moments компьютерлік көру

жүйесін пайдаланып, спортшыларға арналған жеке дараланған оқыту бейнероликтерін жасауға мүмкіндік берді [139].

Сонымен қатар, осы компания компьютерлік көрудің субтехнологиясын адамның ағзасындағы сау және қатерлі ісік жасушаларымен зақымдалған тіндерді анықтау үшін қолданды. Бұл жағдайда флуоресцентті бояғыштар лакмус ретінде пайдаланылып, тіндердің күйін дәл тануға жағдай жасалды.

Дене тәрбиесі мен студенттік спорт саласында цифрлық модельдердің негізгі артықшылықтарына тоқталсақ:

1. Олар әрбір студентке жеке тәсілді қамтамасыз етеді, оның дене дайындығы деңгейін, мақсаттары мен қажеттіліктерін ескереді. Цифрлық қосымшалар мен бағдарламалардың көмегімен студенттің дене белсенділік деңгейі, денсаулық жағдайы және жетістіктерінің динамикасы негізінде жекелендірілген жаттығу бағдарламаларын құруға болады.

2. Цифрлық модельдер оқыту мен жаттығудың әртүрлі формаларын ұсынады. Олардың құрамына интерактивті сабақтар, виртуалды тренажерлар, тәжірибе алмасуға және жарыстар өткізуге арналған онлайн платформалар кіреді. Мұндай құралдар студенттердің қозғалыс техникасын тиімді меңгеруіне, спорттық дағдыларын дамытуына және сабаққа деген мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

3. Олар студенттердің жетістіктерін мониторинг жасап, талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Дене белсенділігін есепке алу және бақылау жүйелері студенттердің жетістіктерін, дене дайындығын бағалауға және жаттығу бағдарламаларын түзетуге жағдай жасайды. Бұл студенттерге өз прогресін талдауға, жаңа мақсаттар қоюға және жоғары нәтижелерге жетуге деген ынтасын сақтауға көмектеседі [140].

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, жоғары оқу орнындағы спорттық ортаны жетілдіру үшін ғалымдар келесідей қызмет бағыттарын таңдаған:

1. Дене тәрбиесі кафедрасының, студенттік спорт клубының, университет әкімшілігінің және волонтерлік орталықтың іс- шараларын ұйымдастыру қызметін түрлендіру. Бұл ретте жергілікті корпоративтік электрондық пошта, деректерді сақтауға арналған бұлттық технологиялар, іс -шараларға электронды тіркелу үшін Google сервистері және басқа да цифрлық құралдар пайдаланылады.

2. Спорттық іс- шараларды университеттің ресми сайтында және әлеуметтік желілерде жариялау, сондай- ақ олардың мазмұнын шеберлік сабақтары, бильярд және жалпы дене дайындығы бойынша жарыстар, «Денсаулық апталығы» сияқты шаралар арқылы кеңейту.

3. Университеттің спорт залдарында дене мәдениеті мен спортпен (ДШЖС) өз бетінше айналысуға жағдай жасау, олардың уақытын ұзарту, қосымша білім беру қызметтерін және қашықтықтан жаттығуларды ұсыну [141].


4. «ESTECK System Complex» компьютерлік бағдарламасын пайдалана отырып, спортшы студенттерді морфофункционалды диагностика жүргізу.

5. Білім беру мен спорттық жұмыста заманауи электронды ресурстарды пайдалану.

Білім берудің цифрлық трансформациясы- бұл, ең алдымен, қашықтықтан электрондық оқыту алу немесе мектеп пен жоғары оқу орнында білім алу барысында әртүрлі бағдарламалар мен басқа да цифрлық ресурстарды пайдалану. Ол тек оқыту үдерісін ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық аспектілерді де қамтиды. Цифрлық трансформация жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру үшін электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет деп есептеледі [142].

Цифрлық білім берудің құрамдас бөліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- медиа (желідегі медиаконтент және интерактивті цифрлық оқулықтар);
- коммуникациялық ресурстар (білім алушылар арасындағы қарым - қатынасты қамтамасыз ететін сервистер және оқу материалдарына сілтемелер);
- ақпараттық ресурстар (сайттар, онлайн кітапханалар, вебинарлар және т.б.)
- контент жасауға арналған бағдарламалар;
- бірлескен жұмысқа арналған платформалар [143,144, 145].



Сурет 6 – Цифрлық білім берудің құрамдас бөліктері

XXI ғасырда студенттік спорт негізінен жарыстық қызмет түрінен университеттердің, мемлекеттің және халықаралық академиялық қауымдастықтың даму стратегиясымен ықпалдасқан көпдеңгейлі әлеуметтік-білім беру экожүйесіне айналды.

Сонымен, біздің түсінігімізде студенттік спорт - бұл жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дене шынықтыру - спорттық, білім беру, ғылыми және әлеуметтік - коммуникативтік қызметін біріктіретін, университеттің даму стратегиясымен және қоғамның сұранысымен үйлесетін көпдеңгейлі жүйе.

Қазіргі жағдайда студенттік спорттың мақсаты:

- адам капиталын қалыптастыру;
- soft skills (көшбасшылық, командада жұмыс істеу, стресс -төзімділік) дамыту;
- денсаулықты нығайту және гиподинамияның алдын алу;
- спорттық резервті даярлау;
- университеттің ұлттық және халықаралық беделін арттыру;
- инклюзивтілік пен тұрақты даму қағидаттарын жүзеге асыру.

Қазіргі кезеңдегі студенттік спорттың басты ерекшеліктеріне біз келесілерді жатқызамыз:

1.Институционалдық интеграция. Студенттік спорт университеттің стратегиялық дамуының маңызды бөлігіне айналды. Ол: білім беру бағдарламаларымен, ғылыми зерттеулермен, академиялық ұтқырлықпен, халықаралық рейтингтермен өзара байланыста дамиды. Халықаралық деңгейде университеттік спортты FISU (Халықаралық университеттік спорт федерациясы) үйлестіреді.


2.Цифрландыру. Бұл ретте заманауи студенттік спорт мыналарды қамтиды: дене дайындығын цифрлық мониторингтеу жүйелері; жарыстардың онлайн трансляциясы; спорттық талдау платформалары; университеттік киберспорт лигалары. Киберспортты дамытуда International Esports Federation ұйымы маңызды рөл атқарады.

3. Инклюзивтілік және қолжетімділік. Қазіргі модель: бейімделген (адаптивті) спортты дамытуға; гендерлік теңдікке; ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қатысуына бағытталған.

4.Тұрақты даму қағидаттарымен сабақтастық. Студенттік спорт денсаулық, сапалы білім, серіктестік сияқты тұрақты даму мақсаттарын іске асыру құралы ретінде қарастырылады.

5. Коммерцияландыру және бренд қалыптастыру. Студенттік спорт бұл ретте университеттік спорт лигаларын дамыту; бизнес серіктестік; спорттық маркетинг; халықаралық универсиадаларға қатысу арқылы университет имиджін арттыруды (FISU аясында) көздейді.

Қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, түйіндесек: дәстүрлі түсінікте студенттік спорт- жоғары оқу орны аясындағы студенттердің жарыстық қызметі, ал қазіргі жағдайда- ол цифрлық және жаһанданған қоғамда тұлға мен кәсіби маманды қалыптастыратын әлеуметтік білім беру және инновациялық платформа.



Сурет 7 – Қазіргі кезеңдегі студенттік спорттың ерекшеліктері

Қазіргі жағдайда студенттік спорттың құрылымы көпдеңгейлі, интегративті және цифрландырылған жүйе ретінде сипаттаймыз, ол өзіне басқару, қызмет мазмұны және функционалдық компоненттерді кіріктіреді, сурет- 8



Сурет 8 – Қазіргі кезеңдегі студенттік спорттың құрылымы

1. Басқару деңгейлері бойынша құрылымын қарастырсақ:

Халықаралық деңгей: әлемдік универсиадалар, халықаралық студенттік чемпионаттар, үйлестіруші ұйым: FISU.

Ұлттық деңгей: ұлттық студенттік спорт лигалары, Республика чемпионаттары, салалық министрліктер мен федерациялар.

Аймақтық деңгей: облыстық универсиадала, аймақаралық жарыстар, ЖОО аралық турнирлер.

ЖОО деңгей: университет спорт клубтары, құрама командалар, ішкі спартакиадалар, студенттік спорт лигалары.

2. Қызмет бағыты бойынша құрылымға тоқталсақ:

Бұқаралық студенттік спорт: денсаулықты нығайту, барлық студенттерді қамты, спорттық фестивальдер мен акциялар.

Жоғары жетістіктер спорты: кәсіби дайындық, халықаралық жарыстарға қатысу, спорттық резервті қалыптастыру.

Бейімделген (адаптивті) спорт: ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған.

Киберспорт және инновациялық бағыттар: университеттік киберспорт лигалары, цифрлық жарыс платформалары.

3. Ұйымдастырушылық ресурстық компоненттері:

Нормативтік құқықтық компонент (заңнамалар, ережелер, даму бағдарламалары).

Ұйымдастырушылық басқарушылық компонент (спорт клубтары, федерациялар, үйлестіруші органдар).

Кадрлық компонент (жаттықтырушылар, дене шынықтыру оқытушылары, спорт менеджерлері).

Материалдық-техникалық компонент (спорт кешендері, инфрақұрылым, цифрлық жүйелер).

Ғылыми-әдістемелік компонент (зерттеулер, спорттық мониторинг, инновациялар).

Әлеуметтік-коммуникативтік компонент (еріктілер қозғалысы, медиа, брендқалыптастыру).

2.2 Студенттік спорт дамуының құрылымдық -мазмұндық моделі

Аталмыш тараушада біз студенттік спортты дамытудың құрылымдық -мазмұндық моделін әзірлеуге тырысамыз.

Ғалымдар В.И.Столяров, С.Ю. Баринов, М.М. Орешкин студенттердің спорттық қызметінің екі негізгі бағытын бөліп көрсетеді. Бірінші бағыт оқу процесінде және сабақтан тыс уақытта студенттердің спорттық қызметін ұйымдастыру. Бұл бағыттың мақсаты спорттық білім беру және сауықтыру рекреациялық міндеттерді шешу. Аталған бағыт жоғары оқу орындарының жалпы

білім беру және тәрбиелік міндеттерді міндеттерді ескереді және студенттердің басым көпшілігіне бағытталған.

Екінші бағыт спортқа дарынды студенттерді анықтау, олардың спорттық даярлық деңгейін арттыру және олардан жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау. Бұл бағыт спортты өзінің болашақ кәсіби қызметінің мүмкін болатын саласы ретінде қарастыратын студенттердің белгілі бір бөлігіне бағдарланған [146].

А.Е. Нечитайло, И.Т. Хайруллин жоғары оқу орындарында студенттер спортын жетілдіру заңдылықтарын атап өтті. Олар бұл заңдылықтарды келесі ретте көреді:

Студенттің дербестігі, яғни спортпен шұғылдануға, атап айтқанда фитнес-клубтарға және ЖОО ішінде бар басқа секцияларға жеке қызығушылығы.

Студенттердің санына байланысты уақытты бірнеше бөлікке бөлу керек, оны студенттерге ұнайтын спорт түріне жұмсау керек.

Бәсекелестік мотивацияны қалыптастыру үшін әртүрлі топтар арасындағы сайыстарды жүзеге асыру қажет. Оларда ойынның нақты қимылдары мен техникалық әдістеріне көбірек көңіл бөлінеді. Денелік және эмоционалдық сипаттағы күйге бақылау жүргізу қажет [147].

М.А. Кузьмин Н.А. Зиновьев студенттер спортын ЖОО-да жетілдіру үлгісін жасады. Жоғары оқу орындары өз командаларын көптеген спорт түрлерінен шығара бастады. Жоғары оқу орындарының біріншіліктеріне қатысқан университеттер командасы және жекпе-жекке қатысатын студенттердің жалпы саны көбірек болды. Біріншіліктерде спорт түрлері мен ЖОО-на қабылдаудың үлкен ауқымы білім алушыларға, біріншіден, өз бейімділіктерін түсінуге, ұнататын спорт түріне тоқталуға мүмкіндік берді; екіншіден, ЖОО-ғы барлық командалар арасында абсолютті есепте жоғары рейтингке ие болуға мүмкіндік берді, бұл өз кезегінде ЖОО-ғы дене шынықтыру-спорттық сипаттағы қызметті талдау және ондағы жалпы студенттер спортын жетілдіру шараларының бірі болып саналады. Құрама командалардың біріншіліктеріне қатысушылардың саны спорт түрлерінің жиынтығымен сипатталады [148].

О.К. Гусев студенттер спортын реттеуге деген инновациялық көзқарасқа негіздеме берді. Студенттер спортын реттеу құрылымын ЖОО ректоры басқарады. Әкімшілік басқарушылық сипаттағы бейінге бұдан басқа оқу қызметі жөніндегі проректор, спорттық-техникалық бағыттағы факультет деканы, спорттық-бұқаралық сипаттағы қызметке жауапты адам жұмыс істейтін факультет деканаттары енгізілген. Екінші (функционалды) деңгей бейінінің айрықша ерекшелігі - спорт саласы үшін инженерлік бейіндегі кадрларды дайындайтын спорттық-техникалық бағыттағы факультеттің кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістігіндегі біреуінің болуы болып саналады [149].

Л.Р. Рапопорт, Терентьев, А.Е., Томилова С. В. Ресейдің жоғары оқу орындарында студенттер спортын жетілдіруді педагогикалық реттеу қағидаларын ұсынды. Студенттер спортын жетілдіруді педагогикалық реттеудің тұжырымдамалық үлгісі мыналарға негізделген теориялық өзек болып табылады.

Атап айтқанда: а) әлеуметтік реттеу құрылымы мен педагогикалық механизмнің сәйкестігі негіз болып саналатын конвергенция идеясына, соған сәйкес педагогикалық реттеу оның бағдарлары мен міндеттерін әлеуметтік реттеу ережелеріне, ал қағидалары мен тәсілдеріне бағыну жағдайында педагогикалық механизмнің ережелері жүйелілік сипатында болады; б) білім алушылардың әлеуметтік, рухани, жекебасылық және дене сипатындағы қасиеттерін дамыту үшін жарыс жұмысымен ғылыми педагогикалық танымның шоғырланған әсерінің құрылымы. Ресейдегі студенттер спортын педагогикалық реттеу ережелеріне мыналар жатады: дене және спорттық даму мақсатында Ресейдің жоғары оқу орындарында студенттердің спортпен айналысу құқықтарын қамтамасыз ету және растау; орта және жоғары білімнің барлық деңгейлерінде студенттердің спорттық дайындық деңгейін арттыру; студенттердің отандық спорт жүйесінің халықаралық деңгейдегі құрылымға, бірақ орыс салт-дәстүрлерін сақтай отырып, кезең-кезеңмен көшуі [150].

В.П. Садова дене шынықтыру және спорт саласының болашақ магистрлерінде бұқаралық сипаттағы студенттердің спортты жүзеге асыруға даярлығының мәні мен мазмұнын талдады. Бұл құрылымға: мотивациялық-жеке тұлғалық; білімділік; операциялық-тиімді сияқты үш негізгі элемент кіреді.

Мотивациялық-жеке бөлім бұқаралық бағыттағы студенттердің тұрақты мотивациясы мен спортына, дұрыс өмір салты құндылықтарына ие болуды, бұқаралық бағыттағы студенттердің спорт бағдарламасымен үйлестірілген қызығушылықты құруды, мұнда жастардың үлкен ауқымын енгізуге деген ұмтылысты білдіреді.

Білім элементі - бұқаралық сипаттағы студенттердің спортты құқықтық тұрғыдан іске асыру негіздерін; бұқаралық бағыттағы студенттер спортын іске асыру нысандарын, әдістемелерін, білім алушылар арасында жекелеген жекпе-жектерді дайындау технологияларын игеруді білдіреді.

Операциялық-пәрменді бөлім заманауи жағдайда бұқаралық сипаттағы студенттер спортын енгізуге байланысты құзыреттерді құруға мүмкіндік береді. Студенттер спортының бұқаралық сипаттағы жүзеге асырылуға даярлығын оңтайлы құру үшін ұйымдастырушылық, педагогикалық, психологиялық іспетті үш негізгі жағдайды жүзеге асыру қажет [151].

А.А. Ильин ЖОО-да қысқы футбол бойынша мамандандыру негізінде білім алушылардың дене шынықтыруын сипаттады. Ол дайындаған топтардағы сабақтарды бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеу келесі ережелерге негізделді:

1. Оқу-жаттығу механизмнің циклдары бойынша құрылысы оның семестрдегі құрылымына байланысты жүзеге асырылды. Мұнда дәріс және әдістемелік-практикалық бөлім, қорытынды, кезеңдік және ағымдағы сипаттағы бақылау енгізілді.

2. Оқу-жаттығу механизмін жобалау қатысушылардың бәсекелестік-ойын жұмысының мазмұны және олардың жекпе-жек құрылымына қатысуы туралы ақпаратқа негізделуі керек.

3. Жекпе-жектің құрылымы оқу-жаттығу механизмінің айнаымалы бөлімі түрінде болды. Осы мақсатта білім алушылардың әртүрлі дәрежедегі жекпе-жектерге даярлығына рейтингтік талдау жасалды.

4. Білім алушыларды жиынтық даярлау технологиясы қарқындылығы артып келе жатқан жаттығу жаттығуларының көпсатылы құрылымымен сипатталуы тиіс.

5. Әдістемелік және практикалық сабақтардың құрылымы студенттерге тәуелсіз сабақтарда қажет білім мен дағдыларды терең игеруді көздейді.

6. Дене даярлығы дамуының динамикасын бақылау жүзеге асырылды.

7. Үйге берілетін жаттығулардың құрылымы дайындалды.

8. Барлық іске асырылып жатқан оқу жұмыстарына бақылау жүргізілді [152].

Кесте 5 - Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың диссертациялық жұмыстарындағы студенттік спорт мәселесінің қарастырылуы (2001-2025ж.)

№	Зерттеуші	Көзқарас	Еңбектер
1	2	3	4
1	Рапопорт Л.А.	Студенттік спортты педагогикалық басқарудың тиімділігі оның дамуының ұйымдастырушылық құрылымының қалыптасуына, сондай -ақ сандық және сапалық көрсеткіштердің кешенділігі мен объективтілігіне байланысты.	Педагогическое управление развитием студенческого спорта в университетах России. Дисс....д.п.н., Екатеринбург, 2001-364с.
2	Пасмуров А.Г.	Студенттік спорт ұлттық құрама командаларды қалыптастырудың сенімді базасына айналуы тиіс. Сондықтан Ресей студенттік спорт одағының ұсыныстары мен белсенді ұстанымын ескере отырып, Ресейдің студенттік чемпионаттары мен универсиадаларының жеңімпаздары болып табылатын студент спортшыларға арналған гранттар жүйесін енгізу жкніндегі жұмысты толық аяқтау қажет.	Историко-культурное значение наследия Универсиад студенческого спорта Дисс....к.п.н., Набережные Челны, 2011-177с.
3	Панова Е.О.	Студенттерді дене шынықтыру және спорт құндылықтарына баулудың біз әзірлеген педагогикалық технологиясы, оның құрылымдық мазмұны (құралдары, педагогикалық шарттары, бағалау критерийлері) дене	Содержание и организация физического воспитания студентов на основе приобщения к

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4
		шынықтыру және спорттың құндылықтық әлеуетіне тарту процесінің тиімді тәсілі болып табылады.	ценностному потенциалу физической культуры и спорта. Дисс....к.п.н., Москва, 2012-183с.
4	Аристов Л.С.	Қазіргі ресейлік бұқаралық спортты екі тұрғыдан қарастыруға болады:	Массовый студенческий спорт в
		біріншіден, кәсіби спорттың негізі ретінде; екіншіден, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған дербес құбылыс ретінде. Бірінші жағдайда студенттік спорт кәсіби спортқа апаратын кезең болып табылады, оның аяқталуында спортшы кәсіби спортшы болуды немесе жоғары оқу орнында меңгерген мамандығына басымдық беруді таңдайды. Екінші жағдайда студенттік спорт халықты салауатты өмір салтына тартудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.	современной России: взаимодействие социальных акторов. Дисс....к.п.н., Екатеринбург, 2018-165с.
5	Садовой В.П.	Бұқаралық студенттік спортты ұйымдастыруға даярлық бұл мотивациялық тұлғалық, когнитивтік және операциялық әрекеттік үш негізгі компоненттен тұратын конвергентті тұлғалық құрылым. Аталған компоненттердің жиынтығы студенттік ортада дене шынықтыру сауықтыру және бұқаралық спорттық іс -шараларды ұйымдастыру мен өткізуге мүмкіндік береді.	Формирование готовности к организации массового студенческого спорта у студентов магистратуры факультетов физической культуры. Дисс....к.п.н., Грозный, 2019-180с.
6	Агаев Р.А.	Студенттік спорттың дамуын басқарудың педагогикалық механизмінің мазмұны мен	Управление развитием студенческого

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4
		ұйымдастырушылық- дидактикалық құрылымы ұйымдастырушылық, педагогикалық, инновациялық және бақылау- есептік ықпал компоненттердің жиынтығын құрайды. Бұл компоненттер заманауи ақпараттық- аналитикалық мүмкіндіктермен үйлестіре қолданылған жағдайда анағұрлым тиімді болады.	спорта в условиях образовательной организации высшего образования. Автореферат дисс....к.п.н., Санкт-Петербург, 2020-23с.
7	Пешкова Н.В.	Студенттік спортты дамытуды полисубъектілік басқару- бұл жоғары оқу орнында дене шынықтыру спорттық жұмыстың тиімділігін бірлесіп жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау процесі. Ол топтық және жеке субъектілердің интегративті өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асырылады. Аталған басқару студенттік спорттың білім алушылар үшін барынша қолжетімді әрі тартымды болуын қамтамасыз етуге, олардың спорттық шеберлігін арттыруға, жаттығу және жарыс қызметіне тартуға, сондай- ақ салауатты әрі спорттық өмір салтын жан- жақты ынталандыруға бағытталады.	Полисубъектное управление развитием студенческого спорта в образовательном пространстве университета. Дисс.....д.п.н., Санкт-Петербург, 2021-408с.
8	Мұхамбет Ж.С.	Студенттердің дене шынықтыру - спорттық іс -әрекеттің өзіндік сабақтарына уәждемесін қалыптастыру әдістемесі екі негізгі құрамдас бөлікке негізделуі керек: психологиялық және педагогикалық, студенттердің қимыл белсенділігінің құру тәсілінің өзгеруі және ЖОО дене шынықтыру жүйесін дәстүрлі дене шынықтыру сабағынан	Жоғары оқу орнының студенттік ортасындағы спортпен шұғылдану уәждемесіне спорттық жүктемелердің әсері. Диссер. PhD доктор. Алматы, 2021-174с.

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4
9	Карпова А.О.	Спорттық бағыттағы студенттік өзін -өзі басқару -студент жастардың қоғамдық қызметі ретінде қарастырылады. Ол салауатты өмір	Развитие массового спорта в образовательном пространстве вуза на основе студенческого
		салтын дамыту және білім алушылардың спорттық мәдениетін қалыптастыру арқылы олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған. Бұл процесс ЖОО студенттік спортты дамыту мәселелерінде студенттердің бастамашылдығын ынталандыру, сондай ақ студенттік спорт клубын құру және оның қызметін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.	самоуправления спортивной направленности. Дисс....к.п.н., Томск, 2023-143с.
10	Салмаев Б.С.	Ұсынылған құрылымдық-функционалдық басқару моделін іске асыру аясында студенттік спорт клубы мен профильдік құрылымдық бөлімшенің бірлескен қызметі, университеттің басқа құрылымдарының қолдауымен, дене шынықтыру -спорттық іс- шараларды дайындау және өткізуге, сондай -ақ студенттік спортты дамыту мәселелерін ұйымдастыруға оң әсерін тигізетіні анықталды.	Структурно-функциональная модель управления развитием студенческого спорта в вузе на основе интегративного подхода. Дисс....к.п.н., Москва, 2025-220с.

Кестеде қарастырылған мәліметтерді түйіндей келе, студенттік спортты дамыту бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілгенін және келесідей атап өтуге болады:

- Студенттік спорт ұлттық құрама командаларды қалыптастырудың сенімді базасы;
- Студенттік спорт: біріншіден, кәсіби спорттың негізі ретінде; екіншіден, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған дербес құбылыс ретінде;

- Студенттік спорт салауатты өмір салтын дамыту және білім алушылардың спорттық мәдениетін қалыптастыру арқылы олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған.

Келесі кезекте біз студенттік спортты дамытудың моделін әзірлеуге назар аударсақ. Ең алдымен, «модель» ұғымының мәнін ашуға тырыстық.

Модельдеу ғылыми мәселелерді шешудің ең маңызды құралдарының бірі болып табылады: ол әртүрлі пәндер аясында кеңінен қолданылады, зерттелетін объектілер, олардың даму ерекшеліктері және өзгеру ықтимал формалары туралы сенімді білім алуға мүмкіндік береді.

Этимологиялық тұрғыдан «модель» термині итальян тіліндегі *modello* сөзінен шыққан, оның негізін халық латын тіліндегі *modellus* немесе классикалық латын тіліндегі *modulus* сөзі құрайды. Бұл сөз латын тіліндегі *modus* сөзінің кішірейтілген формасы болып табылады және «өлшем, шек, шекара» деген мағынаны білдіреді [153].

Сонымен қатар, «модель» сөзі француз тілінен аударғанда «үлгі, мысал» дегенді білдіреді.

А.Е.Кононюк модельдің тану процесіндегі, жағдайды талдау кезінде атқаратын рөліне тоқтала келіп, оның келесі қасиеттеріне назар аударады: модель «нақты объектіні (жүйені) алмастыра отырып, зерттеу үшін маңызды кейбір ерекшеліктерін сақтайды және объектіні зерделеу барысында жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді» [154].

Бұл модельдің құрылуында әрдайым басты рөлді оның мақсаты атқаратынын көрсетеді: мақсат модельдеудің қай қасиеттерінің маңызды, қай қасиеттерінің маңызды еместігін анықтайды. Мысалы, модель зерттелетін объектінің даму заңдылықтарын анықтаудың құралы бола алады (бұл жағдайда дамуға әсер ететін факторларды есепке алу маңызды), эталон ретінде қызмет етіп, модельдеуші үшін қажетті объектінің қасиеттерін белгілей алады, немесе динамикалық процестердің жүзеге асу ерекшеліктерін көрсетуге бағытталуы мүмкін.

Сонымен қатар, модельді әзірлеу кезінде оның қолдану саласы, қолданылатын білдіру құралдары, модельдің өзектілігін сақтауы тиіс уақыт кезеңі сияқты көптеген басқа аспектілер мен параметрлерді ескеру қажет. Бұл өз кезегінде модельдерді олардың сипаттамаларын есепке ала отырып, жіктеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Заманауи мағынада модель ойша елестететін немесе материалды тұрғыда іске асырылған жүйе, ол зерттелетін объектіні бейнелеп немесе қайта шығара отырып, белгілі бір жағынан оны алмастыра алатын және сол арқылы объекті туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін құбылыс болып табылады [155].

Ғалым Садовой В.П. өз еңбегінде бұқаралық студенттік спортты ұйымдастыруға даярлықтың құрылымы келесі компоненттерді қамтиды деп, көрсеткен: мотивациялық- тұлғалық, когнитивтік және операциялық -әрекеттік.

Мотивациялық- тұлғалық компонент бұқаралық студенттік спортқа тұрақты қызығушылықтың болуы, салауатты өмір салты құндылықтарының қалыптасуы,

бұқаралық студенттік спортты насихаттауға байланысты мотивацияның дамуы және студент жастардың кең тобына спортқа қатысуға қызығушылық тудыруға деген ниетті қамтиды.

Когнитивтік компонент бұқаралық студенттік спортты ұйымдастырудың нормативтік құқықтық негіздерін, технологиялары мен ұйымдастыру формаларын, студенттер арасындағы жеке жарыстарды ұйымдастыру әдістемесін, университет әкімшілігімен, студенттік өзін өзі басқарумен және құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесу жолдарын білуді біріктіреді.

Операциялық -әрекеттік компонент отандық жоғары оқу орындарының қазіргі жағдайында бұқаралық студенттік спортты ұйымдастыруға қатысты құзыреттіліктерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді [156].

Зерттеуші Л.А.Рапопорт студенттік спорттың дамуын педагогикалық басқарудың тұжырымдамалық моделі келесі теориялық негіздерге сүйенетін өзекке ие деп, анықтаған:

А) конвергенция идеясы. Оның мәні әлеуметтік басқару мен педагогикалық процесс мазмұнының ұқсастығында жатыр. Соның нәтижесінде педагогикалық басқару жүйелік сипатқа ие болады, яғни оның мақсаты мен міндеттері әлеуметтік басқару заңдылықтарына, ал қағидаттары мен әдістері педагогикалық процесс заңдылықтарына бағынады.

Б) ғылыми педагогикалық білімнің жарыстық қызметпен мақсатты өзара әрекеттесу жүйесі. Бұл өзара әрекеттесу студенттердің әлеуметтік, рухани, жеке тұлғалық және денелік қасиеттерін жетілдіруге бағытталған [157].

Ғалым Н.В.Пешкова еңбегінде студенттік спорттың дамуын полисубъектілік басқарудың құрылымдық- функционалдық моделін құрудың негізінде жеке және топтық субъектілердің интегративті өзара әрекеттесу идеясы, олардың шығармашылық әлеуетін пайдалану, сондай- ақ бірлесіп қабылданған басқарушылық шешімдерді әзірлеу, іске асыру және олардың орындалуын бақылау барысында мақсаттық, мазмұндық және процестік бірлікті қамтамасыз ету жатыр деп, анықтаған.

Әзірлеген модель ұйымдастырушылық құрылымды, мақсатты, мазмұнды және интегративті өзара әрекеттесу бағыттарын, басқару функциялары мен қағидаттарын қамтиды. Бұл модельдің негізгі ерекшелігі процестің тек сандық көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар сапалық көрсеткіштерге де бағытталуында [158].

Б.С.Салмаевтың пікірінше, спорттық жоғары оқу орнында студенттік спортты дамытуды басқарудың ғылыми негізделген моделі интегративті тәсіл негізінде студенттік спорт клубы мен бейіндік құрылымдық бөлімшенің өзара әрекеттестігі арқылы, сондай- ақ университеттің басқа құрылымдарының қолдауымен тиімді жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде жоғары білім беру ұйымында дене шынықтыру -спорттық жұмысты бірлесіп жоспарлау, ұйымдастыру және оның тиімділігін бақылау үшін жағдай жасайды, сондай -ақ студент

жастардың дене шынықтыру -спорттық қозғалысқа тартылуына оң ықпал етеді [159].

Зерттеуде студенттік спорт клубы бұқаралық студенттік спортты дамытудың мазмұндық және ұйымдастырушылық негізі ретінде, ал бейіндік құрылымдық бөлімше жоғары жетістіктер спортын дамытуға ықпал ететін құрылым ретінде қарастырылады. Сонымен қатар университеттің басқа құрылымдарының қолдауымен студенттік спорт клубы мен бейіндік құрылымдық бөлімшенің ұйымдастырушылық -басқарушылық қызметінің интеграциясы ашып көрсетілген.

Модельдеуді бастамас бұрын оның мақсатын, яғни құрылатын модельге қойылатын соңғы талаптарды анықтау қажет. Модельдеудің мақсаты жұмыстың барлық кезеңіне әсер етеді: ол бақылау әдістерін, параметрлерін, формализация (кодтау) тәсілдерін және нәтижелерді тіркеу жолдарын таңдаудың негізі болып табылады.

Біздің жағдайда мақсат- спорттық іс- әрекет нәтижелерін тіркеуге, талдауға және келесі әрекеттер туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін модель құру.

Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі келесі блоктарды қамтыған: мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, нәтижелілік, сурет -9.

Әрбір блок (мақсаттық, әдіснамалық, мазмұнды және нәтижелік) құрылымдардың белгілі бір жиынтығын қамтиды және басқа блоктармен өзара байланысты.

Қазіргі кезеңдегі қоғамның тапсырысы- ұлттық денсаулық капиталын дамыту, яғни салауатты өмір салтын ұстанатын, дене дайындығы тұрғысында белсенді жастарды дамыту.

Модельдің **мақсаттық блогында**: стратегиялық мақсаты – студенттік спортты дамыту арқылы білім алушылардың дене мәдениетін қалыптастыру, кәсіби және тұлғалық құзыреттерін жетілдіру, сондай-ақ университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Міндеттер:

- «студенттік спорт» ұғымының мәнін ашу, мазмұны мен құрылымын нақтылау;

- студенттік спортты дамытудың принциптерін, әдіснамалық тұғырларын анықтау;

- студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесін әзірлеу.


Модельдің **әдіснамалық блогында** әдіснамалық тұғырлар мен принциптер анықталған.

Модельдің **әдіснамалық негізін** келесі амалдар құрады:

- **тұлғаға -бағдарланған амал**, оның негізінде адам қоғамның құндылықтар жиынтығы және қоғамдық дамудың өзінді мақсаты деп қарастырылады (В.П. Бедерханова, Е.В.Бондаревская, З.К. Каргиева, В.В. Сериков, В.И. Слободчиков, И.С Якиманская, В.Д.Шадриков);

- **тұлғалық іс-әрекеттік амал**, ол адамды іс -әрекет субъектісі ретінде қарастырады (Б.Г.Ананьев, И.А.Зимняя, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн);

- **іс-әрекеттік амал**, оның мәні тұлғаның дамуы белсенді іс-әрекетте (А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн, Г.П. Щедровицкий);



Сурет 9 – Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі

- **жүйелілік тұғыр**, тәрбиелік әсер ету элементтерінің өзара байланысы мен құрылымын анықтайды (В.Г.Афанасьев, К.Берталанфи, А.А. Богданов, И.В.Блауберг, Н.И.Бондаренко, Э.Г. Юдин);

- **контекстік амал**, дене шынықтыру мен спорт бағытындағы маманның кәсіби даярлығын көздейді, яғни бұл амал білім беру немесе зерттеу процесін нақты әлеуметтік, кәсіби және педагогикалық жағдайлармен (контекстпен) байланыста қарастырады (А.А.Вербицкий, В.П.Лукьяненко, Ф.И. Собянин, К.Д.Чермит).

Студенттік спортты дамытудың негізгі принциптеріне тоқталсақ:

Субъектілікті дамыту принципі- бірлескен дене шынықтыру- спорттық қызметтің бірыңғай процесінде өзін- өзі дамыту субъектілерінің өзара ықпалы мен өзара толықтыруын айқындайды. Бұл өз кезегінде полисубъектілік феноменін туындатады. Мұнда субъектілік өзін- өзі дамыту және өзін -өзі ұйымдастыру ретінде адамның өзіне, өзгертілетін немесе жаңадан жасалатын объектіге, сондай ақ басқа адамға (студентке, оқытушыға) белсенді қатынасы арқылы жүзеге асады.

Университеттегі дене шынықтыру- спорттық қызметке қатысушылардың, ең алдымен, студенттердің субъектілігін дамытудың негізгі механизмі өзара әрекеттесу болып табылады:

-біріншіден, оқу процесінде туындайтын жағдайлармен өзара әрекеттесу (спорт түрін еркін таңдай жағдайы; жаңа қозғалыс әрекеттерін меңгеру барысында пайда болатын проблемалық жағдайлар; диалог және полилог түрінде коммуникативтік жағдайлар);

-екіншіден, оқу процесінен тыс уақытта, жаттығу және жарыс қызметі барысында пайда болатын жағдайлармен өзара әрекеттесу (өзін -өзі ұйымдастыру, өзін -өзі бақылау, өзінің дене шынықтыру спорттық қызметін өзін -өзі басқару жағдайлары);

-үшіншіден, студенттік спортты басқарудың жеке және топтық субъектілерінің қарым- қатынасы мен бірлескен қызметі контекстіндегі өзара әрекеттесу;

-төртіншіден, тұлғалық рефлексияның көрінісі ретінде адамның өз- өзімен өзара әрекеттесуі.

Партисипативтілік принципі- студенттік спортты басқаруға дене шынықтыру кафедрасының оқытушылары, спорт клубының қызметкерлерін, жаттықтырушыларды кеңінен тартуды айқындайды. Сонымен қатар, бұл принцип бірлескен шешімдер қабылдау процесіне қатыстыруды, мақсаттар мен міндеттерді дербес анықтау құқығын беруді және оларды кейіннен жүзеге асыруды көздейді. Сондай- ақ өткізілген дене шынықтыру- спорттық іс -шаралардың сапасы мен санына, олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелеріне бақылау жүргізу арқылы университетте студенттік спорттың жүйелі дамуына ықпал етуді қамтамасыз етеді.

Дене шынықтыру спорттық қызмет субъектілерінің рефлексиямын ынталандыру принципі -субъектілердің рефлексивтілігі, яғни өзін- өзі талдау және өзін- өзі бақылау қабілеті оларға жауапты басқарушылық шешімдерді әзірлеуге

және қабылдауға мүмкіндік береді деген қағидаға негізделеді. Рефлексия арқылы және рефлексия негізінде дене шынықтыру -спорттық қызмет субъектілерінің өзін-өзі бекітуі, өздерінің басқарушылық ұстанымын және бірлескен шешімдерді қабылдаудағы жауапкершілігін түсінуі жүзеге асады.

Субъекттік өрістерді интеграциялау принципі- басқарудың «басқару-бірлесіп басқару -өзін- өзі басқару» триадасы аясында қарастырылатын жеке және топтық басқару субъектілерінің бірлескен қызметін оңтайландыра отырып, интеграциялық процесті реттейді.

Дене шынықтыру спорттық қызмет процесінде интегративті өзара әрекеттесудің басымдылығы принципі- басқаруға қатысатын және топтық субъектілердің тұлғалық құндылықтары мен ішкі мағыналарымен алмасуға дайындығын ынталандырады, олардың өзара ашықтығын және қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде ынтымақтастыққа бағытталған жағымды коммуникативтік ұстанымын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл принцип бірлесіп қабылданған басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, студенттік спорттың дамуын басқарудың ұйымдастырушылық педагогикалық механизмінің негізіне келесідей жеке принциптердіде басшылыққа алдық:

Бірлік принципі- жоғары оқу орнында спорттық жұмысты дамытуды басқарудың барлық деңгейлері мен құрылымдарының бірігуі мен өзара байланысын қамтамасыз етеді;

Мақсаттылық принципі -университетте студенттік спорттың дамуын басқару процесінің нақты мақсатқа бағытталуын айқындайды;

Өзін- өзі басқару принципі-спортты дамыту міндеттерін шешуде студенттік спорт ұжымдарының келісілген өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді;

Студенттік спорттың дамуын басқару құрылымының субъектілерін оңтайлы іріктеу принципі- олардың кәсіби даярлығын ескеруді және университетте спортты дамыту міндеттерін шешуде тиімді пайдалануды көздейді;

Жаттықтырушылардың, оқытушылардың, басшылардың және жоғары оқу орнында спорттық жұмысты басқарумен айналысатын басқа мамандардың қызметін тиімді ынталандыру принципі.

Мазмұндық блокты келесілер қамтыды:

-«Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы;

-Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары;

-Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі;

-ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына түзетулер.

Нәтижелілік блокта компоненттер, деңгейлер және нәтиже анықталған.

Көрсеткіштер ретінде келесілерді анықтадық: студенттердің дене даярлығы; студенттердің жұмыс қабілеттілігі; студенттердің техникалық- тактикалық даярлығы және нормативке сәйкес деңгейлер.

Нәтиже ретінде студенттік спорт- бұл жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дене шынықтыру- спорттық, білім беру, ғылыми және әлеуметтік -коммуникативтік қызметін біріктіретін, университеттің даму стратегиясымен және қоғамның сұранысымен үйлесетін көпдеңгейлі жүйе болып қалыптасуы.

Сонымен, студенттік спортты дамытудың құрылымдық- мазмұндық моделі университеттің стратегиялық дамуы мен білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы ретінде қарастырылады және ол әлеуметтік -экономикалық, педагогикалық және басқарушылық ықпалдардың интеграциясына негізделген кешенді жүйесі болып табылады.

2.3 Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спортты дамытудың шынайы жағдайы

Аталмыш тараушада біз Батыс Қазақстандағы жоғары оқу орындарында студенттік спорттың ұйымдастырылуы мен құрылымының салыстырмалы талдауын көрсетуді жөн көрдік.

6-кесте мәліметтеріне сүйенсек, барлық дене шынықтыру-спорттық шаралар жоғары оқу орындарының бюджеті есебінен жүзеге асырылады. Әрбір оқу орнында спорттық инфрақұрылым (спорт залдары, спорт кешендері) бар. Алайда, тек бір ғана оқу орнында – Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-да спорттық стадион қарастырылмаған. Спорттық секцияларға қатысатын студенттер саны бойынша көшбасшы орынға Қ. Жұбанов атындағы АӨУ ие (469 студент). Одан кейінгі орында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (411 студент), ал үшінші орында Х. Досмұхамедов атындағы АУ (285 студент).

Барлық жоғары оқу орындарында спорттық клубтар жұмыс істейді. Ал дене тәрбиесі мәселелерімен тікелей айналысатын кафедраға келетін болсақ, ол жеке құрылымдық бөлімше ретінде тек Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-де ғана бар. Алайда, бұл оқу орнында жеке спорттық-сауықтыру кешені қарастырылмаған. Спорттық спартакиадалар барлық оқу орындарында ұйымдастырылады және олар профессор-оқытушылар құрамы мен бірінші курс студенттері арасында өткізіледі. Сонымен қатар спорттық шеберлікті жетілдіру топтары бар, бірақ олардың саны шектеулі (футбол, волейбол, шахмат секциялары).

Жоғары оқу орындарының құрама командаларына келетін болсақ, олар Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да (волейбол, футбол), Х. Досмұхамедов атындағы АУ-да (ерлер құрамасы – баскетбол, қыздар мен ерлер – футбол, волейбол) бар.

Республикалық универсиададағы нәтижелер бойынша ең жоғары көрсеткіштерді Х. Досмұхамедов атындағы АУ студенттері көрсетті. Бұл оқу орнының спортшылары XI және XII универсиадаларға қатысып, тиісінше 27 және

9-орындарға ие болды. Сонымен қатар Қ. Жұбанов атындағы АӨУ командасын ерекше атап өткен жөн, өйткені ХІ универсиадада олар жалпы командалық есепте екінші орынға ие болды. Бұл оқу орны универсиаданың базалық мекемесі болғандықтан жарыстардың басым бөлігі дәл осы жерде өткізілді.

Жоғары оқу орындарының құрама командаларына іріктеу жүйесіне тоқталсақ, барлық оқу орындарында құрама командалардың мүшелері өз аймағы мен республикадағы түрлі спорт клубтарында жаттығатын студенттерден жасақталады.

7-ші кестеде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдары аралығында Батыс Қазақстан өңіріндегі жоғары оқу орындарында спорттық секциялардың саны мен оларда жаттығатын студенттер туралы мәліметтер берілген. 7-ші кестедегі деректерге сүйенсек, спорттық секциялардың саны мен оларға қатысатын студенттер үлесі бойынша көшбасшы орын Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне (АӨУ) тиесілі.

Кесте 6 - Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорт жұмысының салыстырмалы сараптамасы

№ р/н	Көрсеткіштер	ЖОО		
		Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	Х.Досмухамедов ат. Атырау университеті
1	2	3	4	5
1	Қаржыландыру көзі	Университет қаражаты есебінен	Университет қаражаты есебінен	Университет қаражаты есебінен
2	Материалдық-техникалық базаның болуы	2 стандартты зал, 8 бейімделген зал, 1 спорт алаңы, 1 стадион	4 спорт залы, 2 спорттық кешен	2 стандартты зал, 1 бейімделген зал, стадион
3	Спорт секцияларында шұғылданатындар саны	411 студент	469 студент	285 студенов
4	Спорт клубының болуы (оның атауы)	Сұңқар	Бар	Болашақ
5	Дене тәрбиесіне жетекшілік ететін кафедраның болуы (оның атауы)	Кәсіптік және көркемдік-технологиялық білім берудің жоғары мектебі	Дене тәрбиесі кафедрасы	Дене тәрбиесі кафедрасы және бастапқы әскери дайындық
6	Спорттық-сауықтыру кешенінің болуы	Жәңгір хан спорт кешені	Жоқ	Жайық
7	Кәсіпқой командалардың болуы	жоқ	жоқ	жоқ

6- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
8	Дене шынықтыру-бұқаралық іс-шаралардың өткізілуі	Денсаулық күндері, туристік слеттер, бірінші курс студенттері арасындағы «Сергек» іс-шарасы	Денсаулық күндері, туристік слеттер	Денсаулық күндері, туристік слеттер
9	Жатақханаларда жарыстар өткізу	Баскетбол, волейбол, үстел тенисі	Баскетбол, волейбол	Баскетбол, волейбол, үстел тенисі
10	Студенттер, оқытушылар арасында спартакиада өткізу (қанша адам қатысады)	Бірінші курс студенттері арасында: баскетболдан (ерлер, қыздар), волейболдан (ерлер, қыздар), футболдан, үстел тенисінен, шахматтан, тоғызқұмалақтан, гир көтеруден, армлестингтен. 250 адам қатысады. Оқытушылар арасындағы спартакиада (120 адам қатысады)		Футзал, Баскетбол, Волейбол, Үстел тенисі, Шахмат, Тоғызқұмалақ, 250 астам студент қатысады. ПОҚ және қызметкерлер арасында «Ректор кубогы» спартакиадасы. Футзал, волейбол, Шахмат, Үстелүсті тенисі, Эстафета, Баскетбол, Арқан тарту, қысқы уақытта спорттық балық аулау) спорт түрлері
11	Спорттық жетілдіру топтарының болуы	Футзал, Волейбол, Шахмат		Футзал, Волейбол
12	Қандай спорт түрлері бойынша университеттің құрама командалары бар	Футзал ер.		Футзал ер, Волейбол ер, Волейбол әйел, Баскетбол ер.
13	Республикалық универсиадада қандай нәтижелерге қол жеткізілді	IX-универсиада Бокс ер. – 17 Спорттық бағдарлау – 1 Самбо – әйел. – 8 Волейбол әйел. – 8	Бокс ер.-3, әйел.-7 Қыздар күресі – 7 Гандбол – ер.-2, әйел.-2	IX-универсиада Баскетбол ер. – 5 Бокс – ер. - 9 Еркін күрес ер.– 7 Волейбол – әйел – 14

6- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		Жалпыкомандалық орын – 47	Еркін күрес Ер. -6 Үстелүсті теннис ер-1, әйел – 6 Грек-рим күресі ер. – 7 Шахмат ер. – 3 Марафон ер. -3 Самбо ер. -7 Жүзу ер. – 1, әйел. – 4 Волейбол ер. – 7 Әйел- 4 Тоғызқұмалақ ер.- 3 әйел. -6 Футбол ер. -3 Жалпыкомандалық орын - 2 Х-универсиадада өнер көрсеткен жоқ	Каратэ ер. – 9, әйел. -5 Жалпыкомандалық орын – 27 Х-универсиада Таэквондо – ер.-5, әйел. – 5 Еркін күрес ер. – 9 Дзюдо ер.-5, әйел.-4 Самбо ер. - 3, әйел -3 Каратэ ер. -5 Футбол – 7 Жеңіл атлетика – 6 Регби ер. -3, әйел. - 3 Қазақша күрес – әйел. –4 Жалпыкомандалық орын - 9
14	Университет құрама командасына іріктеу жүйесі	Құрама командаларға облыстың, республиканың түрлі клубтарында жаттығатын студенттер кіреді		

Атап айтқанда, 2017-2018 оқу жылында бұл оқу орнында 26 секция жұмыс істеп, оларда 415 студент жаттыққан. 2018-2019 оқу жылында 28 спорт түрі бойынша 504 студент қамтылды, ал 2019-2020 оқу жылында 26 спорт түрінде 469 студент спортпен шұғылданды.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (АУ) көрсеткіштері орташа деңгейде болды. Мысалы, 2017-2018 оқу жылында 19 секция жұмыс істеп, оларда 287 студент жаттықты. 2018-2019 оқу жылында секция саны өзгермегенімен, қатысушылар саны 222 студентті құрады, ал 2019-2020 оқу жылында 19 секцияға 285 студент тартылды.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде (БҚАТУ) бұл көрсеткіштер келесідей болды: 2017-2018 оқу жылында – 22 секцияда 320 студент, 2018-2019 оқу жылында – 22 секцияда 410 студент, ал 2019-2020 оқу жылында – 19 секцияда 411 студент спортпен айналысты.

Кесте 7 - Батыс Қазақстан университеттеріндегі спорттық секциялар саны және оларда жаттығатын студенттер саны

№ р/н	Секциялар	Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті			Досмұхамедов атындағы Атырау университеті			Жәңгір хан атындағы БҚАТУ		
		2017- 2018ж.	2018- 2019ж.	2019- 2020ж.	2017- 2018ж.	2018- 2019ж.	2019- 2020ж.	2017- 2018ж.	2018- 2019ж.	2019- 2020ж.
1	Баскетбол /қыздар/	15	15	15	13	13	13	15	30	30
2	Баскетбол / қыздар /	20	20	20	18	18	18	20	32	32
3	Волейбол/ қыздар /	25	25	25	22	22	22	25	18	18
4	Волейбол/ұлдар/	25	25	25	25	25	25	25	20	20
5	Үстел тенісі /қыздар/	20	20	15	10	10	10	15	16	16
6	Үстел тенісі /ұлдар /	20	20	15	15	15	15	15	16	16
7	Шахмат /ұлдар /	15	15	15	10	10	10	15	10	10
8	Шахмат / қыздар /	15	15	15	8	8	8	15	10	10
9	Тоғызқұмалақ/ қыздар /	20	20	20	12	12	12	20	15	15
10	Тоғызқұмалақ/ұлдар /	20	20	20	12	12	12	20	15	15
11	Бокс / қыздар /	10	10	10	-	-	-	-	-	-
12	Бокс /ұлдар /	15	15	-	-	-	-	-	-	-
13	Еркін күрес /ұлдар/	15	15	15	15	15	15	15	15	15
14	Еркін күрес / қыздар /	12	12	-	12	12	12	-	-	-
15	Дзюдо /ұлдар/	15	15	15	15	15	15	15	15	15
16	Дзюдо(қыздар)	12	12	10	12	12	12	10	10	10
17	Самбо	20	20	20	20	20	20	20	20	20
18	Жеңіл атлетика	30	30	30	12	10	8	-	-	-
19	Президенттік көпсайыс	15	15	15	-	-	-	-	-	-
20	Гір көтеру спорты	20	20	20	5	5	5	20	30	30
21	Пауэрлифтинг	15	15	15	-	-	-	-	-	-
22	Армрестлинг	15	15	15	5	5	5	15	30	30
23	Қазақша күрес	15	20	20	20	20	20	20	30	30
24	Белбеу күресі	15	15	-	-	-	-	-	-	-
25	Шағын футбол	20	20	20	-	-	-	20	35	35
26	Футбол	30	25	25	-	-	-	-	-	-
27	Гандбол (ұлдар)	-	20	-	-	-	-	-	-	-
28	Гандбол (қыздар)	-	15	-	-	-	-	-	-	-
29	Фитнес	-	-	-	-	-	-	-	28	28
30	Спорттық бағдарлау	-	-	-	-	-	-	-	15	15
Барлығы		415	504	469	287	292	285	320	410	411

Аталған мәліметтер студенттердің спорттық секцияларға барлық спорт түрлері бойынша теңдей тартылмағанын көрсетеді. Мысалы, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-да фитнес пен спорттық бағдарлау секциялары қарастырылмаған. Х. Досмұхамедов атындағы АУ-да бокс, президенттік көпсайыс, пауэрлифтинг, белбеу күресі, футбол және гандбол секциялары жоқ. Ал Жәңгір хан атындағы БКАТУ-да бокс, жеңіл

атлетика, президенттік көпсайыс, пауэрлифтинг, белбеу күресі, футбол және гандбол секциялары жұмыс істемейді [160].

Бұл спорт түрлері Қазақстан Республикасының университеттері арасындағы универсиада бағдарламасының негізгі бағыттарына жатады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Батыс Қазақстан университеттерінде спортты ұйымдастыру мен дамытуда бірқатар мәселелер бар екенін атап өткен жөн. Біріншіден, барлық жоғары оқу орындарында спорттық іс-шараларды жүзеге асыру тек университеттердің ішкі бюджеті есебінен қаржыландырылады. Қосымша қаржы көздері тартылмайды.

Екіншіден, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-да спорттық стадионның болмауы – дене шынықтыру бағдарламасының маңызды бағыттарын (жүгіру, секіру, лақтыру және т.б.) толыққанды іске асыруға кедергі келтіреді.

Үшіншіден, Х. Досмұхамедов атындағы АУ-да спорттық секцияларға белсенді түрде қатысатын студенттердің саны салыстырмалы түрде төмен.

Төртіншіден, университеттерде кәсіби спорттық командалар жоқ. Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерімен өзара байланыс орнатылмаған. Сондай-ақ, Жәңгір хан атындағы БКАТУ мен Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-дың Х Универсиадаға қатыспағанын атап өту қажет.

8-кестеде Батыс Қазақстан университеттеріндегі және шетелдік жоғары оқу орындарындағы студенттік спорттың ұйымдастырылуын салыстырмалы талдау ұсынылған.

Бұл талдау бірнеше негізгі үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді.

Қаржыландыру көздері бойынша шетелдік жоғары оқу орындарында екі модель қолданылады. Біріншісі – америкалық модель, ол демеушілер мен спорттық коммерцияландыру есебінен қаржыландырылады. Екіншісі – дәстүрлі модель, онда қаржыландыру мемлекеттік бюджеттік дотациялар арқылы жүзеге асады. Ал Қазақстан университеттерінде студенттік спорт тек университет бюджеті есебінен қаржыландырылады.

Спорт секциялары мен оларда жаттығатын студенттердің саны бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарында орташа есеппен 20 спорт секциясы жұмыс істейді, оған 287-415 студент қатысады. Ал Қытай, Германия, Франция секілді елдердің университеттерінде бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары – секция саны 120-ға дейін жетсе, оларда 17 000-ға жуық студент жаттығады.

Жоғары оқу орындарының құрама командаларына іріктеу жүйесі бойынша Қазақстандағы университет құрамаларына негізінен өңірлік және республикалық деңгейдегі спорт клубтарында, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде даярлықтан өткен студенттер қабылданады. Іріктеу барысында студенттердің спорттық шеберлік деңгейіне қарай, жарыстардағы нәтижелерін ескере отырып, дене даярлығы және техникалық-тактикалық мүмкіндіктері ескеріледі. Осындай жүйе жоғары оқу орындарындағы білім алушы құрама командаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жоғары деңгейдегі додалар жарыстарында жақсы нәтижелі өнер көрсетуіне мүмкіндік береді.

Кесте 8 - Батыс Қазақстан университеттері мен шетелдік жоғары оқу орындарында студенттік спортты ұйымдастырудың салыстырмалы сипаттамасы

Батыс Қазақстан университеттері	Ресей және шет мемлекет университеттері
1. Қаржыландыру көздері: университет бюджеттік қаражаты есебінен жүзеге асырылады.	Орлова В.В., Халалеева О.Е. [52, б.166]. Қаржыландырудың екі моделі бар. Біріншісі – америкалық модель. Мұнда қаржыландыру құрылымы жеке инвесторлар мен спорттық коммерцияландыру арқылы жүзеге асырылады. Екіншісі – дәстүрлі модель. Бұл социалистік бағыттағы елдердің қаржыландыру құрылымы болып табылады. Мұнда қаржыландыру жоспарлы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін дотациялар есебінен жүзеге асады.
2. Спорттық секциялар саны және оларда жаттығатын студенттер. Орта есеппен жоғары оқу орындарында 20 спорттық секция жұмыс істейді, олардың қатарына 250-450 студент қатысады. Бұл секциялардың ішінде баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, бокс, еркін күрес, дзюдо, самбо, президенттік көпсайыс, гир көтеру спорты, пауэрлифтинг, армрестлинг, қазақша күрес, белбеу күресі, мини-футбол, футбол, гандбол, фитнес және спорттық бағдарлау сияқты спорт түрлері қамтылған.	Б.Д. Степыко, Д.В. Грачева [162]. Пекин университеті – 21 спорт клубы. (Қазақстан жоғары оқу орындарындағы секциялармен салыстырғанда қосымша спорт түрлері): кунг-фу, кендо, алтимат, тайцзи, бейсбол, софтбол, сквош, цзиньу, академиялық есу, гольф, флорбол, скейтбординг, йога, бильярд, мәнерлеп сырғанау. Париж-Сакле университеті – 40 спорт түрі. (Қазақстандағы университеттерге қарағанда қосымша спорт түрлері): парашют спорты, пилатес, зумба, тайцзи, садақ ату, парапланеризм, ат спорты, су асты жүзу. Берлин (Гумбольдт университеті) – 80 спорт түрі, 17 000 қатысушы. Берлиннің Еркін университеті – 120 спорт түрі, бір семестрде 800 жеке сабақ. РТУ МИРЭА (Мәскеу) – Гимнастика, ушу. 12 сабаққа абонемент – 3600 рубль. МГТУ им. Баумана – 30 спорт түрі. Қосымша бағыттар: альпинизм, су добы, туризм, шаңғы жарысы мен тау шаңғысы, биатлон, тау туризмі, дартс, спорттық билер.
3. Іріктеу жүйесі: Жоғары оқу орындарының құрама командаларына облыс және республика деңгейіндегі түрлі спорт клубтарында жаттығатын студенттер қабылданады.	В.Е.Орлова, Е.Е.Халалеева [52, б.168]. Іріктеудің екі негізгі бағыты бар. Біріншісі – алдын ала дайындық базасы бар, басқа спорт клубтарынан келген студенттерді даярлау. Екіншісі – жеке қабілеті мен жеткілікті даярлығының негізінде университетке келген студенттерді даярлау.

Ал Ресей университеттерінде іріктеу процесі спорттық клубтардан келген студенттерді ғана емес, сонымен қатар жеткілікті жеке даярлығы бар, спортқа бейімі жоғары студенттерді де даярлау арқылы жүзеге асырылады [163].

Сонымен қатар, зерттеуде пайдаланған әдістерге шолу жасасақ. Теориялық және эмпирикалық әдістердің тізімі берілген бағытқа, ұсынылған жұмыс болжамы мен зерттеу міндеттеріне сәйкес ұсынылған. Олар 9-кестеде берілген.

1. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау және құрылымдау. Мұның бәрі біздің жұмысымыздың бірінші міндетін шешуге бағытталған. Біз зерттеп отырған ғылыми мәселе бойынша отандық және әлемдік тәжірибені зерттеу іске асырылды. Біздің зерттеу тақырыбының негізгі элементтері, авторлық тұжырымдама, эксперименттік зерттеулеріміздің бағдарлары ғылыми және әдістемелік жұмыстарды саралауға тырысу арқылы белгіленді. Мұнда ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау сияқты ғылыми әдіс қолданылды [44, б.106].

2. Деректі материалдарды талдау. Бұл әдіс біздің зерттеуіміздің екінші және төртінші міндеттерін шешуде, атап айтқанда «Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорттың құрылымы мен мазмұнын зерделеу» және «Студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысу ерекшеліктерін талдау» процесінде пайдаланылды. Осы әдістің көмегімен спорт клубының құжаттары, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ оқытушыларының оқу-әдістемелік кешендері талданды. Жаттықтырушылардың жоспарлары, университеттердің спорт клубтарының жұмысы сарапталды. Сондай-ақ, аталған әдіс студент-спортшылардың жарыстарға қатынасу деңгейін айқындау мақсатында қолданылды. Осы тұрғыда БҚО бойынша қалалық және облыстық деңгейдегі жарыстардың ресми хаттамаларына талдау жүргізілді. Сонымен қатар, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командаларының Ақтөбе және Ақтау қалаларындағы XI, XII Республикалық жазғы универсиадасының (2019, 2021 жылдар) нәтижелері зерттелді [160, б.131-133].

3. Сауалнама жүргізу. Бұл әдіс біздің зерттеуіміздің үшінші мәселесін шешуде қолданылды, атап айтқанда «Студенттердің спортпен шұғылдану кезінде туындайтын мәселелерін анықтау». Сауалнама үлгісі Б қосымшасында берілген.

Сұрақтар құрамына мыналар кірді.

Жоғары оқу орындарында жүзеге асырылатын дене шынықтыру және спорттық шаралардың барлық түрлеріне қатысу барысында жекелеген бағыттарға анық үйлесімділіктің қалыптасуы; дене шынықтыру және спорттық жұмыстың кез-келген түрлеріне қатынасу кезінде өз мүмкіндіктерін барынша іске асыру; спорттық сайыстарда жетістіктерге жету кезіндегі сезімін түсіну; тұрақты мүмкіндік беретін іс-шаралар.

4. Бақылау сынақтары [8, б.62]. Бұл әдіс шешім қабылдау үшін қолданылды, атап айтқанда «Студенттердің дене даярлығының және дене жұмыс қабілеттілігінің бастапқы дәрежесін айқындау».

Төмендегі кестеден көріп отырғанымыздай зерттеу барысында дене даярлығын бағалауға арналған тесттер мен бақылау нормативтері қолданылды. Бұл көрсеткіштер студенттердің жылдамдық, төзімділік, күш және қозғалыс қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Аталған зерттеу жұмысы барысында біз дене даярлығын бағалау бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-әдістемелік ұсыныстары мен нормативтік талаптарына сүйендік.

Кесте 9 - Іске асырылған зерттеу қызметінің көрсеткіштері

Тәжірибе бағдарлары	Пайдаланылған құралдар	Өткізілу орны, қатысушылар	Алынған нәтижелер	Пайдаланылған ұсыныстар
Студенттік спортты әлемдік тәжірибеде жетілдірудің негізгі ғылыми-теориялық алғышарттарын анықтау	Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау.	Ғаламтор. Дүниежүзілік кітапханалардың базалары.	Студенттік спортты әлемдік тәжірибеде жетілдірудің негізгі ғылыми-теориялық алғышарттары.	Пономарев А.Б. Пикулева Э.А. Методология научных исследований [19, б.186].
Студенттердің спортпен шұғылдануы кезінде туындайтын мәселелерді зерттеу.	Студенттерге, жаттықтырушыларға жүргізілетін сауалнама.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (15 студент); Қ. Жұбанов атындағы АӨУ. (15 студент); Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (15 студент).	Студенттердің спортпен шұғылдануы кезінде туындайтын негізгі мәселелер.	Пономарев А.Б. Пикулева Э.А. Методология научных исследований [19, б.57]. М.К. Горшкова, Ф.Э. Шереги. Как провести социологическое исследование [21, б.64].
Батыс Қазақстан университетте ріндегі студенттік спорт құрылымы мен мазмұнын зерттеу. Студенттердің денелік, техникалық-тактикалық даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігінің бастапқы	Осы мәселе бойынша ғылыми-әдістемелік дереккөздерді бағалау. Спорт клубының жұмысына талдау жүргізу. Студенттердің дене даярлығы, техникалық-тактикалық даярлығының, дене жұмыс қабілеттілігінің деңгейін айқындау тәсілдері	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (15 студент); Қ. Жұбанов атындағы АӨУ (15 студент); Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (15 студент). БҚИТУ (1 курс-15 студент); Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (1	Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорт құрылымы мен мазмұнындағы келіспеушіліктер. Студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі бойынша келіспеушіліктер	Гусев О.К., Бельский И.В., Баричко Я.М. 1- Студенттердің ДЖҚ негізгі компоненттері Карпман [22, б.61] 2- Студенттердің дене даярлығының анықтамасы 3-

9 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
деңгейін анықтау Студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысу ерекшеліктері	Студенттердің бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістері	курс-15 студент). 15 студент); Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (1 курс-15 студент). Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (1 курс-15 студент); Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (1 курс-15 студент).	Студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысуы кезінде туындайтын мәселелер	Волейболшы қыздардың техника-тактикалық даярлығының анықтамасы Пономарев А.Б. Пикулева Э.А. Методология научных исследований [19. 6,186.].
Студенттік спортты Батыс Қазақстан университетте рінде жетілдіру жолдарын әзірлеу. Оның тиімділігінің математикалық дәлелі.	Жүйелік көзқарас. Педагогикалық эксперимент. Бақылау сынақтары. Математикалық статистика әдістері (қауымдастық коэффициенті).	Жәңгір хан атындағы БҚАТУ (1-4 курс-30 студент).	Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру технологиясы	Коэффициент ассоциации Карпман В. Л. Научные исследования в физической культуре [22. 6,17].

Білім алушылардың дене даярлығы мүмкіндіктерінің деңгейін анықтау үшін төмендегі нормативтер жүргізілді:

800м (мин, сек);

60м (сек) жүгіру;

Орнынан ұзындыққа секіру (см)

Кеудені көтеру (бірнеше рет, мин).

Орнынан ұзындыққа секіру (см)

Кеудені көтеру(бірнеше рет)

5. Дене жұмыс қабілеттілігін анықтау әдісі.

Студенттердің дене жұмыс қабілеттілігін анықтау үшін Монарх велоэргометрия қолданылды. Дене қабілеттілігі деңгейін анықтау үшін велоэргометрия әдісі арқылы PWC₁₇₀ сынағы қолданылды. Зерттелушінің тыныштық күйдегі жүрек соғу жиілігі анықталды. Содан кейін зерттелуші велоэргометрде 5 минут бойы жұмыс жасады. Бірінші жүктеменің қуаты зерттелушінің дене салмағына байланысты анықталды. Бірінші жүктеменің соңында 30 секунд ішіндегі жүрек соғу жиілігі

есептелді және оған сәйкес және кестедегі бірінші жүктеме өлшемдері екінші жүктеменің мәнін анықтады. Екінші жүктеменің соңында 30 секунд ішіндегі жүрек соғу жиілігі қайтадан анықталды.

Дене жұмыс қабілеттілігі Карпман формуласы арқылы айқындалды.

$$PWC_{170} = W_1 + (W_2 - W_1)(170 - f_1)(f_2 - f_1)$$

мұндағы PWC_{170} – ЖСЖ = 170 соғу/мин кезіндегі дене жұмыс қабілеттілігінің деңгейі;

W_1 и W_2 – 1-ші және 2-ші жүктемелердің қуаты.

Алынған нәтиже зерттелушінің дене салмағына бөлінді және осылайша студенттердің дене жұмыс қабілеттілігінің салыстырмалы көрсеткіші анықталды. Алынған нәтиже В.Л. Карпман кестесіндегі мәліметтермен салыстырылды [22. б,5].

6. Волейболшылардың техникалық-тактикалық даярлығын анықтау үшін біз келесі көрсеткіштерді анықтадық. Мамандардың ұсыныстары қолданылды [22. б,8].

А) Допты беру көлемі $ДБК_0 = \frac{\sum \text{допты беру}}{\text{партиялар саны}}$

Б) Тапсырмалардың оңтайлылығының сандық көрсеткіші ($ТОСК_0$)

$$ТОСК_0 = \frac{\sum \text{орындалған допты беру саны}}{\text{партиялар саны}}$$

В) Допты бергеннен ұтып алынған ұпайлар саны ($ДБҰҰС_0$)

$$БҰҰС_0 = \frac{\sum \text{бергеннен ұтып алынған ұпайлар саны}}{\text{партиялар саны}}$$

Г) Допты беру кезінде жіберілген қателіктер саны ($ДБКЖҚС_0$)

$$ДБКЖҚС_0 = \frac{\sum \text{беру кезіндегі қателіктер саны}}{\text{партиялар саны}}$$

Д) Допты қабылдап алу көлемі $ДҚАК = \frac{\sum \text{допты қабылдау}}{\text{партиялар саны}}$

Е) Допты ұзату оңтайлылығының сандық көрсеткіші $ДҰОСК = \frac{\sum \text{допты қабылдау}}{\text{партиялар саны}}$

Ж) Допты қабылдау кезінде жіберілген қателіктер саны

$$ҚЖҚС = \frac{\sum \text{қабылдау кезіндегі қателіктер саны}}{\text{партия саны}}$$

К) Допты ұзату көлемі ($ДҰК_0$) = $\frac{\sum \text{ұзату}}{\text{партия саны}}$

Л) Допты ұзату оңтайлылығының сандық көрсеткіші ($ДҰОСК$)

$$ДҰОСК = \frac{\sum \text{орындалған ұзатулар}}{\text{партия саны}}$$

М) Допты ұзату кезінде жіберілген қателіктер саны ($ДҰЖҚС$)

$$ДҰЖҚС = \frac{\sum \text{допты ұзату кезінде жіберілген қателіктер}}{\text{партиялар саны}}$$

П) Шабуылды соққылар көлемі $ШСК = \frac{\sum \text{шабуыл соққылары}}{\text{партиялар саны}}$

Р) Шабуыл соққыларының оңтайлы сандық көрсеткіші

$$\text{ШСОСК} = \frac{\sum \text{шабуыл соққыларының саны}}{\text{партиялар саны}}$$

С) Шабуылды соққымен ұтып алынған ұпайлар саны (ШСҰҰС)

$$\text{ШСҰҰС} = \frac{\sum \text{шабуыл соққымен жеңіп алған ұпайлар}}{\text{партиялар саны}}$$

Т) Шабуылды соққыларды орындау кезінде жіберілген қателіктер саны (ШССОКҚС)

$$\text{ШССОКҚС} = \frac{\sum \text{шабуылды соққылар кезіндегі жіберілген қателіктер саны}}{\text{партиялар саны}}$$

У) Бұғақтау көлемі БК = $\frac{\sum \text{бұғақтау}}{\text{партиялар саны}}$

Ф) Бұғақтау оңтайлылығының сандық көрсеткіші

$$\text{БОСК} = \frac{\sum \text{бұғақтау}}{\text{партиялар саны}}$$

Х) Бұғақтау арқылы жеңіп алынған ұпайлар саны

$$\text{БЖАҰС} = \frac{\sum \text{бұғақтау арқылы жеңіп алған ұпайлар}}{\text{партиялар саны}}$$

7. Жарыстарды талдау әдісі (В қосымшасында жарыс хаттамасы ұсынылған).

8. Педагогикалық эксперимент.

Ол біздің зерттеу жұмысымыз бойынша зерттеу міндетін шешу үшін қолданылды. Мамандардың ұсыныстары қолданылды [19, б. 66]

Студенттік спортты жетілдіру технологиясын әзірлегеннен кейін біз оны қалыптастырушы экспериментте сынақтан өткіздік. Эксперимент қатар жүргізілді. Яғни, зерттеулер экспериментке дейін және одан кейін бақылау мен эксперименттік топтарда жүргізілді.

Қалыптастырушы эксперименттің бағыты Батыс Қазақстан ЖОО-да студенттер спортын жетілдіру әдістемесін әзірлеу, оның тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеу және тәжірибеге енгізу, сонымен қатар оны жаттығу процесінде қолданудың тиімділігін математикалық статистика арқылы дәлелдеуге бағытталды.

Мұндай бағдарды іске асыру үшін мынадай міндеттер белгіленді:

1. Студенттік спортты жетілдіру негіздемесін енгізу қажет болатын авторлық идеяны әзірлеу.

2. Студенттік спортты тәжірибелік және математикалық статистика әдістері арқылы жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздемесінің тиімділігін негіздеу.

2023-2024 оқу жылдарының қыркүйек айынан мамыр айына дейін өткізілген қалыптастырушы тәжірибеге Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 20 студенті қатысты. Қатысушыларды іріктеу кездейсоқ сандар әдісі негізінде іске асырылды. Зерттеуге енгізілген үміткерлердің алфавиттік ретпен жүйеленіп, әрқайсына жеке нөмір берілді. Тақ сандарға түскен барлық адамдар зерттелушілердің қатарына таңдалды, ал басқалары таңдалмады.

Қалыптастырушы эксперименттің мәні келесі тармақшада келтірілген.

8. Математикалық статистика әдістері.

Зерттелген өлшемдердің бастапқы деңгейі мен динамикасы келесідей анықталды:

$\bar{X}$ – орташа арифметикалық шама;

S – орташа квадраттық ауытқу;

t - Стюдент критеріі.

Тиімділік критерийлері негізінде Батыс Қазақстан ЖОО-да студенттер спортының жетілдіру жолдарын іске асырудағы оң динамикасы анықталды. Оның нәтижелілігі қауымдастық коэффициенті көрсеткіштері арқылы статистикалық жағынан дәлелденді.

Біз төрт жолақты корреляция кестесін құрдық.

	бар	жоқ	
1-ші белгі	a	b	$a + b = n1$
	c	r	$c + r = n2$
	$a + c$	$b + r$	$N = n1 + n2$

Қауымдастық коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$r_a = \frac{ar - bc}{\sqrt{(a+b)(c+r)(a+c)(b+r)}}$$

мұндағы

a, b, c, r - корреляциялық «кесте» жасушаларында орналасқан балама белгілердің саны. Қауымдастық коэффициенттерін ұтымды енгізу шарттарының бірі төрт өрісті «кестенің» жиіліктерінің ешқайсысы 5-тен кем болмауын талап ету болып саналады.

Қауымдастық коэффициентін есептегеннен кейін осы коэффициенттің дұрыстығын тексеру қажет. Егер $r_a \sqrt{N-1}$ шамасы қабылданған маңыздылық деңгейі мен $K = N - 2$ еркіндік дәрежелерінің саны үшін кестеде көрсетілген сыни (маңызды) мәннен асып кетсе, онда байланыстың болуы сенімді болып саналады және керісінше.

Зерттеудің ұйымдастырылуына назар аударсақ. Зерттеу 2022-2024 жылдары жүргізілді. Ол Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің негізінде кезеңделіп жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2022ж. қазан-желтоқсан) тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізілді. Сонымен қатар, бастапқы дене даярлығы деңгейін анықтау бойынша бақылау сынақтары қабылданды және студенттердің дене жұмыс қабілеттілігі бастапқы дәрежесі көрсетілді.

Екінші кезеңде (2023 ж. ақпан-мамыр) студенттердің спортпен шұғылдану кезіндегі мәселелері анықталды; Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорт құрылымы мен мазмұны зерттелді; студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысу ерекшеліктері анықталды.

Зерттеудің үшінші кезеңінде (2023 ж. қыркүйек - 2025 ж. қаңтар) студенттерді даярлау технологиясын енгізу бойынша қалыптастырушы эксперимент жүргізілді. Қалыптастырушы экспериментке Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 4-курс студенттерінің ішінен 20 адам қатысты. Қалыптастырушы эксперименттің мәні келесідей болды.

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдарының басым құрамдас элементтерінің негізінде оны жетілдіру бойынша авторлық зерттеу жүйесінің технологиясы әзірленді. Онда төрт құрамдас элемент бар.

Бірінші элемент – спортпен шұғылдану факторларына түзетулер енгізу. Осы мақсатта біз (2023ж. қыркүйек-қазан) «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» арнайы курсы әзірледік және оны оқу процесіне енгіздік. Біздің зерттеуіміздің әрбір элементін жүзеге асырылуымен қатар, енгізуге арналған басымдықты өнімдер қарастырылған, мәселелерді түзету бойынша нұсқаулар және зерттелген көрсеткіштерді түрлендіруге сипаттама берілген.

Екінші элемент - студенттік спорт жағдайының құрылуы мен мәнін жаңғырту болды. Бұл элементті іске асырудың мақсаты - БЖСМ мен университеттер арасында резерв пен жоғары оқу орындарының құрама командаларын даярлау туралы шарттар жасалған.

Студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігін жаңғырту келесі бір элемент болды. Мұнда біз зерттелген өлшемдермен байланысты кемшіліктерді түзету үшін түзету жаттығуларын енгізуге тырыстық.

Зерттеуге Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының студенттері тартылды. Зерттеудің төртінші кезеңінде (2023-2024 оқу жылы, ақпан-сәуір) тақырып бойынша зерттеу материалдары өңделіп, тұжырымдалып, практикалық ұсыныстар жасалды.

Студенттік спорт – ЖОО студенттердің дене даярлығын жетілдіруге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және кәсіби-спорттық дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды сала.

Зерттеуде студенттік спорттың дамуына әсер ететін факторлар мен негізгі мәселелер қарастырылып, әлемдік тәжірибе негізінде шетелдік студенттік спорт жүйесінің ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорттың қазіргі жағдайы зерттелді. Ғылыми зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау – студенттік спорттың теориялық негіздерін анықтау;

- Сауалнама және сұхбат жүргізу – студенттер мен спорт мамандарының пікірлерін саралау;

- Бақылау сынақтары мен педагогикалық эксперимент – студенттердің спорттық даярлығының деңгейін бағалау және оның даму динамикасын зерттеу.

- Математикалық статистика әдістері қолданылды.

3 СТУДЕНТТІК СПОРТТЫ ДАМУ МОДЕЛІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ЭКСПЕРИМЕНТТІК НЕГІЗДЕУ

3.1 Студенттік құрама командалардың жарыстарға қатысудың бастапқы деңгейі

Ең алдымен, тікелей ЖОО студенттерінде спортпен айналысу кезінде туындайтын мәселелерді анықтау үшін Батыс Қазақстан университеттерінің студенттері арасында сауалнама жүргіздік.

10-кестеде және 10-14-суреттерде ЖОО студенттерінде спортпен айналысу кезінде туындайтын мәселелерді анықтау бойынша сауалнама нәтижелері келтірілген. Кесте мәліметтеріне сәйкес, респонденттердің 68,5%-ы жоғары оқу орындарында жүзеге асырылатын дене шынықтыру және спорттық шараларға қатысу мүмкіндігін тартымды деп бағалаған. Ал 15,5%-ы бұл мүмкіндікті қолдамайтынын білдірсе, 16%-ы оны кейде тартымды деп есептейтінін көрсетті.

Студенттердің 70%-ы жоғары оқу орындарында да дене шынықтыру және спорттық бағыттағы шараларға қатысуды маңызды мәселе деп есептейді; 20%-ы білмейді; 10%-ы қатыспайды. Сауалнамаға қатысқандардың 54,5%-ы спорттың бір түрімен айналысуды қаламайды. 20%-ы «кейде» айналысамын, тек 15,5%-ы «оң» жауап берді. Зерттелгендердің 48,2%-ы дене шынықтыру-спорттық сипаттағы барлық жұмыстарға қатысқан кезде спорттық жаттығуларға көбірек ынталы; 24,2%-ы таңертеңгілік жаттығуларға; 27,6%-ы туристік сапарларға бейімдігі анықталды.

Студенттердің 51,2%-ы өздерінің күш-жігерін, соның ішінде жартысындай шамасы дене жаттығуларымен шұғылдануды таңдаса, төрттен бір бөлігіндей шамасы туризмді таңдап, қалған бөлігі спорттық жарыстарға қатысуды таңдады.

Сауалнама негізінде анықталғаны, қатысушылардың басым бөлігі жекпе-жек спорттық сайыстардағы жеңістер деңгейіне көңілдері толса, аздаған бөлігі оны мүлде мойындамайды, қалғандары арақидік мақұлдайды.

Студенттердің 52,8%-ы арақидік жүйелі түрде спортпен шұғылданады; 25,6%-ы жүйелі түрде спортпен шұғылданбайды; 21,6%-ы спортпен жүйелі түрде шұғылданады.

Сұралғандардың 68,2%-ы үшін дене шынықтыру бойынша оқу сабақтары дене шынықтыру-спорттық сипаттағы жұмыстың басым түрі болып табылады; 25,4%-ы үшін-дербес дене шынықтыру сабақтары; 6,5%-ы үшін-таңертеңгі жаттығулар.

Спортпен белсенді айналысуға мүмкіндік бермейтін кедергілердің ішінде респонденттердің 68,4%-ы сабақтың қолайсыз кестесін; 18,4%-ы сабақтың біртектілігін; 13,2%-спортпен шұғылдануға мүдделі еместігін көрсетті.


Студенттердің спортты дамыту мәселелеріне респонденттердің 24%-ы оқу орындарының техникалық базасының шектелуін, басым бөлігі осы сала бойынша білікті мамандардың жоқтығын, ал аздаған бөлігі спорт нысандарының дұрыс жабдықталмауын атап көрсетеді.

Кесте 10 - Студенттерде спортпен шұғылдану кезінде туындайтын мәселелерді анықтау бойынша сауалнама нәтижелері


№ р/н	Сұрақтар	Респондент тердің жауабы, %
1	2	3
1	Сізді ЖОО-да іске асырылатын дене шынықтыру-спорттық сипаттағы түрлі іс-шараларға қатысу мүмкіндігі қызықтыра ма? А) ия Б) жоқ В) кейде	68,5 15,5 16
2	Сіз ЖОО-дағы дене шынықтыру-спорттық сипаттағы іс-шараларға қатысуды маңызды деп санайсыз ба? А) ия Б) жоқ В) білмеймін	70 10 20
3	Сіз спорттың бір түрімен айналысып және әртүрлі жекпе-жектерге қатысқыңыз келе ме? А) жоқ Б) кейде ғана В) ия	54,5 20 25,5
4	Сіз дене шынықтыру-спорттық жұмыстың барлық түрлеріне қатысқан кезде қай спорт түріне көбірек бейім болдыңыз? А) спорттық жаттығу Б) таңертеңгілік жаттығулар В) туристік жорық	48,2 24,2 27,6
5	Сіз дене шынықтыру-спорттық сипаттағы барлық түрлерге қатысқан кезде, қайсысында өз күшіңізді көбірек қолданар едіңіз? А) спорттық жаттығу Б) туристік жорық В) жарыс	51,2 20,4 28,4
6	Сіз спорттық жекпе-жекте жеңіске жету қуанышын сезіндіңіз бе? А) ия Б) жоқ В) кейде	70,2 11,2 18,6
7	Сіз тұрақты түрде спортпен айналысасыз ба? А) ия Б) үнемі айналыспаймын В) кейде	21,6 25,6 52,8
8	Сіз үшін дене шынықтыру-спорттық жұмыстың қай түрі басым? А) өз бетінше жаттығу сабақтары Б) таңертеңгілік жаттығулар В) дене шынықтыру бойынша оқу сабақтары	25,4 6,5 68,2

10 - кестенің жалғасы


1	2	3
9	Сізге қандай кедергілер белсенді жаттығулар жасауға мүмкіндік бермейді? А) қалаусыз сабақ кестесі Б) сабақтың біртектілігін В) айналысатын спорт түріне қызығушылық жоқ	68,4 18,4 13,2
10	Сіздің ойыңызша, студенттер спортын дамыту мәселелері қандай? А) құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілудің төмендігі Б) сала бойынша мамандардың жеткіліксіздігі В) қажетті әдістемелік жабдыкталудың жоқтығы	24 60 16
11	Белсенді түрде шұғылдануға ықпал ететін жаттығулар? А) таңдау бойынша спорт түрімен шұғылдану Б) сауықтырулы сипатты дене жаттығуларымен шұғылдану В) жауап беруге қиналамын	65,4 20,4 14,2




Сурет 10 – Студенттердің дене шынықтыру және спортпен айналысу деңгейі (дене шынықтырумен, спортпен айналысу мүмкіндігі мен дәрежесі)




Сурет 11 – Студенттердің спортпен айналысу барысында туындайтын қиындықтар (жетістіктерден алған қуаныш)



Сурет 12 – Студенттердің спортпен айналысу барысында қызығушылықтары мен бейімділіктеріне қатысты мәселелер



Сурет 13 – Студенттердің спортпен шұғылдануы барысындағы мәселелер (кедергілер мен себептер)



Сурет 14 – Студенттерде спортпен шұғылдану кезінде туындайтын мәселелер (спортпен шұғылдануды жандандыру шаралары)

Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың басым бөлігі дәстүрлі спорт түріне қарағанда бір спорт түріне қатысты дене шынықтыру пәнін таңдайды. Біразы сауықтыру іс-шараларына басымдық берсе, қалғандары жауап беруден бас тартты. Осылайша, спортпен шұғылдану кезінде ЖОО-ның студенттерінде туындайтын мәселелер: спорт түрін таңдауға деген ықыластың жоқтығы; дене жаттығуларымен және спортпен шұғылдануға бейімділік; спортпен кейде ғана шұғылдану; сабақ кестесінің ыңғайсыздығы.

Жоғары оқу орындарының техникалық мүмкіндіктерінің төмендігі және сала бойынша білікті жаттықтырушы-мамандардың жоқтығы; спорт нысандарының заманауи жабдықталуының жоқтығы. Дәстүрлі дене шынықтыру сабағының орнына қандай да бір спорт түрін таңдау бойынша мүмкіндік беру [164].

Зерттеуіміздің міндеті университеттің құрама командаларында өнер көрсететін студенттердің дене даярлығы, дене жұмыс қабілеттілігі, техникалық-тактикалық шеберлігі және жарыстарға қатысу деңгейін анықтауға бағытталған [165].


11-кесте мен 15, 16-суреттердегі мәліметтер Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың волейбол құрамасына енген студенттердің бастапқы дене даярлығы деңгейін сипаттайды. Ал 11-кесте мен 15-суреттегі деректерге сүйенсек, «800 метр қашықтыққа жүгіру» нәтижесі орташа есеппен 3 минут 19 секундты құрап, «қанағаттанарлық» (3) бағасына сәйкес келді. Сондай-ақ, «60 метр қашықтыққа жүгіру» бойынша студенттердің орташа көрсеткіші 9,7 секундты құрап, бұл да «қанағаттанарлық» (3) бағасына тең болды. 11-кесте мен 16-суреттегі мәліметтерге сәйкес, «орыннан ұзындыққа секіру» бойынша студенттердің орташа нәтижесі 205,6 см-ді құрап, «қанағаттанарлық» (3) бағасына сәйкес келді. Ал «денені көтеру және түсіру» тестінде олардың көрсеткіші 42,4 рет болып, бұл да «қанағаттанарлық» (3) бағасына тең болды.

Кесте 11 - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың волейболдан құрама командасына енген студент қыздарының бастапқы дене даярлығы көрсеткіштері (n=20)


№ р/н	Бақылау жаттығулары	Нәтижесі	Бағасы
1	800 м (мин., сек)	3,19	3
2	60 м (сек)	9,7	3
4	Кеудені көтеру (саны)	42,4	3
5	Бір орыннан ұзындыққа секіру (см)	205,6	3

Жоғарыда аталған деректер негізінде бастапқы дене даярлығы деңгейі орташа көрсеткіштен төмен болғанын байқауға болады.

12-кесте мен 15, 16-суреттерде спортшы қыздардың дене жұмыс қабілеттілігі көрсеткіштері берілген. 12-кесте мен 16-суреттегі мәліметтерге сәйкес, алғашқы жүктеме қарқындылығы 480,2 Вт-қа тең болған.



Сурет 15 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың волейболдан құрама командасына енген студент қыздарының бастапқы дене даярлық көрсеткіштері (800 м және 60 м жүгіру) (n=20)



Сурет 16 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың волейболдан құрама командасына енген студент қыздарының бір орыннан ұзындыққа секіру және кеудені көтеру бастапқы дене даярлығы көрсеткіштері (n=20)

12-кестедегі мәліметтерге сәйкес, бірінші жүктеме аяқталғаннан кейінгі 30 секунд ішіндегі жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ) 114,2 соққыны құрады. Ал екінші Кесте 12 - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың волейболдан құрама командасына енген студент қыздарының дене жұмыс қабілеттілігінің көрсеткіштері (n=20).

№ р/н	Көрсеткіштер	Статистикалық мағынасы
1	1- жұмыстың қарқындылығы, вт	550.4
2	1-жұмыстың соңындағы 30 секунд ішіндегі жүрек соғу жиілігі	114,2
3	2- жұмыстың қарқындылығы, вт	950.2
4	2- жұмыстың соңындағы 30 секунд ішіндегі Жүрек соғу жиілігі	187,1
5	PWC ₁₇₀	14,0

жүктеме аяқталғаннан кейінгі 30 секундтағы ЖСЖ 187,1 соғуға тең болды. PWC₁₇₀ көрсеткіші 14,0 болып, бұл орташа деңгейден төмен екенін көрсетті.

13-кестеде студент қыздардың дене жұмыс қабілеттілігі мен дене даярлығы арасындағы өзара байланыс матрицасы берілген.

Кесте 13 - студент қыздардың (n=45) дене жұмыс қабілеттілігі мен дене даярлығы туралы мәліметтер арасындағы корреляциялық сетке

Көрсеткіштер	800м-ге жүгіру	60м-ге жүгіру	Бір орыннан ұзындыққа секіру	Жатып кеудені көтеру
	Корреляциялық коэффициент көрсеткіші, r			
1	2	3	4	5
1- жұмыстың қарқындылығы	-0,228	0,094	0,121	-0,008
1- жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі жүрек соғу жиілігі	-0,311	0,231	-0,310	0,091
2-жұмыстың қарқындылығы	0,308	-0,115	-0,118	0,112

13- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2-жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі жүрек жиелігі	0,291	-0,189	-0,318	0,184
PWC ₁₇₀	-1,442	-0,391	0,381	0,281

Кестеден көріп отырғанымыздай, оң өзара бағыттағы байланыс бірінші жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі ЖСЖ мен 60 м жүгіру ($r=0,231$); екінші жұмыстың қарқындылығы мен 800 м жүгіру ($r=0,308$); екінші жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі ЖСЖ мен 800 м жүгіру ($r=0,291$) және PWC₁₇₀ пен ұзындыққа секіру ($r=0,381$) арасында анықталды. Орташа деңгейдегі теріс сипаттағы байланыс бірінші жұмыстың қарқындылығы мен 800м жүгіру ($r= -0,228$); бірінші жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі ЖСЖ мен орнынан ұзындыққа секіру ($r= -0,310$); екінші жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі ЖСЖ мен орнынан ұзындыққа секіру ($r= -0,318$); PWC₁₇₀ пен 800м жүгіру ($r= -0,442$) және 60м жүгіру ($r= -0,391$) арасында айқындалды. Осылайша, ұлттық құрамаға кіретін қыздардың дене жұмыс қабілеттілігі және дене даярлығы арасындағы корреляциялық байланысты зерттеу жұмысының деректері мыналарды көрсетті.

«Қыздар арасында PWC₁₇₀ мен бір орыннан ұзындыққа секіру арасында оң бағытта корреляция анықталды; екінші деңгейдегі жұмыс мөлшері мен 1000 м және 800 м қашықтықты жүгіру арасында да оң байланыс байқалды; екінші деңгейдегі жұмыс аяқталғаннан кейін 30 секундтағы жүрек соғу жиілігі мен 1000 м және 800 м қашықтықты жүгіру арасындағы оң байланыс тіркелді. Ал теріс бағыттағы корреляция PWC₁₇₀ мен 1000 м және 800 м қашықтықты жүгіру арасындағы байланыстың лайықты болғандығын көрсетті». Алынған мәліметтер бойынша білім алушылардың оқу процесін құру үшін ұсыныстар жасау кезінде қолданылуы керек.

14-кестеде және 17-20-суреттерде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы-қыздарының техникалық-тактикалық даярлығының бастапқы деңгейінің көрсеткіштері көрсетілген.


14-кестеден және 17-суреттен көріп отырғанымыздай, допты беру элементтері бойынша абсолютті шамалар келесідей болды: допты беру көлемі бойынша – 19,4; берудің сандық оңтайлылығы бойынша – 16,7; жеңген берулер саны-3,9; допты беру кезінде жіберілген қателіктер саны-2,9. 9-кестеден және 18-суреттен көріп отырғанымыздай, допты қабылдау бөлімдерінің арасында абсолютті шамалар келесі өлшемдерге сәйкес болды: көлемі бойынша -16,7; сандық оңтайлылық -13,4; қабылдау кезінде рұқсат етілген қателіктер саны-3,3.

14-кестенің және 18-19-суреттердің деректері допты беру элементтерінің арасында абсолютті шамалар келесі өлшемдерге сәйкес келетіндігін көрсетеді: көлемі бойынша - 24,8; сандық оңтайлылығы - 21,7; саны – 3,4.


14-кесте мен 20-суреттің мәліметтері шабуылды соққылардың бөлімдері бойынша келесі мәліметтер тіркелгенін көрсетеді; көлемі бойынша – 19,8; сандық оңтайлылығы бойынша-14,3.

Кесте 14 - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздарының техникалық-тактикалық даярлығының бастапқы деңгейінің көрсеткіштері


Техникалық қозғалыстар	Техникалық-тактикалық сипатты даярлық өлшемі	Шартты белгілер	Статистикалық көрсеткіштер	
			$\bar{X}$	S
Допты беру	Допты беру көлемі	ДБК	19,4	5,4
	Тапсырмалардың оңтайлылығының сандық көрсеткіші.	ТОСК	16,7	5,1
	Допты бергеннен ұтқан ұпайлар саны	ДБҰҰСо	3,3	2,9
	Допты беру кезінде жіберілген қателіктер саны	ДБКЖҚСо	2,9	0,9
Допты қабылдау	Көлемі	Ко	16,7	5,3
	Сандық оңтайлылық	Соо	13,4	4,3
	Допты қабылдау кезінде жіберілген қателіктер саны	ДҚҚЖҚСо	3,4	2,1
Допты ұзату	Көлемі	К	24,8	4,9
	Сандық оңтайлылық	Со	21,7	3,9
	Жіберілген қателіктер саны	ЖҚС	3,3	0,9
Шабуылды соққы	Көлемі	К	19,8	3,7
	Сандық оңтайлылық	Со	14,3	4,9




Сурет 17 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздарының допты берулерінің бастапқы деңгейінің көрсеткіштері (допты беру көлемі, сандық оңтайлылығы, берудегі ұпайлар саны, берілген кезде жіберілген қателіктер саны)



Сурет 18 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздарының допты қабылдауларының бастапқы деңгейінің көрсеткіштері (допты қабылдау көлемі, сандық оңтайлылығы, берудегі ұпайлар саны, берілген кезде жіберілген қателіктер саны)



Сурет 19 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздарының допты берулерінің бастапқы деңгейінің көрсеткіштері (көлемі, сандық оңтайлылығы, берудегі ұпайлар саны, берілген кезде жіберілген қателіктер саны)



Сурет 20 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздарының шабуылды соққыларының бастапқы деңгейінің көрсеткіштері (көлемі, сандық оңтайлылығы)

Техникалық қозғалыстардың көрсеткіштерін салыстырмалы түрде қарастыру мынаны көрсетті. Көлем көрсеткіші бойынша салыстырмалы түрде ең үлкен шамалар допты берулерде тіркелді-24,8; ең азы – допты қабылдауда - 16,7.

«Сандық оңтайлылық» көрсеткіші бойынша ең үлкен шамалар допты беру бойынша – 16,7; ең азы - допты қабылдау бойынша – 13,4 байқалды.

Жіберілген қателіктер санына келетін болсақ, мұнда ең үлкен мәндер допты қабылдауда тіркеледі - 3,4; ал ең азы допты беруде - 2,9.

Анықталған кемшіліктер волейболшылардың техникалық-тактикалық даярлығын түзетуді қажет етеді [166].

15-кестеде жоғары оқу орындарының құрама командаларының қалалық деңгейдегі жарыстардағы нәтижелері көрсетілген. Кесте мәліметтеріне сүйенсек, зерттеу нысанасы ретінде таңдалған жоғары оқу орындарының барлығында спорттың барлық түрі бойынша құрама командалар көшбасшылық позицияларда тұр. Тек волейболдан Қ. Жұбанов атындағы АӨУ және Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрамалары сәйкесінше 2-ші және 3-4-ші орындарды иеленді. Осыған ұқсас үрдіс шахмат және тоғызқұмалақ бойынша да байқалды, онда Х.Досмұхамедов атындағы АУ студент қыздары 2-орынға ие болды.

Айта кету керек, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенттері жазғы және қысқы көпсайысқа қатыспаған. Сондай-ақ, Батыс Қазақстанның (Ақтөбе, Орал, Атырау) қалаларында таэквондо, футбол, белбеу күресі, бокс, самбо сияқты спорт түрлері бойынша жоғары оқу орындары арасында жарыстар өткізілмейді. Алайда бұл спорт түрлері Қазақстан Республикасындағы университеттер арасындағы универсиада бағдарламасына енгізілген. Егер студенттер осы спорт түрлеріне қатыспаса, онда олар тиісті деңгейде жарыстық тәжірибе қалыптастыра алмайды.

16-кестеде Батыс Қазақстан жоғары оқу орындарының XI және XII универсиадасында өнер көрсету нәтижелері көрсетілген.

XI универсиада қорытындысы бойынша зерттеуге алынған жоғары оқу орындарының ішінде ең үздік нәтиже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-не 2-орын тиесілі болды. Одан кейін Х. Досмұхамедов атындағы АУ 27-орынға, ал Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 47-орынға тұрақтады.

Аталған универсиадада Қ. Жұбанов атындағы АӨУ 17 спорт түрі бойынша қатысқан. Әр спорт түрі бойынша орындар келесідей бөлінді: Таэквондо: ерлер – 4-орын, қыздар – 3-орын. Белбеу күресі: ерлер – 6-орын. Баскетбол: ерлер – 4-орын, қыздар – 6-орын. Бокс: ерлер – 3-орын, қыздар – 7-орын. Қыздар күресі: 3-орын. Гандбол: ерлер мен қыздар – 2-орын. Үстел теннисі: 1-орын және 6-орын.

Кесте 15 - Батыс Қазақстан университеттері құрама командаларының қалалық жарыстардағы нәтижелері

Спорт түрлері	Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті (АӨУ)			Х.Досмухамедов ат. Атырау университеті (АУ)			Жәңгір хан атындағы Батыс- Қазақстан аграрлық- техникалық университеті (БҚАТУ)		
	2017 - 2018 ж.	2018 - 2019 ж.	2019 - 2020ж	2017 - 2018 ж.	2018 - 2019 ж.	2019 - 2020ж	2017 - 2018 ж.	2018 - 2019 ж.	2019 - 2020ж
Баскетбол /қыздар/	1	1	1	1	1		1	1	1
Баскетбол /ұлдар/	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Волейбол/қыздар/	1	1	1	1	1	1	2	3	3
Волейбол/ұлдар/	2	2	2	1	1	1	1	3	4
Үстел теннисі /қыздар/	2	2	2	1	1	1	2	2	2
Үстел теннисі /ұлдар/	1	1	1	1	1	1	2	2	3
Шахмат /ұлдар/	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Шахмат /қыздар/	2	2	2	2	2	2	2	2	2
Тоғызқұмалақ/қыздар/	1	1	1	2	2	2	1	1	1
Тоғызқұмалақ/ұлдар /	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Шаңғы тебу спорты	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Жазғы президенттік көпсайыс	1	1	1	1	1	1	-	-	-
Қысқы президенттік көпсайыс	1	1	1	1	1	1	-	-	-
Кросс	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Шағын футбол	1	1	1	1	1	1	1	1	1

Дзюдо: 9-орын және 11-орын. Грек-рим күресі: ерлер – 7-орын. Шахмат: ерлер – 3-орын. Самбо: 7-орын және 3-орын. Жүзу: ерлер – 1-орын, қыздар – 4-орын. Волейбол: 7-орын және 4-орын. Тоғызқұмалақ: 3-орын.

ХІІ универсиадаға тек Х. Досмұхамедов атындағы АУ студенттері қатысып, олар сегіз спорт түрі бойынша өнер көрсетті. Жарыс нәтижелері келесідей болды: таэквондо: ерлер мен қыздар – 5-орын. Еркін күрес: ерлер – 9-орын. Дзюдо: ерлер – 5-орын, қыздар – 4-орын. Самбо: ерлер мен қыздар – 3-орын. Каратэ: ерлер – 5-

орын. Жеңіл атлетика: 6-орын. Регби: ерлер мен қыздар – 3-орын. Қазақша күрес: ерлер мен қыздар – 4-орын.

Кесте 16 - Батыс Қазақстан университеттерінің құрама командаларының Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары арасындағы XI және XII универсиадалардағы нәтижелері

№ п/ п	Виды спорта	Қ.Жұбанов ат.АӨУ				Х.Досмұхамедов ат. АУ				Жәңгір хан ат.БҚАТУ			
		XI Универсиа да		XII универсиа да		XI универсиа да		XII универсиа да		XI универсиа да		XII универсиа да	
		ұл.	қыз.	ұл.	қыз.	ұл.	қыз.	ұл.	қыз.	ұл.	қыз.	ұл.	қыз.
1	Таэквондо	4	3					5	5				
2	Белбеу күресі	6											
3	Баскетбол	4	6			5							
4	Бокс	3	7			9				16			
5	Қыздар күресі		3										
6	Гандбол	2	2										
7	Еркін күрес	6				7		9					
8	Үстел теннисі	1	6										
9	Дзюдо	9	11			8	8	5	4				
10	Грек-рим күресі	7											
11	Шахмат	3				9							
12	Марафон	3											
13	Самбо	7	3			2	5	3	3		8		
14	Жүзу	1	4										
15	Волейбол	7	4				14				8		
16	Тоғызқұма лақ	3	6										
17	Футбол	3						7					
18	Каратэ					9	5	5					
19	Спорттық бағдарлану									1			
20	Жеңіл атлетика							6					
21	Регби							3	3				
22	Қазақ күресі							4	4				
Алған орындары		2 орын		-		27 орын		9 орын		47 орын		-	

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, зерттеуіміздің осы бөлімі бойынша келесі мәселелердің бар екені анықталды:

1. Жоғары оқу орындарында білікті жаттықтырушы мамандардың жетіспеуі. Мысалы, зерттеуге алынған университеттерде командалық спорт түрлері (баскетбол, волейбол) бойынша кәсіби жаттықтырушылар жоқ немесе олардың рөлін спорттық жоғары жетістіктерге ие емес, біліктілігі жеткіліксіз оқытушылар атқарады.

2. Университеттер мүмкіндігінше өздерінің жаттықтырушылары мен студенттерінің әлеуетіне ғана сүйенеді. Мысалы, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-да гандбол мен самбо, Х. Досмұхамедов атындағы АУ-да күрес түрлері (дзюдо, еркін күрес), ал Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да спорттық бағдарлау басты назарға алынған.

3. Осы жағдайдың салдарынан жоғары оқу орындары кейбір спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының университеттері арасындағы универсиадаларға қатыса алмайды.

4. Облыстық және қалалық деңгейдегі жарыстардың нәтижелеріне сүйене отырып, университет спортшыларының жоғары жетістіктері туралы айту қиын. Өйткені бұл жарыстарға аз ғана жоғары оқу орындары қатысады және олардың спортшыларының шеберлік деңгейі төмен.

5. Университеттердің құрама командалары жарыстық тәжірибе жинау мақсатында облыс аумағынан тыс жарыстарға шықпайды.

6. Университет тарапынан Республикалық деңгейдегі жарыстарға студенттік спорттық командалардың қатысуын қаржылық тұрғыдан қолдау мәселесіне жеткілікті назар аудармайды.

7. Университеттерде универсиада бағдарламасына енген негізгі спорт түрлері бойынша құрама командаларды даярлауға жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Аталған мәселелерді шешу жолдары:

А) Универсиаданың базалық спорт түрлері бойынша жоғары білікті жаттықтырушыларды университеттерге шақыру;

Б) Оқуға түсуші талапкерлерді қабылдау кезінде универсиада бағдарламасына енген спорт түрлері бойынша кәсіби спортшылардың оқуға түсуіне басымдық беру;

В) Дәстүрлі академиялық «Дене тәрбиесі» пәнін универсиада бағдарламасына кіретін спорт түрлерінің біріне бейімдеу арқылы өткізу;

Г) Университет басшылығы құрама командалармен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың жалақысын көтеру арқылы оларды ынталандыру;

Д) Университет спортшыларының тәжірибе жинауы үшін оларды облыстан тыс жарыстарға жіберу мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейту [167].

3.2 Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спортты дамыту жолдары

Алынған зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып Батыс Қазақстан ЖОО студенттік спортты жетілдіру жолдарын әзірлеу қажеттілігін айқындайтын негізгі элементтер жүйеленді. Олар 21-суретте көрсетілген.

21-суреттен көріп отырғанымыздай, олардың арасында мыналар айқындалды.

А) Студенттердің спорттық іс-әрекетке қатысуындағы қайшылықтар олардың спортпен жүйелі түрде айналысуға деген мотивациясының жеткіліксіздігімен сипатталады. Атап айтқанда, білім алушылар арасында спортпен шұғылдануға деген тұрақты ұмтылыстың қалыптаспауы байқалады.

Сауалнама қорытындысы көрсеткендей, зерттеуге қатысушылардың 54,5%-ы тек спорттың бір түрімен айналысуға және жекпе-жек сипатындағы жарыстарға қатысуға қызығушылық танытпайтынын білдірген. Сонымен қатар, спортпен жүйелі шұғылдануға кедергі келтіретін мәселелер ішінде зерттеленушілердің 68,4%-ы оқу кестесінің қолайсыздығын атады. Одан басқа, қатысушылардың 24% ЖОО-ң материалдық техникалық базасының жоқтығы білім алушыларға спортты дамытуға қарама-қайшылық келтіретін себептердің орнын көрсетті.

Ә) Студенттік спорттың жүйесіндегі кедергілер. Осы аталған бағытта БЖСМ мен қарым-қатынастың өзара әлсіздігі байқалды, нәтижесінде жоғары оқу орындарына мұндай мектеп түлектері жеткіліксіз деңгейде тартылуда. Осылайша білім алушылар спорттық секцияларға қатысу деңгейінің төмендігі байқалды (мысалы: Х.Досмұхамедов ат. АУ).

Сонымен қатар жоғары оқу орындарының спорттық құрама командаларына іріктеу жүйесі бір ізділігінің кемшілігі байқалды, себебі команда құрамаларына әртүрлі деңгейдегі ұйымдарда жаттығатын студенттер енгізілді.

Б) Білім алушылардың дене қабілеті және техника-тактикалық дайындық кезіндегі келеңсіздіктер.


Зерттеу нәтижесі бойынша білім алушылардың дене дайындығының жетіспеушілігін көрсетті. Атап айтсақ, волейболшы қыздар 800 м және 60 м-ге жүгіруі, бір орыннан ұзындыққа секіруі, кеудені көтеру нормативтері бойынша «қанағаттанарлық» деңгейдегі нәтижені көрсетті. Сонымен қатар, PWC_{170} көрсеткіші мен 60 м-ге жүгіру көрсеткіші арасындағы орташа деңгейдегі кері байланыс анықталды, бұл дегеніміз дененің жұмыс жасау мүмкіндігінің орташадан төмен екендігін байқатады.

Техникалық-тактикалық дайындық тұрғысынанда кемшіліктер байқалды: волейболда допты беру, қабылдау және ұзату әрекеттері бойынша тиімділік деңгейі төмен, жіберілген қателіктер саны жоғары, ал орындау көлемі жеткіліксіз.

В) Білім алушылар мен спорттық құрама командалардың жарыстарға қатысудағы сәйкессіздіктер.

Бұл бағыттағы негізгі мәселелер – білікті жаттықтырушы кадрлардың тапшылығы. Зерттеу жүргізілген университеттерде спорттық ойындар (волейбол,

баскетбол, футзал) бойынша кәсіби мамандардың немесе олардың біліктілік деңгейіндегі сертификаттарының жоқтығы анықталды. Сонымен қатар, арнайы теориялық әдістемелік дайындықсыз, тәжірибелік жолмен қалыптасқан мамандардың үлесі де байқалады. Аталған қайшылықтар студенттік спорт жүйесін кешенді түрде жетілдіру қажеттілігін айқындайды.



Сурет 21 – Батыс Қазақстан ЖОО-да студенттік спортты дамыту жолдарын әзірлеу қажеттілігін айқындайтын негізгі құрамдас элементтер

Универсиаданың бағдарламасына енгізілген негізгі спорт түрлері бойынша спортшыларды даярлауға тиісті деңгейде көңіл бөлінбейді [168].

Университеттер өздерінің қолжетімді жаттықтырушылық кадрлар мен студенттік әлеуетіне сүйене отырып, спорттық бағытарды осы ресурстардың мүмкіндіктеріне қарай айқындайды. Мәселен Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-де гандбол, күрес және самбо секциялары басым дамытылса, Х.Досмұхамедов атындағы АУ-де еркін күрес пен дзюдо түрлеріне ерекше мән беріледі. Ал Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-де спорттық бағдарлау бағыттары негізгі басымдық ретінде қарастырылады. Осындай ресурстық және кадрлық ерекшеліктерге байланысты көптеген жоғары оқу орындары Қазақстан Республикасының ЖОО арасындағы Универсиада бағдарламасына енген барлық спорт түрлеріне толыққанды қатыса алмайды.

Құрама командалардың жарыс тәжірибесін арттыру мақсатында облыс шекарасынан тысқары шығулары жеткіліксіз.

ЖОО-дағы студенттік спорт командаларының облыс сыртындағы жарыстарға қатысуы қаржылық қолдаусыз жүзеге асырылмайды.

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесінің құрылымы 22-суретте көрсетілген. Суреттен көріп отырғанымыздай, жүйенің бөлімдерінде біз бағыттаушы, өнімділігі, көрсеткішті, қорытынды құрамдастарын көреміз.

«Енгізуге арналған басым өнімдер арасында спортпен шұғылдану факторларына түзетулер» бағытында біз спортқа бағдарланған тәсілді енгізуге баса назар аудардық. Қазіргі кезеңде ол студенттердің дене белсенділігімен айналысуға деген ынтасын арттыру үшін басым инновациялардың бірі болып табылады. Осы бағыттағы мәселелерді түзету бойынша нұсқаулардың ішінде біз бір спорт түрі негізінде ЖОО-да «дене тәрбиесі» пәнін іске асыруға баса назар аудардық. Мұны келесі бөлімдерде толығырақ ашамыз.

Жүйенің осы бөліміндегі зерттелген көрсеткіштерді түрлендіруде біз спорттың біреуін енгізу тиімділігін анықтау үшін қауымдастық коэффициентін (кейінірек бөлімде сипатталатын болады) қолданамыз.

Іске асырудың келесі бағыты студенттік спорт жағдайының құрылысы мен мәнін жаңғырту болды. Жүйенің өнімді элементінде біз БЖСМ мен университеттер арасында резерв пен ЖОО-ң құрама командаларын даярлау туралы шарттар жасасуды енгіземіз.

Жүйенің осы бөліміндегі мәселелерді түзету жөніндегі нұсқаулықта «құрама командалардың спортшыларын БЖСМ жаттықтырушыларымен бірлесе даярлау» ұсынылады. Жобаның осы элементін қорытынды бағалау мәні «университеттердің құрама командаларына сапалы іріктеу жүргізу мен олардың бәсекеге қабілеттілігін оңтайландыру» болады.

Жүйені іске асырудың кезекті бағыты «студенттердің дене, техникалық-тактикалық даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту» болды. Енгізу үшін басым өнімдерде біз «студенттердің дене, техникалық-тактикалық

даярлықтары жұмыс қабілеттілігін жетілдіруге арналған денелік тапсырмаларды» атап өттік.

Мәселелерді түзетуге арналған нұсқаулардың ішінде біз «студенттердің дене даярлығы, техникалық-тактикалық даярлығы мен жұмыс қабілеттілік деңгейін оңтайландыру үшін құралдар мен әдістерді таңдауды» ұсындық. Жүйенің осы бағыт бойынша қорытынды бөлімінде біз математикалық статистика құралдары арқылы студенттердің дене даярлығы мен жұмыс қабілеттілігі дәрежелері бойынша оң өзгерістердің дұрыстығын анықтадық.

Сонымен жүйені іске асырудың соңғы бағыты - «университет пен спорт клубтарының, БЖСМ ынтымақтастығы» болды.

Өнімді бөлімде біз «негізгі спорт түрлері бойынша жаттықтырушыларды шақыру. Спорттың негізгі түрлері бойынша спортшыларды қабылдауға баса назар аударуды айқындап көрсеттік».

Мәселелерді түзету бойынша нұсқаулардың ішіннен біз «ЖОО спортшыларының БЖСМ-мен ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде облыстан тыс жерлерге шығу мүмкіндігін кеңейтуді» атадық. Осы бағыт бойынша қорытынды бөлімде біз «Республикалық деңгейдегі құрама командалардың нәтижелеріндегі оң өзгерістер» алуды көздеп отырмыз.

17-кестеде 120 сағат (4кредит) көлемінде «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсының мазмұны берілген. Олардың ішінде дәріс – 15 сағат, практикалық даярлыққа – 30, СОӨЖ – 15 сағат және СӨЖ - 60 сағат бөлінген.


Бұл арнайы курс Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенттерін оқыту аясында Жәңгір хан «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылының қыркүйегінде (қыркүйек-желтоқсан айлары) енгізілді.

Курстың мазмұнында біз келесі тақырыптарды бөліп көрсеттік.

Спорттық-бағдарлы тәрбие. Оның мәні ұсынылды. Бұл студенттерге сабақ түрлерін, олардың қарқындылық тәртібін қамтамасыз етуден, тиімділікті жобалаудан және сонымен бірге олардың сараланған дене қабілеттері мен оларды жетілдірудің әлеуетті түрінің мүмкіндіктері туралы білім негізінде дене шынықтыру немесе спорттық сипаттағы қызмет түрін кедергісіз түзету мүмкіндігінен тұрады.

«ЖОО-ғы спорттық жетілдіру топтарында оқу-жаттығу процесін құру».

Оқу-жаттығу процесін құру жоғары оқу орнындағы оқытуды ұйымдастырумен сәйкес болуы керек деп ұсынылды. Бір жылдық типтегі макроциклді жобалау емтихан сессияларына, демалыстарға, теориялық сипаттағы оқытуға және өндірістік типтегі тәжірибелерге байланысты оқу механизмінің кестесімен үйлестіріледі.



Сурет 22 – Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесінің құрылымы

Кесте 17 - «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсының мазмұны

№ р/н	Курс тақырыбының атаулары	Сағат санын бөлу				
		Дәріс	Практикалық сабақ	СӨӨЖ	СӨЖ	Барлығы
1	Спорттық бағдарлы дене тәрбиесі	2	4	2	8	16
2	ЖОО-ғы спорттық жетілдіру топтарында оқу-жаттығу процесін құру	2	4	2	8	16
3	ЖОО студенттерінің дене даярлығын жетілдіру құралдары мен әдістері	2	4	2	8	16
4	ЖОО студенттерінің техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру құралдары мен әдістері	2	4	2	8	16
5	ЖОО студенттерінің дене жұмыс қабілеттілігін дамыту құралдары мен әдістері	2	4	2	8	16
6	ЖОО құрама командаларын жарыстарға даярлау	2	4	2	8	16
7	ЖОО құрама командаларын даярлаудың оңтайлы критерийлері	2	4	2	8	16
8	Студенттердің білімін бақылау	1	2	1	4	8
Барлығы:		15	30	15	60	120

«ЖОО студенттерінің дене даярлығын жетілдіру құралдары мен әдістері».

Осы тақырыпты іске асырудың әдістемелік салалары ұсынылған. Дамуы сипаттағы кешеуілдеп қалған дене қасиеттерін дамыту үшін шеңбер типті (циклді) жаттығу әдісін қосу. Жаттығушылардың дене қабілеттерінің деректері ескерілуі керек. Топтарды жалпы дене даярлығымен және алдын-ала жаттығулармен айналысатындар етіп бөлу керек. Денеге әсер ету құралдары мен бағыттарын

дәйекті таңдауды жүзеге асыру. Төзімділікті дамыту үшін ұзақ және ауыспалы жұмыс пен қайталанбалы-үзілісті жұмыс әдістерін қолдану қажет.

«ЖОО студенттерінің техникалық-тактикалық даярлығын дамыту құралдары мен әдістері». Олардың ішінде мыналар ұсынылған: Допты жоғарыдан берудегі, допты төменнен берудегі, доптың жоғарыдан тікелей берілуі, шабуыл соққыларындағы, допты қабылдаудағы қателіктерді түзетуге бағытталған жаттығулар.

«ЖОО студенттерінің дене жұмыс қабілеттілігін жетілдіру құралдары мен әдістері». Олардың ішінде мыналар ұсынылған: Таңертеңгілік гигиеналық жаттығуларды өткізу; дене шынықтыру минуттары және дене шынықтыру үзілістері. Көз бұлшықеттерінің шаршауын жеңілдету үшін-екі минуттық пальминг (сүңгу); сауықтырулы жүгіру; жүзу; шаңғы тебу т.б.

«Университеттер, спорт клубтары және балалар жасөспірімдер спортмектептері арасындағы ынтымақтастық». Қазақстан Республикасында, оның ішінде Орал қаласында балалар жасөспірімдер спорт мектептері базасында кәсіби спорт клубтарының қызмет ету және ЖОО жанындағы спорт клубтарының материалдық-техникалық ресурстары олардың студенттік құрама командаларды даярлау процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Осы тұрғыда ЖОО-дың құрама командаларын даярлау мәселелері бойынша әріптестік туралы келісімдер жасасу маңызды рөл атқарады. Ынтымақтастық аясында бірлескен оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру, жаттықтырушылар мен студент спортшылар үшін шеберлік сағаттарын өткізу, сондай-ақ оқу тренингтік іс-шаралар жүзеге асыру көзделеді. Сонымен қатар, тараптар арасында спорттық инфрақұрылымды өтеусіз негізде өзара пайдалану тәжірибесін енгізу студенттік спортты тиімді дамытуға ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады.

«Жоғары оқу орындары спорттық құрама командаларын даярлаудың оңтайлы критерилері». ЖОО спорттық құрамасын тиімді даярлауды қарастыратын негізгі критерилер ұсынылды, соның ішінде;

- қаржыландыру тетіктерінің жеткіліктілігі;
- материалдық-техникалық базалардың және спортқа қажетті құрал-жабдықтардың жеткіліктілігі;
- спорттық құрама командалардың іріктеу кезіндегі қабылдау жүйесіндегі ашықтығы;
- жаттығу кезіндегі заманауи технологияларды қолдану мүмкіндігі;
- жарыстардың тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін қолайлы күнтізбелік жоспардың болуы.

Осы аталған критерилер құрама командалардың даярлық сапасын арттыруға және олардың жарыстық нәтижелігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Даярлық үдерісі келесі негізгі компоненттерді қамтиды: жалпы даярлық бағыты, техникалық және психологиялық даярлық, оқу процесін академиялық кестемен үйлестіре жоспарлау, топшілік үйлесімділік және бәсекелестік командалық нәтижелікпен өзара байланысы. Студенттерді спорттық жекпе-

жектерге даярлау ерекшеліктері реакция жылдамдығын және тапқырлықты дамытуға, техниканық тәсілдер қорын меңгеруге және психологиялық тұрақтылықты қалыптастыруға негізделеді.

Спортқа бағдарланған дене тәрбиесін «Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтарда іске асыру тәсілі келесі себептер бойынша жүзеге асырылды. Ең алдымен, алдыңғыда айтылғандай білім алушылардың дене шынықтырумен шұғылдануға деген көзқарастың баяу екенін аңғартады. Екіншіден, ұсынылған тәсілді енгізу студенттердің өздері таңдаған, қызығушылық тудыратын спорт түрлері бойынша даярлық процесін жандандыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде университеттің құрама командаларын тиімді қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды. Аталған әдістемені жүзеге асыру мақсатында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ректоратымен келісім негізінде оқу үдерісі қайта ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесі белгілі бір спорт түрін енгізу қағидатына негізделді, оның ішінде волейбол бағыты таңдалды. Дене шынықтыру бағдарламасына сәйкес осы пән бойынша сабақтарды өткізу үшін аптасына төрт сағат, сонымен қатар факультативке екі сағат (барлығы алты сағат) бөлінген спорттық жаттығулар қағидалары бойынша оқу кестесінен тыс өткізіле бастадық. Сабақтар аптасына үш рет екі сағаттан өткізілді.

Біз келесі эксперименттік іс-шараларды жүзеге асырдық: Волейболдан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ұсынған тесттер негізінде білім алушылар үш топқа – жоғары, орта және төмен деңгейлі топтарға бөлінді. Түрлендіргіш эксперименттің бастапқы кезеңінде бірқатар ұйымдастырушылық жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, волейбол секциясындағы оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыру мақсатында тиісті жобалық құжаттар әзірленді. Базалық нормативтік негіз ретінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі дайындаған талаптар мен ережелер қабылданды.

Сонымен қатар, «Дене шынықтыру» пәні бойынша мемлекеттік стандарт талаптарын басшылыққа ала отырып, жоғары оқу орындарында дәстүрлі сипаттағы дене шынықтыру сабақтарының нысанын спорттық-бағдарланған дене тәрбиесімен алмастыру студенттердің дене дайындығын жетілдірудің және спорттық-сауықтыру жұмысының тиімділігін арттырудың маңызды бағыты ретінде қарастырылды.

18-кестеде волейбол спорты бойынша зерттеу тобының жаттығу сабақтарының уақыттарының бөлінуі жылдық жоспар-кестесінде көрсетілген.

Кесте 18- Волейбол спорты бойынша зерттеу тобының жаттығу сабақтарының уақыттарының бөлінуі жылдық жоспар-кестесі

№ р/н	Даярлық түрлері	Сағат саны
1	2	3
1	Теориялық даярлық	4

18-кестенің жалғасы

1	2	3
2	Жалпы дене даярлығы	66
3	Арнайы дене даярлығы	38
4	Техникалық-тактикалық, психологиялық	112
5	Жарысқа даярлық	16
6	Бақылау және өтпелі нормативтер	4
Барлығы		240

Бір жылға арналған сағат көлемін жобалау кезінде біз келесі қатынастарды негізге алдық. База ретінде 10 оқу айы (қыркүйектен маусымға дейін) және әр айдағы төрт аптаның өтуі қабылданды (сондықтан есептеу келесідей болды: бір аптада 6 сағат×4 апта×10 ай, сонда жалпы сағат 240 сағат).

19, 20-кестелерде 1 және 2-курс білім алушылары үшін волейбол бойынша техникалық сипаттағы даярлық бойынша ақпарат берілген.

Кесте 19 - Волейболдан 1-курс білім алушыларына арналған техникалық сипаттағы даярлық материалы

№ р/н	Материалдың атауы	Сағат көлемі
1	Волейболдағы қозғалыстар мен қатынастар (бүйірлік қадам, секіру, қосарланған қадам, секіру, құлау)	12
2	Екі қолды жоғары, алға, артқа қозғалту	14
3	Допты жоғарыдан, төменнен екі қолмен қабылдау	14
4	Жеңілдетілген жағдайлардағы тікелей шабуылды сипатты соққы	14
5	Төменгі сипаттағы допты тікелей беру	14
6	Сараланған сипатты шабуылдағы тактикалық әрекеттер	14
7	Топтық сипаттағы шабуылдағы тактикалық әрекеттер	14
8	Оқу ойыны	16
Барлығы		112

Кесте 20- Волейболдан техникалық сипаттағы даярлық бойынша 2-курс білім алушыларына арналған ақпарат

№ р/н	Материалдың атауы	Сағат көлемі
1	2	3
1	Секіру кезінде допты екі қолмен жоғарыдан, бір қолмен беру	12

20-кестенің жалғасы

1	2	3
3	Бүйірлік сипатты шабуылды соққы	14
4	Допты жоғары сипатты тікелей беру	14
5	Тікелей соққыларды бұғаттау	14
6	Тактикалық сипаттағы шабуылдағы әрекеттер	14
7	Волейболдан жарыстарды ұйымдастыру мен өткізу	14
8	Оқу ойыны	16
Барлығы		112

Студенттік спорт күйінің құрылымы мен мәнін жаңғырту мақсатында диссертациялық жұмысымызда біз университеттегі студенттік спорттың құрылымы мен мазмұнына айтылған қайшылықтар негізінде кейбір түзетулер енгізуді ұсынамыз. Олар 23-суретте көрсетілген. Суреттен көрініп тұрғандай, студенттік спорттың құрылымы мен мазмұнындағы негізгі түзетулердің ішінде біз мыналарды атап өттік.

Жоғарыда айтылғандай, студенттік спорттағы мәселелердің бірі – қаржыландырудың жетіспеушілігі. Осыған байланысты студенттер жарыстарға облыстан немесе республикадан тыс жерлерге бара алмайды және бәсекелестік тәжірибелері өте аз. Сондықтан бұл мәселені шешу жолдарын табу керек. Сондықтан біз бірінші түзетуді «Қаржыландыру көздерін қарастыру» атауымен бердік.

Қаржыландырудың бірінші көзі – алдын-ала спортшы балаларды даярлайтын мекемелермен келісім-шарт жасау.

Мұндай келісімдерді іске асыру кезінде ЖОО құрама команда қатарындағы білім алушылар келісімшарт жасасқан ұйымдардың қаржылық және ұйымдастырушылардың демеуімен спорттық сайыстарға қатысу мүмкіндіктеріне қолдау алады. Осылай ішінара іс-әрекеттер кезінде жоғары оқу орындары белгілі бір ұйымның қажеттіліктеріне байланысты келешек мамандарды (таңдаған спорт түрі бойынша білікті жаттықтырушы) немесе әуесқой және кәсіби деңгейдегі спортшыларды дайындайды. Осылайша қолдаушы ұйымдар өз құрама командаларын жоғары деңгейлі спортшылармен толықтып бұл олардың спорттық көрсеткіштерін жетілдіруге ықпалын тигізеді.

Қаржыландырудың мүмкіндік көздерінің бірі ол спорт және туризм саласы бойынша уәкілетті органдармен жоғары білім ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелері жағынан қарастырылатын гранттық қаражаттар есептеледі. Осы аталған қаражаттар ғылыми жоба аясында ұйымдастырылатын спорттық жарыстарға қатысуға және іссапар шығындарын өтеуге бағытталуы мүмкін. Сонымен қоса жарыс шығындары университеттің бюджеттік қорыда жатады.

Ұсынылған түзетулер қатарында спорт мектептерімен кәсіби спорт клубтармен өзара серіктестікті дамыту қажеттілігі көзделеді. Осы тұрғыда ЖОО спорттық құрама командалары құрамына БЖСМ тәрбиеленушілерін тарту қарастырылды. Бұл әдіс спортшыларға БЖСМ жүйесінде спорттық дайындықтарын жалғастыра отырып әрі қарай спорттық шеберліктерін арттырып сонымен қатар студенттік қатарда жүріп өз спорттық шеберліктерін жоғарлатуға мүмкіндік жасай алады.


Осы жерде «университет құрама командаларының оқу-жаттығу процесін университет оқытушыларының штатына қабылданатын балалар жасөспірімдер-спорт мектептерінің жаттықтырушыларының өткізуі» мәселесі шешілетін болады. Сондай-ақ, біз «мектепті бітіргеннен кейін ЖОО-на оқу орнының ішкі гранты негізінде одан әрі оқуды жалғастыруды» ұсынамыз.

Маңызды түзетулердің бірі – жоғары оқу орындарының құрама командаларына іріктеу жүйесін оңтайландыру болып табылады. Осы тұрғыда, атап өткендей оқу процесінде спорт түрлері бойынша ұйымдастырылған топтар негізінде жүргізу ұсынылды. Осы тәсіл спорттық бағдарланған оқыту қағидаларына сәйкес студенттердің өздері таңдаған спорт түрлері бойынша дайындалуына және сол бағытта үздік нәтиже көрсететін білім алушыларды мақсатты түрде іріктеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, белгілі бір спорт түрі бойынша оқу-жаттығу жұмысын жүргізетін жаттықтырушы бір мезгілде жоғары оқу орындары командалары үшін іріктеу үдерісін тиімді жүзеге асыра алады.

Жоғары оқу орындарының спорттық құрама командаларының мүшелері балалар жасөспірімдер спорт мектептерінің (жоғары спорттық шеберлік топтарында) тәрбиеленушілері болуын қамтамасыз ету маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы тәсіл білім алушы спортшылардың дайындық деңгейінің жетілуімен қатар, олардың жарыс қызметіне жүйелі түрде тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай жағдайда студенттердің облыстан тыс өткізілетін спорттық жарыстарға қатысуы балалар жасөспірімдер спорт мектептері қаражаты есебінен қаржыландыруы қарастырылып, материалдық шығындары оңтайландыруға жағдай жасалады.

Осыған қоса, жоғары оқу орындары құрама командаларының құрамына кәсіби спорт клубтарының спортшыларын және жоғары спорттық шеберлік топтарының мүшелерін тарту орынды болып табылады. Бұл студенттік спорттағы бәсекелестік деңгейін арттыруға, оқу-жаттығу үдерісінің сапасын жақсартуға және тәжірибе алмасу арқылы жас спортшылардың кәсіби шеберлігін жетілдіруге ықпал етеді.

Жалпы алғанда мұндай интеграциялық тәсіл студенттік спорт жүйесінің тиімділігін арттырып, жоғары оқу орындарының құрама командаларының жарыстық нәтижелілігін көтеруге, сондай-ақ спорт резервін даярлаудың сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Сурет 23 – ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына түзетулер

Мұнда бір уақытта бірнеше мәселе шешілетін болады. Біріншіден, білікті, жақсы даярланған спортшылар. Екіншіден, көптеген жағдайларда студенттер, БЖСМ, кәсіпқой спорт клубтарының тәрбиеленушілері көп ойындарды өткерген, доп сезімін түсінеді және т.б. Студенттердің дене даярлығы мен жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту мақсатында 21-кестеде көрсетілгендей студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту құралдары қолданылды. Кестеден көріп отырғанымыздай, студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту құралдарының ішінде біз мыналарды атап өттік.

1000, 800м жүгіру:

1. Сабақтың жүйелілігін арттыру. Неғұрлым көп жүгірсеңіз, ағза соғұрлым көбірек бейімделеді. Кардио-респираторлық жүйенің қызметі жақсарады; бұлшықет топтары соққы сипатындағы жүктемелерге бейімделеді, жүгірудің тиімділігі артады. Мұның бәрі жүгіру жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

2. Техниканы жетілдіру. Жүгіру техникасына түзетулер енгізгеннен кейін жүгірудің тиімділігі мен жылдамдығы артады.

3. Плиометриялық жаттығуларды қосу. Плиометрика - бұл бір реттік көтеру кезінде бұлшықет ширығуының абсолютті және жарылыс күшін және ең аз уақыт ішінде максималды сипаттағы ширығуды оңтайландыруға көмектесетін арнайы секіру тапсырмалары. Осы өлшемдерді арттыру соңында қашықтықты жылдамырақ жүгіруге көмектеседі.

4. Негізгі қашықтықты қысқарту. Қысқа қашықтыққа жүгіру жаттығуларындағы шапшандықты және бұлшықет күшінің күшін арттыруға көмектеседі. Осыдан кейін жинақталған шапшандықты негізгі қашықтыққа түрлендіруге болады.

100 м, 60 м-ге жүгіру:

1. Техниканы жетілдіру. 2. Қадамның ұзақтығын сақтау. 3. Аралық жаттығуларды қосу. 4. Қысқа жүгірулерді ыңғайлы жылдамдықпен орындау.

Кермеде тартылу:

«Демалыс-үзіліс» күйі. Мұның негізі - қайталанудың үлкен көлемін қысқа демалыстармен бірнеше кезеңдерге бөлу. Мысалы, егер сіз жеті рет тартылдыңыз, бірақ мұны 15-ке жеткізгіңіз келеді. Әр жолы үш рет орындай отырып, 15 қайталауды 5 кезеңге бөлу керек. Бірінші кезең аяқталғаннан кейін 45 секунд демалыңыз. Осыдан кейін екінші тәсіл орындалады. Басқа жаттығуда кезеңдер арасындағы демалыс бес секундқа азаяды. Кезеңдер арасындағы үзіліс 10-15 секундқа жеткенге дейін орындау керек. Эспандерді (қарсылық белдеуін) пайдалану. Жаттығуға бұлшықет күшінің әртүрлі ширығуымен қарсылық эспандерлерін енгізу. Сізді оңай итеретін серпімді эспандермен тартылуды бастау керек, содан соң бір аптадан кейін тығыз серпімді резеңкелі эспандерді қолдану керек.

Гірмен тартылу жаттығулары: Бұлшық ет күшін дамыту мақсатында тартылу жаттығуларына қосымша салмақ енгізу ұсынылады. Ол үшін 4-6 рет тартылуға

мүмкіндік беретін жеңіл салмақтағы гір пайдаланылады. Екі аптадан кейін жаттығу барысындағы бейімделу деңгейіне қарай гірдің салмағы біртіндеп арттырылады, алайда тартылу саны бастапқы деңгейде сақталады.

Қосымша жаттығуларда енгізу. Қайталау санын және жалпы нәтижелікті арттыру мақсатында арқа бұлшықеттерін әртүрлі бағыттағы қозғалыстар арқылы жаттықтыру қажет. Бұл үшін гантельдермен, штангалармен және арнайы тренажерлармен орындалатын кешенді жаттығуларды қолдану ұсынылады. Мұндай тәсіл бұлшық ет топтарының үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп, жалпы дене дайындық деңгейін жоғарлатады.

Жатқан күйден тіреле кеудені көтеру: «Жатқан күйден тіреле кеудені көтеруге арналған жаттығулар».

Итеру техникасын игеруге арналған жаттығулар:

1. Орындықтан итерілу.
2. Кеңістіктен итерілу.
3. Шынтаққа тірелу.
4. Жатқан күйде гантельдермен пресс жасау.
5. Жатқан күйде гантельдермен французша пресс жасау.
6. Қоссырықта итерілу.
7. Алмаздық итерілу.
8. Кері сипаттағы итерілу.
9. Тізеден.
10. Бір қолда.
11. Кең итергіштер.
12. Жұдырықтармен.

Кеудені көтеру: Жаттығуды орындау барысында инерциялық (сылбырлық) күшті пайдалануға жол берілмеуі тиіс. Қозғалыс толық амплитудада, баяу және бақыланған түрде орындалады. Кеудені көтеру кезінде мойын және иек бұлшықеттерін қозғалысқа қоспау қажет, иек сәл төмен түсірілген күйде ұсталуы тиіс. Көтерілу кезінде қолдың көмегіне жүгінбей, тек қана құрсақ бұлшықеттерінің жұмысын қамтамасыз ету қажет. Тыныс алу реті келесідей сақталады: төмен түсу кезінде – дем алу, жоғары көтерілу кезінде – дем шығару. Мұндай әдістемелік талаптарды сақтау жаттығудың тиімділігін арттырып, құрсақ бұлшықетінің мақсатты түрде дамуын қамтамасыз етеді.

Орнынан ұзындыққа секіру: Орындық арқылы бір аяқпен секіру. Бір аяқпен орындықтың жанында тұрып, екінші аяқты тізе тұсында бүгу. Секіруді орындап, орындықтан секіріп өту. Секіру отырып, аяқты ауыстырып және екінші аяқпен тұрып, дәл солай жасау.

Кедергілерді жеңе отырып секіру. Екі аяқпен тұрып, оларды тізде сәл бүгу. Кедергіні жеңу үшін алға және жоғары секіруді орындау. Жерге аяқты қойғаннан қ кейін, жерден итеріле, бірден екінші секіруді қайталау. Кедергілерді бір-бірінен 90-120 см қашықтықта орналастыру керек.

180 және 360 градусқа бұрылыспен орнында секірулер. Тік тұрып, аяқтарды тізеде сәл бүгіп, арқаны түзу ұстау. Еденнен итеріліп, жоғары секіруді жүзеге асыру. Ауада бола отырып, 180 және 360 градусқа бұрылу, өзіңізге қолыңызбен көмектесіңіз. Бастапқы күйге қайтқан кезде иілген аяқтарға түсу. Секіруді өте жоғары етпеу. Жерге қону кезінде тепе-теңдікті жоғалтпау үшін аяқтарды кең етіп ұстау.

Аяқтың ауыстыра орнында секіру. Тік тұрып, аяқтарды тізеде сәл бүгу. Орнында секіруді орындап, оң аяғыңызға қонып, екіншісін бүгу. Иілген аяқпен қону. Оң аяқпен итеріліп, ауада аяқтарды ауыстыру.

Келесі бөлім – дене жұмыс қабілеттілігі болды. Оны жетілдіру құралдарының ішінде біз келесілерді айқындап көрсеттік. Жұмыс қарқындылығы. Баскетбол ойынындағы шаршауға қарсы тұрудың жоғары деңгейіне жету үшін келесілерді жүзеге асыруға болады. Баскетбол ойнау уақыты (4×10 мин) 5 минуттан 8 кезеңге бөлінеді. Жаттығушыларға өздерін жоғары қарқындылықпен жүктеуге тапсырма беріледі. Уақыт өте келе, жаттығушылардың жаттығуларының жоғарылауымен кезеңдер арасындағы демалыс уақыты азаяды және кезеңдердің саны да азаяды.

Жұмысты орындау кезінде ЖСЖ (PWC_{170}). Күн сайын таңертеңгі гигиеналық жаттығуларды жүзеге асыру. Жүзу, бадминтон, үстел теннисі, спорттық жүру, скандинавиялық жүру элементтерін қолдану.

Өртүрлі бағыттағы жаттығу жүктемелерінің ұтымды құрылымы, тұтас жаттығу барысындағы жүктеме мен демалыстың үйлесімі, арнайы қалпына келтіретін микроциклдер мен ескерту (профилактикалық) жүктемелерін енгізу.

Студенттердің дене жұмыс қабілеттілігі мен дене даярлығы арасындағы анықталған корреляцияны есепке алу.

Жұмыстың қарқындылығы мен 1000 м жүгіру; ЖСЖ мен ұзындыққа секіру арасындағы оң сипаттағы корреляция. Дене жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін арнайы және жалпы төзімділік пен шапшаңдықты күшті сипатты жұмысқа баса назар аудару қажет.

22-кестеде волейболшылардың техникалық-тактикалық даярлығын жаңғырту құралдары көрсетілген. Доптың жоғарыдан, доптың төменнен берілу қателіктерін түзетуге бағытталған жаттығулардың ішінде біз мыналарды айқындадық.

Жұптаса орындалатын жаттығу: біріншісі допты жоғарыдан беруді жүзеге асыру үшін волейболшының құзырында, екіншісі допты біріншісінің қолына қойып, берілісті орындау кезінде біріншісіне аздап кедергі жасайды. Қабырға қатысты жұппен жаттығу, біріншісі қабырғаға допты беруді орындайды, екіншісіне жүгіреді, екіншісі осы уақытта ұшып келе жатқын допты қабылдауды орындайды.

Кесте 21- Студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту құралдары

Жаңғырту бағыттары	Жаңғыртудың құрамдас бөлімдері және оларды іске асыру жолдары				
Студенттердің дене даярлығы	800м (қыз.) жүгіру	60м (қыз.) жүгіру	кеудені көтеру (қыз.)	Жерден тіреле итерілу	Орнынан ұзындыққа секіру
	1.1. Сабактың жүйелілігін арттыру. 2.2. Жүгіру техникасын жетілдіру. 3.3. Жоспарға күштік жаттығуларды қосу. 4.Плиометриялық жаттығулар.	1.1. Техниканы жетілдіру. 2.2. Қадамның ұзақтығын сақтау. 3.Үзілісті жаттығуларды қосу 4.4. Қысқа жүгірулерді ыңғайлы жылдамдықпен орындау.	Кеудені көтеру. 1. «Демалыс-үзіліс» күйі. 2. Эспандерді қолдану. 3. Гірмен тартылу. 4. Басқа тапсырмаларды енгізу. Кеудені көтеруге арналған жаттығулар.	1. Орындықтан итерілу. 2. Ауада итерліу 3. Шынтаққа тірелу. 4. Гантелдерді қысу. 5. Гантелдерді фрпацуздық қысу.	1. Орындықтан бір аяқпен секіру. 2. Кедергілерді жеңе отырып секіру. 3. 180 және 360 градуске бұрыла отырып орнында секіру. 4. Аяқтарды ауыстыра отырып орнында секіру.
	Жұмыс қарқындылығы	Жұмысты орындау кезінде ЖСЖ	PWC ₁₇₀	Дене жұмыс қабілеттілігі мен дене даярлығы көрсеткіштері арасында анықталған корреляцияларды есепке алу	
Студенттердің дене жұмыс қабілеттілігі	Волейбол ойнау кезінде төзімділікті дамыту (4=10 мин) 5 минуттан 8 кезеңге бөлу. Жоғары қарқындылықпен жұмыс жасау. Жаттыққандық деңгейінің артуымен кезеңдер арасындағы демалыс уақытын, сондай-ақ кезеңдердің санын азайту.	Танертеңгі гигиеналық жаттығуларды жүзеге асыру. Жүзу, бадминтон, үстел тенісі, спорттық жүру, скандинавиялық жүру элементтерін қолдану.	Әртүрлі бағыттағы жаттығу жүктемелерін ұтымды құрылымы, жаттығу механизміндегі жүктеме мен демалыстың үйлесімі, арнайы қалпына келтіретін микроциклдер мен ескерту (профилактикалық) жүктемелерін енгізу	Негізінен жұмыстың қарқындылығы мен 1000 м жүгіру; ЖСЖ мен ұзындыққа секіру арасындағы оң сипаттағы корреляциялар. Дене жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін арнайы және жалпы төзімділік пен шапшаңдықты-күшті сипатты жұмысқа баса назар аудару қажет	

Кесте 22 - Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары

Жаңғыртудың құрамдас бөлімдері және оларды іске асыру жолдары				
Доптың жоғарыдан берілу қателіктерін түзетуге бағытталған жаттығулар	Доптың жоғарыдан берілу қателіктерін түзетуге бағытталған жаттығулар	Доптың жоғарыдан тікелей берілу қателіктерін түзетуге бағытталған жаттығулар	Шабуылды соққыны орындау кезіндегі қателерді түзетуге бағытталған жаттығулар	Допты қабылдау кезіндегі қателіктерді түзетуге бағытталған жаттығулар
Жұптаса орындалатын жаттығу. Біріншісі допты жоғарыдан беруді жүзеге асыру үшін волейболшының құзырында, екіншісі допты біріншісінің қолына қойып, берілісті орындау кезінде біріншісіне аздап кедергі жасайды. Қабырға қатысты жұппен жаттығу, біріншісі қабырғаға допты беруді орындайды, екіншісіне жүгіреді, екіншісі осы уақытта ұшып келе жатқын допты қабылдауды орындайды. Жоғарғы қабырғаға соғу кезінде, доптың астынан алып, содан кейін оны өзінің үстінен өткізе ұзату.	Жұптаса орындалатын жаттығу. Бір ойыншы допты серіктесіне 1-2 м-ге жеткізбей, солға, оңға немесе бастың артына қарай лақтырады. Екінші ойыншы ұшатын допқа қарай қолын тигізгенше бастапқы күйінде болатындай етіп қозғалуға тырысады.	Әр элементті бекітіп беру, лақтыру қадамы, тербеліс, соққы. Допты еденге сызылған тыс сызықтан тұру ұстап тұру керек. Допты орнында тұрып лақтыру. Допты беруді ынталандыру, допты орнынан қозғалмай, алға созылған тік қолмен ұстап алу. Допты қатарынан бірнеше рет, торға жақындай отырып (міндетті түрде алға жылжу) беру.	Шабуылды соққыны орындау кезінде қателерді түзетуге бағытталған жаттығулар келесідей сипатталады. Үш сатылы жүгіруден жоғары секіріп, аспалы допқа қол жеткізу. Гимнастикалық төсеніште тізе бүгіп, волейбол добын саусақпен ұру, соққы беру кезінде қол түзу күйде болады. Соққы беру еліктеуімен секіру, жартылай отыра қону.	1. Бірінші ойыншы допты серіктесіне әртүрлі траекториямен және одан әртүрлі қашықтыққа лақтырады; серіктес допты қабылдап, оны бірінші ойыншыға бағыттайды. 2. Допты жоғарыдан (төменнен) беру тәсілімен ұзату. 3. Дәл солай, бірақ бүйірлік қадаммен оңға және солға жылжу. 4. Кеуде деңгейінде саусақтармен допты бірден беру. 5. Доп еденнен серпілгеннен кейін жұптаса допты беру.

Жоғарғы қабырғаға соғу кезінде, доптың астынан алып, содан кейін оны өзінің үстінен өткізе ұзату. Доптың төменнен берілу қателіктерін түзетуге бағытталған жаттығуларға біз мыналарды жатқыздық. Төменнен қабырғаға соғу, доптың астынан қабылдап, содан кейін оны өзінің үстінен өткізе ұзату.

Жұптаса орындалатын жаттығу. Бір ойыншы допты серіктесіне 1-2 м-ге жеткізбей, солға, оңға немесе бастың артына қарай лақтырады. Екінші ойыншы ұшатын допқа қарай қолын тигізгенше бастапқы күйінде болатындай етіп қозғалуға тырысады.

Допты тікелей берудің жоғары қателіктерін түзетуге бағытталған жаттығулардың ішінде біз мыналарды атап өттік. Әр элементті бекітіп беру, лақтыру қадамы, тербеліс, соққы. Допты еденге сызылған сызықтан тыс ұстап тұру керек. Допты орнында тұрып лақтыру. Допты беруді ынталандыру, допты орнынан қозғалмай, алға созылған тік қолмен ұстап алу. Допты қатарынан бірнеше рет, торға жақындай отырып (міндетті түрде алға жылжу) беру.

Шабуылды соққыны орындау кезінде қателерді түзетуге бағытталған жаттығулар келесідей сипатталады. Үш сатылы жүгіруден жоғары секіріп, аспалы допқа қол жеткізу. Гимнастикалық төсеніште тізе бүгіп, волейбол добын саусақпен ұру, соққы беру кезінде қол түзу күйде болады. Соққы беру еліктеуімен секіру, жартылай отыра қону.

Допты қабылдау кезінде жіберілген қателерді түзетуге бағытталған жаттығулардың ішінде біз мыналарды атап өттік. 1. Бірінші ойыншы допты серіктесіне әртүрлі траекториямен және одан әртүрлі қашықтыққа лақтырады; серіктес допты қабылдап, оны бірінші ойыншыға бағыттайды. 2. Допты жоғарыдан (төменнен) беру тәсілімен ұзату. 3. Дәл солай, бірақ бүйірлік қадаммен оңға және солға жылжу. 4. Кеуде деңгейінде саусақтармен допты бірден беру. 5. Доп еденнен серпілгеннен кейін жұптаса допты беру.

3.3 Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту жолдары жобасын іске асыру тиімділігі критерийлерінің динамикасы

Төмендегі 23-кестеде және 24-27 суреттерде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболдан құрама командасының қыздарының дене даярлығы деңгейінің динамикасының нәтижелері келтірілген. Осы мәліметтерден көріп отырғанымыздай, эксперименттен кейін студенттердің дене шынықтыру көрсеткіштерінде оң өзгерістер болды. Мәселен, «800 м жүгіру» сынағы бойынша абсолюттік шамалар 3,19-дан 3,09 мин/сек дейін өсті. Өсім 3,2% құрады, Студенттің t-критеріі 3,41 болды. Бағалау «3»-тен «4»-ке дейін көтерілді. Айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді ($p < 0,05$). 60 м жүгіруде абсолюттік шамалар 9,7-ден 9,5 секундқа дейін өсті, нәтиже 2,1%-2 құрады, Студенттің t-критеріі 3,58-ге тең болды. Бағалау «3»-тен «4»-ке дейін көтерілді.


Кесте 23 - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболдан құрама командасы қыздарының ($n = 20$) дене даярлығы деңгейінің динамикасы

№ р/н	Бақылау жаттығулары	Нәтижесі		Өсім, %	Бағасы		Стьюденттің t-критеріі	p
		Экспери- ментке дейін	Экспери- менттен кейін		Экспери- ментке дейін	Экспери- менттен кейін		
		$\bar{x} \pm S$	$\bar{x} \pm S$					
1	800м-ге жүгіру (мин, сек)	3,19	3,09	3,2	3	4	3,14	<0,05
2	60м-ге жүгіру(сек)	9,7	9,5	2,1	3	4	3,58	<0,05
3	Орнынан ұзындыққа секіру (см)	205,6	221,4	7,6	3	5	6,97	<0,01
4	Кеудені көтеру (саны)	42,4	47,4	11,7	3	4	7,21	<0,01


Айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді ($p < 0,05$). Орнынан ұзындыққа секіру кезінде абсолютті шамалар 205,6 см-ден 221,4 см-ге дейін өсті; өсім 7,6% құрады. Бағалау «3»-тен «5»-ке дейін өсті. Айырмашылықтар $p < 0,01$ кезінде статистикалық тұрғыдан сенімді. Дененің көтерілуінде абсолютті шамалар 42,4-тен 47,4 есеге дейін өсті. Нәтиженің өсуі 11,7%-ға сәйкес болды. Бағалау «3»-тен «4»-ке дейін өсті, Стьюденттің t-критеріі 7,21 болды. Айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді ($p < 0,01$).

24-кестеде және 28-31 суреттерде волейболдан университет құрама командасы студенттерінің дене жұмыс қабілеттілігі деңгейінің динамикасы туралы мәліметтер келтірілген. Осы мәліметтерден көріп отырғанымыздай, эксперименттен кейін барлық көрсеткіштер бойынша оң өзгерістер болды. Осылайша, бірінші жұмыстың қарқындылығы бойынша абсолютті шамалар 550,4-тен 660,1 Ваттқа дейін өсті; өсім 19,9% құрады; Стьюденттің t-критеріі 4,81 болды. Экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелер статистикалық тұрғыдан сенімді түрде ерекшеленеді ($p < 0,01$). «Бірінші жұмыстың соңында 30 секунд ішіндегі ЖСЖ» көрсеткішінде абсолюттік шамалар 89,2-ден 84,2 соғу/мин. Өсім 5,9% құрады, Стьюденттің t-критеріі 2,81-ге тең болды. Айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді ($p < 0,05$).

«Екінші жұмыс қарқындылығы» көрсеткіштері бойынша абсолюттік шамалар 950,2-ден 1010,4 Ваттқа дейін өсті; нәтижесінде өсім 6,3%-ды құрады, Стьюденттің t-критеріі 3,15-ке сәйкес болды. Айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді ($p < 0,05$). «Екінші жұмыстың соңында 30 секунд ішіндегі ЖСЖ көрсеткішінде абсолюттік шамалар 160,42-ден 154,6 соғу/мин нәтиженің өсімі 3,2% құрады, Стьюденттің t-критеріі 2,84-ке тең болды. Айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді ($p < 0,05$) [169].



Сурет 24 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболдан құрама командасы қыздарының дене даярлығы эксперимент кезеңіндегі (800м жүгіру) деңгейінің динамикасы



Сурет 25 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболдан құрама командасы қыздарының дене даярлығы эксперимент кезеңіндегі (60м жүгіру) деңгейінің динамикасы




Сурет 26 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболдан құрама командасы қыздарының дене даярлығы эксперимент кезеңіндегі (орнынан ұзындыққа секіру) деңгейінің динамикасы




Сурет 27 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболдан құрама командасы қыздарының дене даярлығы эксперимент кезеңіндегі (жатқан күйде кеудені көтеру) деңгейінің динамикасы

Кесте 24 - Волейболдан университет құрама командасы студент қыздарының дене жұмыс қабілеттілігі деңгейінің динамикасы ($n = 20$)


№ п/п		Статистикалық шамалар		Өсім, %	Стьюденттің t-критеріі	p
		экспери- ментке дейін	экспери- менттен дейін			
		$\bar{x} + S$	$\bar{x} \pm S$			
1	1-жұмыстың қарқындылығы, Вт	550,4 ± 34,2	660,1 ± 44,2	19,9	4,81	<0,01
2	1- жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі жүрек соғу жиелігі, соғу/мин	89,2 ± 3,2	84,2 ± 3,8	5,9	2,81	<0,05
3	2-жұмыстың қарқындылығы, Вт	950,2 ± 41,6	1010,4 ± 53,4	6,3	3,15	<0,05
4	2- жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі жүрек соғу жиелігі, соғу/мин	160,4 ± 15,1	154,6 ± 16,2	3,2	2,84	<0,05
5	PWC ₁₇₀	15,9 ± 1,4	21,4 ± 2,1	34,5	10,61	<0,01




Сурет 28– Волейболдан университет құрама командасы студент қыздарының дене жұмыс қабілеттілігі деңгейінің динамикасы (бірінші жұмыстың жұмыс қарқындылығы)



Сурет 29 – Волейболдан университет құрама командасы студент қыздарының дене жұмыс қабілеттілігі деңгейінің динамикасы (бірінші жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі ЖСЖ)



Сурет 30 – Волейболдан университет құрама командасы студент қыздарының дене жұмыс қабілеттілігі деңгейінің динамикасы (екінші жұмыстың жұмыс қарқындылығы)



Сурет 31 – Волейболдан құрама команда студент қыздары дене жұмыс қабілеттілігі динамикасы (екінші жұмыстың соңындағы 30 сек ішіндегі ЖСЖ)

«PWC₁₇₀» көрсеткіші бойынша абсолюттік шамалар 15,9-дан 21,4-ке дейін өсті. Дене жұмыс қабілеттілігі деңгейі «орташадан төмен» деңгейден «жоғары» деңгейге дейін көтерілді. Нәтиженің өсімі 34,5% құрады, Стьюденттің t-критеріі 10,61 болды. Айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді ($p < 0,01$).

Төменде 25-кестеде және 32-35-суреттерде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасы волейболшы қыздарының техникалық-тактикалық даярлығы көрсеткіштерінің шамалары көрсетілген.

25-кестеден және 32-суреттен көріп отырғанымыздай, эксперименттен кейін «допты беру элементтері бойынша келесі оң өзгерістер болды. Допты беру көлемі бойынша абсолютті шамалар 19,4-тен 24,4-ке дейін өсті; өсім 25,7% құрады. Сандық оңтайлылық бойынша абсолюттік шамалар 16,7-ден 20,8% - ға дейін өсті; өсім 24,5% - ға тең болды. Допты беруден ұтқан ұпайлар саны бойынша абсолютті нәтижелер 3,9-дан 5,3-ке дейін өсті; өсім-35,8% құрады. Допты беру кезінде жіберілген қателіктер саны қатысты абсолютті шамалар 2,9-дан 1,9-ға дейін төмендеді; өсім - 52,6 % құрады.

25-кестеден және 33-суреттен «допты қабылдау» бұғауларында эксперименттен кейін оң өзгерістер болғанын көруге болады. Көлемі бойынша абсолюттік шамалар 16,7-ден 19,4%-ға дейін өсті; өсім - 16,1% құрады.


Сандық оңтайлылық бойынша абсолютті нәтижелер 13,4-тен 16,4%-ға дейін өсті; өсім 22,3%-ға сәйкес болды. Допты ұзату кезінде жіберілген қателіктер санына келетін болсақ, ол 3,4-тен 2,1-ге дейін оңтайландырылды; өсім-61,9%.

25-кестеден және 34-суреттен эксперименттен кейін келесі сипаттағы оң өзгерістер болғанын көруге болады. Көлемде абсолютті шамалар 24,8-ден 29,6-ға дейін өсті;


өсім - 19,3% құрады. Сандық оңтайлылықта абсолютті шамалар 21,7-ден 25,8-ге дейін өсті; өсім-18,8% құрады. Допты ұзату кезінде жіберілген қателіктер саны бойынша мәндер 3,3-тен 1,9-ға дейін оңтайландырылды.

Кесте 25 - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасы волейболшы қыздарының техникалық-тактикалық даярлығы деңгейінің көрсеткіштері


Техникалық қозғалыстар		Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін		Өсім, %	Стюденттің t-критеріі	p
		$\bar{X}$	S	$\bar{X}$	S			
Допты беру	Допты берукөлемі	19,4	5,4	24,4	4,8	25,4	2,56	<0,05
	Допты берудің сандық оңтайлылығы	16,7	5,1	20,8	4,9	24,5	2,41	<0,05
	Допты беруден ұтқан ұпайлар саны	3,3	2,9	5,3	2,8	35,8	3,51	<0,05
	Допты беру кезінде жіберілген қателіктер саны	2,9	0,9	1,9	0,8	52,6	12,51	<0,01
Допты қабылдап алу	Көлемі	16,7	5,3	19,4	5,0	16,1	2,11	<0,05
	Сандық оңтайлылығы	13,4	4,3	16,4	4,1	22,3	2,81	<0,05
	Допты алу кезінде жіберілген қателіктер саны	3,4	2,1	2,1	3,8	-61,9	15,41	<0,01
Допты ұзату	Көлемі	24,8	4,9	29,6	4,1	19,3	2,35	<0,05
	Сандық оңтайлылығы	21,7	3,9	25,8	3,6	18,8	2,11	<0,05
	Допты ұзату кезінде жіберілген қателіктер саны	3,3	0,9	1,8	0,8	73,6	21,14	<0,01
Шабуылды соққы	Көлемі	19,8	3,7	25,4	3,8	28,2	3,45	<0,05
	Сандық оңтайлылығы	14,3	4,9	18,6	5,1	30,1	4,11	<0,05




Сурет 32 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасының волейболшы қыздарының допты беру динамикасының (беру көлемі, сандық оңтайлылық, допты беру кезінде ұтып алынған ұпайлар саны, доптыберу кезінде жіберілген қателіктер саны) көрсеткіштері



Сурет 33 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасының волейболшы қыздарының допты қабылдау динамикасының (беру көлемі, сандық оңтайлылық, допты беру кезінде жіберілген қателіктер саны) көрсеткіштері ден 25,8-ге дейін өсті; өсім - 18,8% құрады



Сурет 34 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасының волейболшы қыздарының допты ұзату динамикасының (беру көлемі, сандық оңтайлылық, допты ұзату кезінде жіберілген қателіктер саны) көрсеткіштері



Сурет 35 – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасының волейболшы қыздарының допты ұзату динамикасының (беру көлемі, сандық оңтайлылық) көрсеткіштері

25-кестеден және 35-суреттен шабуылды соққы бұғауларына қатысты келесі сипаттағы оң өзгерістер болғанын көруге болады. Көлемі бойынша шамалардың өсуі 19,8-ден 25,4-ке дейінгі ауқымда байқалды; өсім 28,2% құрады. Сандық оңтайлылық бойынша шамалар 14,3-тен 18,6-ға дейін өсті; өсім-30,1% құрады. Барлық көрсеткіштер бойынша айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан сенімді. Кесте 26 - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздары құрама командасының Батыс Қазақстан облысының Чемпионатында 2021-2022; 2022-2023; 2023-2024 оқу жылдары өнер көрсетулерінің нәтижелері

Жылдар		
2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1-орын	1-орын	1-орын

26-кестеде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздары құрама командасының Батыс Қазақстан облысының Чемпионатында 2021-2022; 2022-2023; 2023-2024 оқу жылдары өнер көрсетулерінің нәтижелері берілген.

Кестеден көріп отырғанымыздай, осы жылдар ішінде Батыс Қазақстан облысының Чемпионатында команда бірінші орынды иеленді.

27-кестеде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздары құрама командасының Қазақстан Республикасының чемпионаттарында өнер көрсету нәтижелері көрсетілген. Кестеден көрініп тұрғандай, 2022-2023 оқу жылында команда Өскемен қаласында студенттер лигасының күміс жүлдегері атанды.

Білім алушылардың көзқарастары мен оқу процесінің механизмі және жоғары оқу орнында спорттық-сауықтыру бағытындағы тиімділікті арттыру мақсатында, міндетті академиялық сабақтардың орнына бір спорт түрін (әсіресе, волейболды) енгізу негізінде үйлесімділік коэффициенті (га) қолданылды.

Кесте 27 - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ волейболшы қыздары құрама командасының Қазақстан Республикасының чемпионаттарында өнер көрсету нәтижелері

Жылдар		
2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Студенттер лигасының күміс жүлдегері (Өскемен)	XII-жазғы универсиаданың қола жүлдегері (Ақтау қ.)	1-орын

Біз жұмыс гипотезасын (H1) ретінде ұсындық: міндетті академиялық сабақтардың орнына белгілі бір спорт түрін (әсіресе, волейболды) енгізу білім алушылардың оқу үдерісіне деген көзқарасына және жоғары оқу орнындағы спорттық-сауықтыру жұмысының тиімділігін арттыруға оң әрі статистикалық тұрғыдан мәнді ықпал етеді.

Қауымдастық коэффициентін есептеу үшін біз төрт жолақты корреляция кестесін құрдық (кесте 24).

$$r_a = \frac{a\bar{z} - \bar{a}z}{\sqrt{(a + \bar{b})(\bar{v} + \bar{z})(a + \bar{v})(\bar{b} + \bar{z})}}$$

мұндағы а, б, в, г – «кестелер» торларындағы аралық топтардың саны.
Сандарды формулаға салып және одан алатынымыз:

$$r_a = \frac{25 \cdot 16 - 16 \cdot 5}{\sqrt{41 \cdot 21 \cdot 30 \cdot 32}} = \frac{320}{909,15} = 0,35.$$

Біз оң бағытта корреляцияны анықтадық. Бұл коэффициенттің сенімділігін негіздеп, осы мақсатта келесі көрсеткішті есептейміз: корреляция коэффициентінің мәндері бойынша, егер маңызды деңгейі $p=0,05$ және еркіндік дәрежесі $K = N - 2$ болса, ассоциацияның критикалық мәні $r_{акр}=0,25$ болып табылады.

Мәндік шамасын есептедік:

$$r_{a\text{ кр}} \sqrt{N-1} = 0,25 \cdot \sqrt{62-1} = 0,25 \cdot 7,81 = 1,9525.$$

Жүргізілген есеп $r_a \sqrt{N-1} > r_{a\text{ кр}} \sqrt{N-1}$ ($2,7335 > 1,9525$)

Кесте 28 - Төртбұрышты корреляциялық кесте

№	Көрсеткіштер	Бар (оң)	Жоқ (теріс)	Сомасы
1	Студенттердің оқу үдерісін спорттың бір түрін енгізу арқылы ұйымдастыруға деген көзқарасы.	$a = 25$	$\bar{b} = 5$	$a + \bar{b} = 30$
2	Жоғары оқу орнындағы спорттық-сауықтыру қызметін тиімді әрі жоғары деңгейде дамыту	$\bar{v} = 16$	$z = 16$	$\bar{v} + z = 32$

Осылайша, бір спорт түрін (әсіресе, волейболды) академиялық сабақтардың орнына енгізу негізінде студенттердің оқу механизміне деген көзқарастары мен жоғары оқу орнында спорттық-сауықтыру жұмысының тиімділігін арттыру арасында оң байланыстың бар екені, статистикалық тұрғыдан негізделген ($r_a = 0,35$ при $p < 0,05$). деп есептеледі [170].

Атқарылған жұмыс қортындысы бойынша келесі нәтижелер алынды.

1. Студенттерде спортпен шұғылдану кезінде туындайтын мәселелер анықталды. Атап айтқанда, бұл спорттың бір түрімен айналысуға деген

ұмтылыстың болмауы. Спорттық жаттығуларға бейімділік. Спортпен кейде ғана шұғылдану. Ыңғайсыз сабақ кестесі. ЖОО-ның техникалық спорттық құрал жабдықтары мүмкіндіктерінің төмендігі; спорт түрлері бойынша қажетті мамандардың болмауы; құрал-жабдықтардың болмауы. Студенттер спортпен белсенді түрде айналысуға мүмкіндік беретін іс-шаралар ретінде дәстүрлі «дене тәрбиесі» пәнінің мазмұнының орнына белгілі бір спорт түрін енгізуді қолдады.

Осындай нәтижелерді біз Bradley Crocker, Sidonie Chard, Lindsay Duncan мақаласынан таптық. Авторлар канадалық спортшы студенттердің университет өмірінің талаптарына бейімделудегі қиындықтарына сипаттама берді. Олардың пікірінше, әлеуметтік белгіліме, уақыттың жетіспеушілігі және психикалық денсаулық сауаттылығының төмендігі сияқты кедергілер көптеген студенттік спорттық байланыстарда жалғасуда. Психикалық денсаулық мәселелерінен басқа, жоғары психологиялық стресс және кәсіби көмекке жүгінудегі ілеспе шешімсіздік студент-спортшыларда спортпен айналыспайтын құрдастарына қарағанда қауіпті денсаулық мінез-құлқының жоғарылауы мен нашар нәтижелерге ықпал етуі мүмкін. Көптеген студент-спортшылар, соның ішінде кәсіпқой спортқа ұмтылмайтындар, әсіресе оқудың алғашқы жылдары университеттегі академиялық міндеттерден салыстырғанда, осы спорттық рөлге үнемі басымдық беретіндіктерін хабарлайды. Студент-спортшылардың уақыт талаптары мен кестелері оларды университеттегі стресстермен басқа студенттерден өзгеше тәсілдермен күресуге мәжбүр етеді, бұл оларды университеттегі стресстік тәжірибені зерттеу үшін қызықты топқа айналдырады. Жарақаттар, жарыстарға байланысты қысым және дене тұрқын үнемі жетілдірумен немесе сақтаумен байланысты қысым спортшы студенттерде жиі кездесетін стресстік факторлар болып табылады [171].

Ресейлік ғалымдар арасында бұл мәселеге Я.С. Епифанова, С.А. Марчук назар аударды. Спорт залдарына бармаудың және оқу сабақтарына нашар қатысудың негізгі себептері ретінде студенттер жалқаулықты, қызығушылықтары бойынша сабақтардың болмауын, ауруды, материалдық-техникалық базаның қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуін және т.б. атады. Осы орайда бұрынғы технологиялар университетте дене қабілеті белсенділігімен айналысуға ынталандыратын қызығушылыққа міндетті түрде әсер етеді. Бұрын жүргізілген зерттеулерге қатысты біздің жобамызда студенттер спорттың қандай да бір түрімен айналысуға деген қызығушылықтың болмауын проблемалар қатарына жатқызды [172].

2. Батыс Қазақстанның ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнындағы қайшылықтар анықталды. Негізінен, барлық жоғары оқу орындарында спорттық шаралар университеттің қаржысы есебінен жүзеге асырылады. Спорттық іс-шараларды іске асыруға арналған қаржыландырудың басқа көздері (демеушілер және т.б.) жоқ. Кейбір ЖОО-да спорттық стадион немесе спорттық-сауықтыру кешені жоқ, бұл, біздің пікірімізше, жеңіл атлетика түрлерін (жүгіру, секіру, лақтыру және басқа да жаттығулар) өткізуге кедергі келтіретін негіз

болып табылады. Спорт шеберлік топтарында (секциялар) білікті кәсіби жаттығушылардың саны аздығы.

ЖОО-да кәсіпқой командалар жоқ. Спорттық балалар спорт мектептерімен байланыс жоқ. ЖОО-ң Қазақстан Республикасының универсиадаларына қатысу деңгейі төмен. Барлық ЖОО-да құрама командаларға облыстың, республиканың түрлі клубтарында жаттығатын студенттер кіреді. Осыған ұқсас зерттеулерді біз Güven Alarslan, Deco de Jager, Sabina Super, Ivovan Hilvoorde, Maria Koelen, Kirsten Verkooijen а еңбектерінен таптық. Олардың пікірінше, әлеуметтік тұрғыдан осал ересектер қоғамдық спорттық бағдарламаларға қатысудан пайда көре алады. Алайда, олардың бойында бұл бағдарламалардың тиімді элементтері туралы білімнің жетіспеушілігі болады. Осы элементтерді анықтау үшін бұл зерттеушілер мүдделі тараптардың үш тобымен кеңескен: әлеуметтік спорт жаттықтырушылары, бағдарлама үйлестірушілері және әлеуметтік қызметкерлер. Жаттықтырушылардың спортқа тән білімі мен дағдыларын тек бағдарлама үйлестірушілері атап өтті. Сонымен қатар, тек әлеуметтік қызметкерлер ғана қорғаныс сипатына ие элементтерді, мысалы қатысушыларға шамадан тыс жүктеме бермеуді ұсынды. Маңыздылықтың орташа ұпайлары топтар ішінде және топтар арасындағы элементтер үшін әртүрлі болды. Қорытындылай келе, қоғамдық спорт бағдарламаларының сәтті болуы үшін әртүрлі тиімді элементтер қажет деп танылды. Ұсынылған деректер болашақта ЖОО-да спорттық жұмысты жетілдіру кезінде қолданылуы мүмкін деп санаймыз [173].

Ф.Р. Зотова, И.Ф. Файзуллин студенттік спорт клубтары тиісті ресурстармен қамтамасыз етілген ЖОО-ң құрылымдық бөлімшелері түрінде ғана тиімді бола алады деп санайды. Бұл жағдайдан шығу жолы - ведомстволық бағыныстағы ЖОО-нда спорттық жұмыстарды жүргізуге гранттық қолдау да болуы мүмкін. Бұл студенттердің спорт секцияларында шұғылдануларына жағдай жасауға, студент жастардың жарыстарға және оларды өткізуге қатысуын қамтамасыз етуге, жарыстардың қолайлы күнтізбесін жасауға, студенттік құрама командаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кафедра меңгерушілері белгілі бір ЖОО-да спорттық инфрақұрылым, спорттық, бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру нысандары туралы деректердің бірыңғай ақпараттық тізілімінің жоқтығын атап өтті. Жағдайдан шығу студенттік спорт саласындағы ақпараттық саясатты дамытуда, студенттік және жастар спорты туралы ақпаратпен жалпыұлттық интернет-ресурс құруда көрінеді. Бұл ақпарат біз жасаған жұмысты жүзеге асыруда болашақ жоспарларды жүзеге асыру үшін өте пайдалы болуы мүмкін [174].

Студенттердің дене даярлығы мен жұмыс қабілеттілігі көрсеткіштерінің төмен деңгейі тіркелді. Қатысушылардың дене даярлығы төмен болды. Студент қыздар «800 м жүгіруді» 3,19 минут ішінде орындады, бұл «3» бағасына сәйкес келеді. Қыздар «60 м жүгіру» бойынша 9,7 сек орташа нәтиже көрсетті, бұл «3» бағасына сәйкес келеді. Осындай нәтижелерді біз J. Courel-Ibáñez a, J.J. Herrera-Gálvez b еңбегінен таптық. Олар падел-теннисінде дене даярлығы сынағын өткізді

және ойыншылардың бәсекелестік деңгейіне байланысты нәтижелердегі айырмашылықтарды анықтады. Жоғары деңгейдегі ойыншылар 60 сек. соң жүрек соғу жиілігі қалпына келуінің ең жақсы көрсеткіші туралы хабарлады. Алдыңғы бағыттағы динамикалық тепе-теңдік жоғары да, төменгі де деңгейдегі ойыншыларда өте нашар (орта есеппен <75 см) болды. Сонымен қатар жоғары деңгейлі ойыншылар артқы орта бағытындағы нашар тепе-теңдік туралы хабарлады. Белгіленген тепе-теңдік тапшылығы жарақат алу қаупін арттыруы мүмкін. Сондықтан падель жаттығуларына аяқтарды нығайту жаттығулары мен тепе-теңдікті енгізу ұсынылады. Сонымен қатар кезеңді қалпына келтіру қабілетін жақсарту падель теннисіндегі тиімділік үшін өте маңызды болып көрінеді. Алынған мәліметтер әртүрлі рөлдегі спорт ойыншыларына олардың дене даярлығын жетілдіру бойынша ұсынымдар туралы түсініктерімізді кеңейтеді [175]. Сондай-ақ, біз осындай нәтижелерді И.А. Журавлева, Т. А. Зипунникова Е. В. Свиягина еңбегінде анықтадық. Дене қасиеттерінің даму динамикасын зерттеу ЖОО-ы ұлдарында үшінші курста шапшаңдық қасиеттері даму деңгейінің төмендегенін айқындады [176].

Сонымен «10x10м қайтармалы жүгіріс» сынамасын орындау кезінде орташа нәтиже 25,61 с-қа тең болды. Бұл ретте деңгейі төмен ұлдардың саны 45%-ды құрады. Іс жүзінде бірінші курстағыдай, алайда осы қасиет орташа даму деңгейі бар жастардың саны артты, бірақ ұсынылған тестілеуде өз көрсеткіштерін жақсартқан студенттер саны да азайды. Осыған ұқсас үрдіс «5x10 м қайтармалы жүгіріс» сынамасын талдау нәтижесінде де байқалады. Біздің деректер зерттелуші ретінде волейболшылар алынған тексеруге жататын сынақтарда (100м жүгіру) атап өтілгендермен салыстырғанда ерекшеленеді.

4. Ұлдар мен қыздардың дене жұмыс қабілеттілігінің бастапқы деңгейі орташа деңгейден төмен. Қыздардың көрсеткіштері ұлдардың көрсеткіштерінен салыстырмалы түрде төмен болды. PWC_{170} ұлдарда 15,9 болды, бұл орташа деңгейден төмен болды. Ұқсас нәтижелерді біз Р.М. Багированың, Ю.Н. Кулиевтің еңбектерінде таптық. Олардың мәліметтері бойынша, жүргізілген велоэргометриялық сынама бойынша функционалдық пен дене жұмыс қабілеттілігін зерттеу PWC_{170} абсолюттік шамасы орташа есеппен 1214 кгм/мин, ал салыстырмалы шамасы 19,7 кгм/мин/кг екенін көрсетті, бұл бағалау шкаласы негізінде орташа көрсеткіштен жоғары жұмыс қабілеттілік деңгейіне сәйкес келеді. Алынған деректерді талдау зерттелген спортшылар ағзасының аэробты функционалды жұмыс қабілеттілігінің орташа деңгейде екенін анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, спортшылардың көпшілігінде функционалдық жұмыс қабілеттілік деңгейі мен жүрек-тамыр жүйесінің жүктемеге реакциясы арасында алшақтық байқалады. Спорттық жаттығу бірқатар факторларды қалыптастырады, олардың кейбіреулері өкпенің желдетілуіне теріс әсер етеді, кардиореспираторлық жүйенің мүмкіндіктерін шектейді. Осы факторларды есепке алу және арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу тыныс алу жүйесінің функционалдық қабілеттерін арттыруға және соның салдарынан спорттық нәтижелердің өсуіне ықпал етеді.

Алынған нәтижелер осы бағытта қосымша зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Біздің деректеріміздің айырмашылығы – біздің студенттердің дене жұмыс қабілеттілігі орташа деңгейден төмен дәрежеге барабар болды [177].

5. Студенттердің техникалық-тактикалық даярлығы бастапқы деңгейінің ерекшеліктері анықталды. Көлем көрсеткіші бойынша салыстырмалы түрде ең жоғары шамалар допты беруде – 24,8; ең аздары – допты қабылдауда - 16,7 тіркелді. «Сандық оңтайлылық» көрсеткіші бойынша ең үлкен шамалар допты беру бойынша – 16,7; ең аз – допты қабылдау бойынша – 13,4 байқалды. Жіберілген қателіктер санына келетін болсақ, мұнда ең үлкен мәндер допты қабылдауда – 3,4; ал ең кішісі – допты беруде – 2,9 тіркелді. Осындай нәтижелерді біз Guiqing Zhang, Lin Zhong еңбектерінен таптық. Олар үш өлшемді динамикалық үлгіге негізделген волейбол іс-әрекеттерін стандарттауды зерттеді. Бұл зерттеуде оптикалық қимылды түсіру технологиясы ойыншылардың допты ұстау тәсілдерін, ал 3D-сканерлеу технологиясы ойыншылардың сыртқы келбеті туралы мәліметтерді жинау үшін қолданылады. Содан кейін, деректердің бұл екі түрі волейбол әрекеттерінің 3D үлгісін құру үшін қолданылады. Оптикалық қимылды түсіру технологиясы – бұл оптикалық маркерлерді адам ағзасына бекітіп, содан кейін оларды оптикалық камерамен жинауды қажет ететін технология. Нәтижелер ойыншылардың дұрыс емес әрекеттерін ұсынылған әдіспен дәл тануға болатындығын көрсетеді. Бұл зерттеу сонымен қатар кейбір стандартталған ұсыныстарды береді және ойыншылардың үйренуі мен жаттығуларын жақсартып алады. Бұл зерттеу волейболшы қыздардың техникасындағы қателіктерді анықтау және оларды түзету бойынша ұсыныстар беру тұрғысынан техникалық даярлықты жақсарту туралы біздің идеяларымыздың ауқымын кеңейтеді. Сондай-ақ, осындай деректер [178].

6. Студенттік құрама командалардың жарысқа қатысуында қайшылықтар анықталды. Спорт түрлері бойынша білікті жаттықтырушылардың тапшылығы. Зерттелген университеттерде спорттық ойындар (баскетбол, волейбол) бойынша жаттықтырушылары жоқ немесе олар өз саласының кәсіби мамандары емес. Негізгі спорт түрлері бойынша спортшыларды дайындауға жеткілікті назар аударылмайды. Бұл жағдай университеттердің өздеріндегі жаттықтырушы құрамының және студенттік ресурстардың мүмкіндіктеріне бағытталуымен байланысты. Мысалы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде – гандбол, күрес, самбо секциялары; Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде – еркін күрес, дзюдо; Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде – спорттық бағдарлау бойынша жұмыстар жүргізіледі. Осыған байланысты, кейбір спорт түрлерінен университеттер Қазақстанның Универсиадасына қатыспайды.

Осындай сипаттағы нәтижелерді біз А. Michel-Kröhler, M. West, S. Bertie еңбегінен таптық. Олар жарыстарға байланысты спортшылардың танымдық процестерінің әртүрлі факторларын анықтайтын шараларды зерттеді. Жарыстарға қатысты қолайсыз танымдық процестерге қатысты көптеген факторлардың арқасында спорттық психологияны зерттеу мен тәжірибеде әлеуетті қолданудың

кең ауқымын ұсына отырып, жарыстармен байланысты әртүрлі қолайсыз танымдық қабілеттерді бағалау үшін пайдалы және сенімді шара әзірленді. Бұл нәтижелерді алдағы зерттеулерде қолдануға болады [179].

7. Батыс Қазақстанның ЖОО-да студенттік спортты дамыту технологиясы әзірленді. Онда келесі элементтер көрсетілген. «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы. Студенттік спорттың жай-күйін құру және оның мәнін жаңғырту жөніндегі шаралар; студент қыздардың дене даярлығы, техникалық-тактикалық даярлығы және дене жұмыс қабілеттілігі дәрежелері. Мұндай нәтижелер G. Wang, T. Ren еңбегінде айқындалды. Олар машиналық оқыту байланысында U-net бумалық нейрондық желісіне негізделген спорттық жетістіктерді болжау жүйесін әзірледі. Спорттық жетістіктерді болжау білім беру әкімшілік бөлімдеріне спорттық жаттығулардың жеке жоспарларын құруға және спорттық жаттығулардың фокусын тиімді жақсартуға көмектесуде шешуші рөл атқарады. Бұл әзірleme есептеулерді азайтады, желінің жылдамдығын арттырады және жергілікті және егжей-тегжейлі ақпаратты жинау үшін белгілер картасын кеңейтеді. Болашақ зерттеулер спорттық нәтижелерді болжаудың әр түрлерінде модельдің қолданылуы мен тиімділігін зерттей алады. Сонымен қатар, тығыз қосылыстар мен аралас жоғалту қызметтерін енгізу модельдің өнімділігін арттырғанымен, ол модельдің күрделілігі мен есептеу шығындарын арттыруы мүмкін. Кейінгі зерттеулер өнімділікті жақсарту мен есептеу ресурстарын тұтыну арасындағы тепе-теңдікті табу үшін модельді оңтайландырудың тиімді әдістерін қарастыруы керек [180].

Сонымен қатар, мұндай нәтижелерді біз Е.Д. Бахарева, И. Ю. Головина еңбегінде айқындады. Студенттік спортты жетілдіру үшін олар бірыңғай тұжырымдамасы бар студенттік лигалар құруды; жаттықтырушыларды, ЖОО басшылығын ынталандыруды; өңірлерде студенттік спортты дамытуға жеке тәсілді іске асыруды; студенттік спорттық медиа-орталықтардың желілерін құруды ұсынады. Біздің технологиямыз студенттік спорт жағдайының құрылымы мен мәнін жаңғырту бойынша ұсыныстардың болуымен; студент қыздардың дене даярлығы, техникалық-тактикалық даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесімен ерекшеленеді [181].

8. Академиялық сабақтардың орнына бір спорт түрін (әсіресе, волейболды) енгізу негізінде студенттердің оқу үдерісіне деген көзқарастары мен жоғары оқу орнында спорттық-сауықтыру жұмыстарын тиімді жүргізудің арасындағы оң байланыс рационалды деп есептеледі ($r=0,35$, $p<0,05$).

Осындай бағыттағы зерттеулерді Г.Д.Бабушкин де жүзеге асырған. Ғалым спортшылардың спорттық-психологиялық құзіреттілігінің жарысқа дайындық барысында және бәсекелестік қызмет жағдайында психологиялық құралдар мен әдістерді қолдану тиімділігіне тигізетін ықпалын айқындауды мақсат еткен. Спорттық психологиялық құзыреттіліктің аталған құралдармен әдістерді жүзеге асыруға әсерін бағалау үшін оқу-жарыс әрекеті контекстінде Юла қауымдастық

коэффициенттері есептеліп, бірінші топта $r=0,63$, ал екінші топта $r=0,25$ мәндері алынған.

Біздің зерттеу жағдайында қауымдастық коэффициенті мәні $r=0,60$ болып белгіленіп, бұл көрсеткіш психологиялық дайындық компоненттері мен оларды практикалық қолдану арасындағы өзара байланыстың айқындылығын дәлелдейді [182].

Студенттік спорт клубының негізгі қызметтік бағыттары оның құрылымындағы басым функционалдық салалар арқылы айқындалып, осы қызметтердің жүйелі орындалуы клубтың студенттік спорт саласындағы кешенді іс-әрекетінің тұтастығы мен үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Қызметтердің өзара байланыста және бірізді орындалуы студенттік спортты дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттердің тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді. Бұл бағыттардың ішінде студенттердің дене шынықтыруы мен студенттік спортты ілгерілетуге бағытталған қызмет ерекше маңызға ие болып, университеттік ортада студенттердің спорттық белсенділігін арттырудың негізгі тетігі ретінде көрінеді [183].

Жоғарыда аталғандардың негізінде біз өзіміз енгізген авторлық тұжырымдаманың нәтижелерін бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерімен салыстыра отырып, айырмашылықтарын анықтадық. Бұл айырмашылықтар 25-кестеде келтірілген.

Осы бөлімде келтірілген мәліметтер келесі тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың спортпен шұғылдану кезінде мынадай мәселелер орын алғаны анықталды. Оларға мыналар:

- Бұл кез-келген спорт түрімен айналысуға құлықсыздық;
- Спорттық сипаттағы жаттығуларға тартылыс;
- Кейде спортпен шұғылдануға ниет білдіру;

- Сабақ кестесінің қолайсыздығы, техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасының жеткіліксіздігі, спорт түрлері бойынша білікті жаттықтырушылардың тапшылығы және қажетті спорттық жабдықтардың болмауы студенттік спорттың дамуына айтарлықтай кедергі келтіретін факторлар болып табылады. Аталған мәселелер студенттердің спорттық іс-әрекетке жүйелі түрде қатысуын шектеп, оқу жаттығу үдерісінің сапасын төмендетеді және құрама командалардың бәсекеге қабілеттілігін әлсіретеді.

Сонымен қатар, бұл факторлар спорттық инфрақұрылымның тиімді пайдаланылмауына, студенттердің мотивациясының төмендеуіне және жалпы дене даярлығы деңгейінің жеткіліксіз қалыптасуына әкеледі. Осыған байланысты, аталған проблемаларды кешенді түрде шешу студенттік спортты дамытудың маңызды шарты болып табылады.

Кесте 29 - Авторлық тұжырымдаманы енгізу нәтижелерінің бұрынғы зерттеулерден айырмашылығы

Авторлық тұжырымдаманың негізгі қағидалары	Осы тақырып бойынша бұрын жүргізілген зерттеулердің негізгі нәтижелері	Авторлық тұжырымдаманың алдыңғы зерттеулерден айырмашылықтары
1	2	3
1. «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» атты элективті курсты әзірлеу. 2. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ) мен кәсіби спорт клубтарымен ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасау. 3. Университет құрамасына іріктеу жүйесін оңтайландыру. 4. Студенттердің дене қабілеті, техникалық даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігін жетілдіруге арналған тапсырмаларды жаңғырту. 5. Базалық спорт түрлері бойынша білікті жаттықтырушыларды шақыру. Құрама командалардың спортшыларын БЖСМ бапкерлерімен және тәрбиеленушілерімен бірлесіп дайындау. 7. Белгілі бір спорт түрін (әсіресе волейболды) енгізудің тиімділігін анықтау үшін ассоциация коэффициентін қолдану.	Е.Д. Бахарева, И.Ю. Головина. Зерттеушілер студенттік спортты дамыту үшін келесі шараларды ұсынады: – Бірыңғай тұжырымдамасы бар студенттік лигалар құру; – Жаттықтырушылар мен университет басшылығын ынталандыру; – Әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, студенттік спортты жеке бағытта дамыту; – Студенттік спорттық медиаорталықтар желісін құру. В.И. Колмаков, Н.Н. Железнов, А.Р. Григорян. [184]. Зерттеушілер университет пен кәсіби спорт клубтары арасындағы өзара тиімді серіктестікті дамыту қажеттігін атап өтеді. Красноярск университеті мен кәсіби спорт клубтары арасында ынтымақтастық туралы келісімдер жасалып, нақты іс-шаралар, міндеттемелер мен мерзімдер белгіленді. Ынтымақтастық аясында: – Бірлескен оқу-жаттығу жиындары ұйымдастырылды; – Университет жаттықтырушылары мен ойыншыларына арналған кеңес беру және шеберлік сабақтары өткізілді;	Біздің технологияның ерекшелігі Біздің әдістеме студенттік спорттың құрылымы мен мазмұнын жаңғыртуға, сондай-ақ студенттердің дене қабілеті, техникалық-тактикалық даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігін жетілдіруге бағытталған ұсыныстардың болуымен ерекшеленеді. Біз ұсынған жүйе бойынша БЖСМ-мен келісімшарт жасасу арқылы университет студенттері балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің спорттық шеберлікті арттыру тобына тіркеліп, толық құраммен университет атынан жарыстарға қатыса алады. Сонымен қатар, жарыстарға бару шығындарын БЖСМ есебінен қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылады, бұл университет құрамасының команда ретінде ұйымшылдығын арттырып, ойын үйлесімділігін жақсартуға ықпал етеді. Біздің жағдайда ассоциация коэффициенті 0,35-ке тең болды.

29- кестенің жалғасы

1	2	3
	– Спорттық инфрақұрылымды тегін – пайдалану мүмкіндігі қарастырылды. В.В. Орлова, О.Е. Халалеева. Зерттеушілер спорттық инфрақұрылымды бірлесіп тегін пайдалану және университетке талантты спортшыларды тарту мәселелерін зерттеген [52, б.86]. – Университетке өз бетімен түскен студенттерден құралған командалар құрылды (спортпен бұрын кәсіби айналысқан немесе жақсы дене даярлығы бар жастарды тарту). – Мұндай тәсіл команданың ішкі бірлігін арттырып, бәсекелестік қысымды төмендетеді, бірақ кадр тұрақсыздығы жоғары болып, спортшыларды ынталандыру қиынырақ болады. Ғалым Г.Д.Бабушкин. Спортшылардың спорттық-психологиялық құзыреттілігінің жарыстарға дайындық пен бәсекелестік қызметке әсерін зерттеген [166, б.47]. – Жаттығу және жарыс кезіндегі психологиялық құралдар мен әдістердің тиімділігін анықтау үшін Юл коэффициенті есептелді: Бірінші топта $r=0,63$. Екінші топта $r=0,25$. Бұл зерттеулер спортшылардың психологиялық даярлығының олардың спорттық нәтижелеріне тікелей әсер ететінін дәлелдейді.	

Белсенді спорт түрлеріне енгізуге әсер етуі мүмкін шаралардың ішінде білім алушылар Универсиада бағдарламасына кіретін спорттың базалық түрі негізінде «дене шынықтыру» пәні шеңберінде дәстүрлі академиялық сабақтардың орнына таңдау бойынша сабақтар өткізуді қарастырады.

Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спортты ұйымдастыру мен оның құрылымдық жүйесінде белгілі бір қарама-қайшылықтар айқындалып отыр. Атап айтқанда, барлық жоғары оқу орындарында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру тек университеттің ішкі қаржылық мүмкіндіктері аясында жүзеге асырылуда, ал қаржыландырудың баламалы немесе жанама көздері қалыптаспаған.

Бұл жағдай студенттік спорттың тұрақты дамуы мен әлеуетін кеңейтуге тежеу болатын факторлардың бірі ретінде көрініс береді.

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-де спорттық бағыттағы стадионның болмауы жеңіл атлетика түрлерін (жүгіру, секіру, лақтыру және т.б.) енгізуге кедергі ретінде қарастырылады. Х.Досмұхамедов атында АУ-де спорттық сипаттағы секцияларға қатысушылардың аз көлемі тіркелді. Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-де спорттық-сауықтыру бағытындағы кешен жоғы көрінді.

Қазақстан Республикасындағы университеттерде кәсіби деңгейдегі спорттық командалар қалыптаспаған. Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерімен (БЖСМ) өзара үйлесімді әрекеттесу деңгейі төмен. Мәселен, Х-шы Универсиадаға Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті мен Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің командалары қатысқан жоқ. Жалпы ел көлемінде студенттік спортты қаржыландыру негізінен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Ал шетелдік тәжірибеде, әсіресе АҚШ-та, бұл сала жеке инвесторлардың қатысуы мен спорттың коммерциялық негізде дамытылуы арқылы қаржыландырылады, бұл өз кезегінде студенттік спорттың кәсіби және бәсекеге қабілетті деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді. Спорт секцияларының саны мен оларда жаттығатын студенттер бойынша зерттелген Қазақстандық жоғары оқу орындарында спорт секцияларының саны 20 спорт түрімен шектеліп, оларда 250-450 студент жаттығады. Ал шетелдік университеттерде 40-тан 120-ға дейінгі спорт түрлері қамтылып, жаттығушылар саны 17 000-ға дейін жетеді.

Жоғары оқу орындарының құрама командаларына іріктеу жүйесі бойынша Қазақстандық Республикасындағы университеттерде құрама командаларға іріктеу облыстық немесе Республикалық деңгейдегі спорт клубтарында жаттыққан студенттер есебінен жүзеге асырылады. Ал шетелдік университеттерде бұл жүйеге студенттердің спорттық даярлығына байланысты жеке бастамасымен университетке түсу мүмкіндігі де кіреді.

Қыздар арасында бастапқы дене дайындық деңгейіне қатысты олардың жалпы көрсеткіштері орташа деңгейден төмен екенін атап өту қажет. Бұл олардың бастапқы дене даярлығының жеткіліксіздігін және әрі қарай дамытуды қажет ететінін көрсетеді.

«800 метрге жүгіру» бойынша қыздар нәтижелері 3,19 минут шамасында тіркеліп, бұл көрсеткіш 3 баллға сәйкес келді. «60 метрге жүгіру» бойынша қыздар орташа есеппен 9,7 секунд нәтижесін көрсетті, бұл да 3 баллға тең. «Бір орыннан ұзындыққа секіру» көрсеткіші 205,6 см шегінде қалыптасып, орташа деңгейге сәйкес келді және 3 баллға теңестірілді. «Кеудені көтеру» жаттығуы бойынша қыздар 42,4 рет нәтижеге қол жеткізді, бұл да 3 баллға тең.

Қыздар арасындағы бастапқы дененің жұмыс қабілеттілік деңгейі ортадан төмен деңгейде тіркелді. Олардың PWC₁₇₀ көрсеткіші 14,0 деңгейінде болып, бұл да ортадан төмен деңгейге тең болды.

Қыздардың дене жұмыс қабілеттілігі мен дене даярлығы арасындағы өзара байланысты зерттеу нәтижелері келесілерді анықтауға мүмкіндік берді:

- PWC170 мен бір орыннан ұзындыққа секіру көрсеткіші арасында оң корреляция байқалды;

- Екінші деңгейлі жүктеме қарқындылығы мен 800 және 1000 метрге жүгіру нәтижелері арасында оң байланыс анықталды;

- Екінші деңгейлі жүктемеден кейінгі жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ 30 сек) мен 800 және 1000 метрге жүгіру көрсеткіштері арасында оң корреляция байқалды.

- Координацияның теріс бағыттағы өзара байланысы PWC₁₇₀ пен 800 және 1000 метрге жүгіру арасында да байқалды.

Анықталған бұл нәтижелерді студенттердің жаттығу процесін жоспарлау кезінде нұсқаулықтарды әзірлеуде ескеру қажет деп санаймыз.

Студенттердің техникалық-тактикалық даярлықтарының бастапқы деңгейі бойынша келесідей қорытынды жасалды:

Қозғалыс көлемі бойынша ең жоғары көрсеткіштер допты беруде тіркеліп, ол 24,8 болды, ал ең төменгі көрсеткіштер допты қабылдауда – 16,7.

«Сандық тиімділік» көрсеткіші бойынша ең жоғары мәндер допты ойынға қосуда (16,7), ал ең төменгі мәндер допты қабылдауда (13,4) байқалды.

«Қателік жіберу көлемі» көрсеткіші бойынша ең жоғары қателік деңгейі доп қабылдау кезінде тіркелсе, ең төменгі қателік деңгейі допты ойынға қосуда (2,9) анықталды.

Студенттік командалардың жарыстарға қатысу ерекшеліктері

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттер кейбір спорттық секцияларға қатыспайды.

- К. Жұбанов ат. АӨУ университетінде фитнес пен спорттық бағдарлау секциялары жоқ.

- Х. Досмұхамедов ат. АУ университетінде бокс, президенттік көпсайыс, пауэрлифтинг, белбеу күресі, футбол және гандбол секциялары қарастырылмаған.

- Жәңгір хан ат. БҚАТУ университетінде бокс, жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, белбеу күресі және гандбол бойынша секциялар жоқ.

Батыс Қазақстан қалаларында Қазақстандағы универсиадалар бағдарламасына кіретін базалық спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылмайды. Осыған байланысты студенттердің бұл спорт түрлері бойынша жеткілікті жарыстық тәжірибесі қалыптаспаған деп айтуға болады. Университеттерде кейбір спорт түрлері бойынша жоғары білікті жаттықтырушылар құрамы жеткіліксіз.

Жоғары оқу орындары универсиада бағдарламасының барлық спорт түрлерін толық қамти алмайтын өздерінің бар резервтік спортшылар құрамына ғана сүйенеді. Осыған байланысты университеттер универсиада жарыстарына жиі қатыса алмайды.

Облыстық және қалалық деңгейдегі жарыстарға қатысу университеттердің спорттық дайындық деңгейін нақты бағалауға мүмкіндік бермейді, себебі бұл жарыстарға қатысатын командалардың бәсекеге қабілеттілігі төмен.

Қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты университет құрамалары жарыстарға сирек шығады, бұл олардың жарыстық тәжірибесінің әлсіз болуына әкеледі. Универсиаданың базалық спорт түрлері бойынша мақсатты дайындық жүргізілмейді.

Аталған мәселелерді шешу жолдары:

А) Университеттерге жоғары білікті жаттықтырушыларды тарту;
Б) Оқуға түсуші талапкерлердің қабылдау кезінде спорттық даярлығы жоғары үміткерлерге басымдық беру;

В) Дәстүрлі дене шынықтыру сабақтарын универсиада бағдарламасына кіретін спорт түрлерінің біріне бағыттау;

Г) Университеттің спорттық құрамаларымен жұмыс істейтін жаттықтырушыларды еңбек ақысын және ынталандыру жүйесі арқылы қолдау;

Д) Спорттық командалардың аймақтан тыс жарыстарға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту, жарыстық тәжірибені арттыру.

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту жолдары қажеттілігінің басым белгілері әзірленді. Олардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады. А) Студенттердің спортпен шұғылдану кезіндегі қайшылықтары. Б) Студенттік спорт құрылымы мен мазмұнындағы қайшылықтар. В) Студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі деңгейіндегі келіспеушіліктер. Оларға мыналар жатады:

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленді. Жүйенің бөлімдерінде біз бағыттаушы, өнімді, көрсеткішті, қорытынды құрамдас бөлімдерін айқындадық. «Енгізуге арналған басым өнімдер арасында спортпен шұғылдану факторларына түзетулер» бағытында біз спортқа бағдарланған тәсілді енгізуге баса назар аудардық. Іске асырудың келесі бағыты студенттік спорт жағдайының құрылысы мен мәнін жаңғырту болды.

Жобаны іске асырудың кезекті бағыты «студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту» болды.

Сонымен жобаны іске асырудың соңғы бағыты «университет пен спорт клубтарының, БЖСМ ынтымақтастығы» болды.

Біз «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсын әзірледік. Курстың мазмұны келесі тақырыптарды қамтыды. «Спортқа бағдарланған дене тәрбиесі»; «ЖОО-ң спорттық жетілдіру топтарындағы оқу-жаттығу процесін құру»; «ЖОО-ы студенттерінің дене даярлығын жетілдіру құралдары мен әдістері»; «Студенттердің дене жұмыс қабілеттілігін жетілдіру құралдары мен әдістері»; «Университет пен спорт клубтардың, БЖСМ ынтымақтастығы»; «ЖОО-ң құрама командаларын даярлаудың оңтайлы критерилері».

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтарда спортқа бағдарланған дене тәрбиесін іске асыру үшін құралдар ұсынылды. Студенттік спорттың жағдайы мен мәнін жаңғырту бойынша шаралар қабылданды.

Маңызды түзетулердің бірі – «университет құрамасына іріктеу жүйесін оңтайландыру». Студенттердің дене даярлығы, техникалық-тактикалық даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту іске асырылды.

Студенттердің дене даярлығы дене жұмыс қабілеттілігі дәрежесін жаңғырту құралдарының ішінде біз мыналарды атап өттік.

800м-ге жүгіру. Сабақтың жүйелілігін арттыру.

60м-ге жүгіру 1. Техниканы жетілдіру. 2. Қадамның ұындығын сақтау.

PWC₁₇₀. Әртүрлі бағыттағы жаттығу жүктемелерінің ұтымды үйлесімі, біртұтас жаттығу барысындағы жүктеме мен демалыстың үйлесімділігі.

Студенттердің дене жұмыс қабілеттілігі мен дене даярлығы арасындағы анықталған корреляцияны есепке алу.

Жұмыстың қарқындылығы мен 800м жүгіру; ЖСЖ мен ұзындыққа секіру арасындағы оң сипаттағы корреляциялар басымдығы байқалды.

Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін модернизациялау құралдарының ішінде біз доптың жоғарыдан берілуіндегі, доптың жоғарғы тікелей берілуіндегі, шабуыл соққысын орындаудағы, допты қабылдаудағы қателіктерді түзетуге бағытталған жаттығуларды атап өттік.

Эксперимент кезеңінде университеттің волейболдан құрама командасының студенттерінің дене даярлығы деңгейінің динамикасында оң өзгерістер болды. Мәселен, «800м-ге жүгіру» сынағы бойынша абсолюттік шамалар 3,19-дан 3,09 мин/сек дейін өсті. Өсім 3,2% құрады, Студенттің t-критерийі 3,41 болды. Бағалау «3»-тен «4»-ке дейін көтерілді.

Сондай-ақ волейболдан университет құрамасының студент қыздарының дене жұмыс қабілеттілігі деңгейінің динамикасында оң бағыттағы айқын өзгерістер байқалды. «PWC170» көрсеткіші бойынша абсолюттік мәндер 15,9-дан 21,4-ке дейін ұлғайып, дене жұмыс қабілеттілігінің деңгейі «орташадан төмен» деңгейден «жоғары» деңгейге дейін артты. Бұл нәтижелер өсімнің 34,5%-ды құрағанын көрсетеді. Статистикалық талдау қорытындысы бойынша Студенттің t-критерийі 10,61-ге тең болып, айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан сенімді екенін дәлелдеді ($p < 0,01$).

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздегі түрлі спорт салаларына қатысты жоғары жетістіктердің болуы әрбір білім беру мекемелерінде жүргізілген нәтижелі жұмыстарға тікелей байланысты. Жүргізілген зерттеулер негізінде келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Спорт қоғамның жалпы мәдениетінің элементі. Студенттердің спортпен шұғылдануы оларға қазіргі заманның басым миссиясын шешуге көмектеседі - әрбір адамға құбылмалы, болжанбайтын әлемдегі денелік, рухани және адами тұрғыдан денсаулықты тиімді қалыптастырып, сақтауға мүмкіндік бере отырып, адамның ауыспалы ортада өзін орнықты және өзіне сенімді сезінуіне ықпал етеді. Бұл үрдіс білім алушы студенттердің өмір сапасын дамытуға, жоғары мектеп жағдайында олардың спорттық мәдениетін дамытуға және соның негізінде қоғамда жалпы мәдени дамуына белсенді ықпал етеді.

2. Студенттік спорт - бұл жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дене шынықтыру- спорттық, білім беру, ғылыми және әлеуметтік - коммуникативтік қызметін біріктіретін, университеттің даму стратегиясымен және қоғамның сұранысымен үйлесетін көпдеңгейлі жүйе.

3. Мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, нәтижелілік блоктарды қамтыған студенттік спорт дамуының құрылымдық - мазмұндық моделі. Модельдің құрылымындағы блоктар өзара үйлесімді тығыз байланысқан. Мақсаттық блокта мақсат пен міндеттер айқындалған. Әдіснамалық блок әдіснамалық тұғырлар мен принциптарды қамтиды. Мазмұндық блок мазмұн, әдістер мен формаларды қамтиды. Нәтижелілік блокта компоненттер, деңгейлер және нәтиже анықталған.

4. Студенттік спортты дамытудың әлемдік тәжірибедегі негізгі ғылыми-теориялық алғышарттары мыналар болып табылады.

Студенттік спорт құрылымы мен білім алушылардың спорт түрлерімен айналысуға деген қажеттіліктері арасындағы қайшылықты шешу үшін біз дене белсенділігі түрлерімен шұғылдануды ұйымдастырудың спортқа бағдарланған дене тәрбиесі мысалында сабақтарды ұйымдастырудың баламалы нысандарын енгізу қажет деп санаймыз.

ЖОО-да спорттық даярлықты ұйымдастыру және жоспарлау қажеттілігі мен студенттердің оқу ерекшеліктерін ескере отырып, осы процесті іске асырудың жеткіліксіз дамуы арасындағы қайшылықты шешу жолы бізге оқу іс-әрекетін жылдық цикл құрылымындағы жаттығу мен бәсекелестік іс-шаралар кестесімен ұштастыруда көрінеді.

ЖОО жағдайында студенттік спортты басқару компоненттерін іске асыру мен осы процесті жеткіліксіз қамтамасыз етудегі қайшылықты БЖСМ және кәсіпқой клубтармен өзара байланысты нығайту негізінде қаржыландыру есебінен студенттердің спорт түрлері бойынша студенттер құрама командаларының негізгі жарыстарына қатысу жолдарын іздестіру арқылы шешу қажет.

Студенттерді жоғары сыныпты командалардың резерві ретінде даярлау қажеттілігі мен ЖОО-да жеткіліксіз жасалған жағдайлар арасындағы қайшылықты ЖОО-дың спорттық мекемелермен және кәсіпқой клубтармен ынтымақтастығын

ұйымдастыру жолымен ЖОО-ң құрама командалары үшін резервті дайындау арқылы шешу қажет.

Біз зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша мынадай авторлық тұжырымдама жасадық.

Батыс Қазақстан ЖОО студенттер спорты құрылымы және мазмұны; студенттер құрама командаларының спорттық сайыстарға қатысу ерекшеліктерін, сонымен қатар дене дайындықтары мен жұмыс жасау қабілеттерін ескере отырып, студенттер спортын жетілдірудің технологиясын дайындау және олардың практикалық түрде енгізу қажет.

5. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту үшін әзірленген кешенді жүйесі: «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы; Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары; ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына енгізілген түзетулер.

6. Батыс Қазақстан ЖОО студенттер спортын дамытуды айқындайтын негізгі факторлар жүйесі құрылды. Осылайша келесі мәселелермен ерекшеледік: а) студенттік спорттың іс-әрекет кезіндегі туындайтын қайшылықтар; ә) студенттік спорттың мазмұны мен құрылымдарындағы сәйкессіздіктер; б) білім алушылардың дене дайындығы кезіндегі және жұмыс жасау қабілетінің үйлеспеушілігі; в) студенттер құрамасының әр түрлі спорттық сайыстарға қатысу кезіндегі үйлеспеушіліктер жатады.

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленді. Жүйенің бөлімдерінде біз бағыттаушы, өнімді, көрсеткішті, қорытынды құрамдас бөлімдерін айқындадық.

Эксперименттік кезең барысында волейбол құрама командасы студенттерінің дене дайындық деңгейінің динамикасында оң өзгерістер анықталды. Атап айтсақ «800м-ге жүгіру» сынағындағы абсолюттік шамалар көрсеткіші 3,19 минуттан 3,9 минутқа дейін жақсарды. Сонымен қатар дененің жұмыс қабілеттілігінде де өсім тіркелді: «PWC₁₇₀» көрсеткіші 15,9-дан 21,4-ке дейін өсті.

Қауымдастық коэффициентін талдау нәтижелері студенттердің оқу үдерісіне деген көзқарасы мен жоғары оқу орнындағы спорттық-сауықтыру жұмысының сапасын аттыру арасындағы оң өзара байланыс бар екендігін көрсетті. Бұл байланыс дәстүрлі академиялық сабақтардың орнына таңдау бойынша спорттың бір түрін енгізу идеясын ғылыми тұрғыдан негізді деп қабылдауға мүмкіндік берді.

1. Студенттік спортты әлемдік тәжірибе негізінде жетілдірудің негізгі ғылыми-теориялық алғышарттарын анықтау.

2. Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорт құрылымы мен мазмұнын зерделеу.

3. Студенттердің спортпен шұғылдану кезіндегі мәселелерді анықтау.

4. Университеттің құрама командалары студенттерінің дене даярлығы деңгейін, дене жұмыс қабілеттілігін, техникалық және тактикалық шеберлігін, сондай-ақ жарыстарға қатысу белсенділігін анықтау.

5. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдарын әзірлеп, олардың тиімділігін эксперименттік түрде негіздеу.

Алдағы уақытта студенттік спортты әлемдік тәжірибе негізінде жетілдірудің ғылыми-теориялық алғышарттарын, спортпен шұғылдану кезіндегі ең өзекті мәселелерді анықтай келе, Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдірудің тиімді жолдарын нақтылы көрсете аламыз. Бұл өз кезегінде еліміздегі спорт саласының дамуына өз септігін тигізеді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай ұсыныстар ұсынылды. Дене шынықтыру оқытушылары мен студенттері үшін:

А) өз қызметінде студенттік спортты әлемдік тәжірибеде жетілдірудің негізгі ғылыми-теориялық алғышарттарын пайдалану.

Ә) дене шынықтыру оқытушылары үшін:

Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты жетілдіру жолдары қажеттілігінің басым белгілері. Студенттердің спортпен шұғылдану кезіндегі қайшылықтарын; студенттік спорт құрылымы мен мазмұнындағы қайшылықтарды назарға алу;

Б) Студенттер үшін: студенттердің дене даярлығы, техникалық және тактикалық даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігі деңгейіндегі келіспеушіліктерді шешу.

В) дене шынықтыру оқытушылары жаттықтырушылары мен студенттер үшін:

Батыс Қазақстан ЖОО-да студенттер спортын дамытудың дайындалған технологиясын қолдану ұсынылады.

Бұл технология аясында әрбір құрылымдық бөлім(бағыттаушы, өнімділігі, көрсеткішті, қорытынды) бойынша анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсынымдық сипаттағы әдістемелік нұсқаулар ескерілген жөн.

Г) дене шынықтыру оқытушылары жаттықтырушылары мен студент қыздар үшін:

- студенттік спортты жетілдірудің ұсынылған құрылымдық моделін негізге алу ұсынылады. Атап айтсақ, студенттер дене дайындығы мен дене жұмыс жасау қабілеттілігін түзетуге арналған құралдар кешенін және оларды тиімді іске асыру жолдарын пайдалану қажет. Сонымен қатар, спорттық командаларға қаржыландыру көздерін жетілдіру, балалар жасөспірімдер спор мектептері жаттықтырушыларымен бірлесе отырып жұмыстану, сонымен қатар кәсіби спорттық клубтармен ынтымақтастықтарды дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ғ) дене шынықтыру оқытушылары жаттықтырушылары мен студенттер үшін:

Спорттық бағдарланған дене тәрбиесінің тиімділігін негіздеу мақсатында нақты спорт түрлері аясында қауымдастық коэффициентін қолдану мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Зерттеу қортындысы бойынша алдағы уақытта келесі бағыттарға көңіл аудару керектігі көрсетілді:

- Студенттердің теориялық, практикалық және әдістемелік даярлығын жетілдірудің даму барысын қарқындату;

- Дене шынықтыру саласындағы болашақ мамандардың жұмыс қабілеттерін бағалаудың заманауи әдістерін білім беру мазмұнына енгізу;

- «Студенттік спортты жетілдірудің әдістемелік жолдары» тақырыбында арнайы оқу курсы мен оқу-әдістемелік құралдарын даярлау және енгізу.- мамандар

мен студенттерге арналған, студенттердің дене даярлығы мен дене жұмыс қабілеттілігін бағалау ерекшеліктерін айқындайтын әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

Д) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

- Студенттік спорттың дамуын ынталандыру мақсатында Республика көлемінде университеттер арасындағы жарыстардың нәтижелерін ескере отырып (универсиада, студенттік лигалар ж.т.б), ЖОО ректоратының институционалдық рейтингісін қалыптастыру тетігін енгізу ұсынылады. Бұл шара жоғары оқу орындарын спорттық іс-шараларға белсенді қатысуға, студенттердің дене тәрбиесі мен спорттағы жетістіктерін арттыруға ынталандырып қана қоймай, білім беру ұйымдарының жалпы беделін нығайтуға ықпал етеді.

- Студенттік спортты одан әрі дамыту және университеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жарыс нәтижелеріне байланысты ректорат рейтингісін қалыптастырумен қатар, ерекше жетістікке жеткен спортшыларға арнайы гранттар тағайындау тетігін енгізу ұсынылады. Мұндай тәжірибе бір жағынан дарынды студент-спортшыларды материалдық әрі моральдық тұрғыда қолдап, олардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасаса, екінші жағынан жоғары оқу орындарының спорттық инфрақұрылымын жетілдіруге және Республика деңгейінде салауатты өмір салтын кеңінен насихаттауға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сухарев А.Г. Здоровье и физическое воспитание детей подростков. - М.: Медицина, 1991. - 272 с. // <https://search.rsl.ru/ru/record/01001578309>. 10.01.2022.
- 2 Коэффициенты ассоциации и контингенции [Электронный ресурс]. – Режим доступа // http://www.rnz.ru/statistika/koefficienti_associacii_contingencii.php. 10.01.2022.
- 3 Сластенин В.А., Исаева И.Ф., Шиянов Е.Н., Сущность образования, его функции и аспекты // <https://helpiks.org/6-40461.html> 15.01.2022.
- 4 Понятие педагогической технологии. // https://xstud.ru/57303/pedagogika/ponyatie_pedagogicheskoy_tehnologii. 14.01.2022.
- 5 Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный // <https://classes.ru/all-russian/russian-dictionary-Efremova-term-87215.htm>. 15.01.2022.
- 6 Уваровская О.В. Педагогика профессионального образования: учебное пособие– Сыктывкар: Изд-во СГУ им. Питирима Сорокина, 2017. –4 с. // <http://e-library.syktu.ru/megapro/Download/MObject/>. 15.01.2022.
- 7 Общая и профессиональная педагогика: Учебное пособие для студентов, обучающихся по специальности «Профессиональное обучение»: В 2-х книгах / Под ред. В.Д. Симоненко, М.В. Ретивых. - Брянск: Изд-во Брянского государственного университета, 2003. - Кн.1 - 174 с. // https://pedlib.ru/Books/1/0444/1_0444-22.shtml. 09.02.2022.
- 8 Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі: оқулық. — 8-ші басылым, өңделіп толықтырылған. — Алматы: Үш Қиян, 2022. — 368 б.
- 9 Аулик И. В. Определение физической работоспособности в клинике и спорте. – М.: Медицина, 1990. - 191 с.
- 10 Холодов Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта // Учебное пособие для студентов высш. учеб.заведений. 6-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 478 с. 25.02.2022.
- 11 Рыбалов Ю.В., Рыбалова С.И., Рудин М.В. Основы спортивной тренировки // Учебно-методическое пособие: ГБОУ СПО «Суражский педагогический колледж имени А.С. Пушкина» – 2013. – Сураж. –6 с. // https://sportschool51.murm.sportsng.ru/media/2020/06/18/1254747936/Yu.V._Ry_balov_S.I._Ry_balova_M.V._Rudin_Osnovy_sport.trenirovki_Surazh_2013.pdf. 25.02.2022.
- 12 Дисько Е.Н., Януш Е.М. Основы теории и методики спортивной тренировки: учебное пособие. – Минск: РИПО, 2018. - 280 с. https://uormozyr.gguor.by/wp-content/uploads/2023/02/82520_27df2f7745d74a5c534dffd2d78c1fcc.pdf 16.04.2022.
- 13 Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №251 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251/history> 10.10.2024.

14 Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған) (19.09.2022ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

//https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029&pos=5;-88#pos=5;-88.

10.10.2024.

15 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III заңы (16.06.2024ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747&showdi=1

10.10.2024.

16 Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы заңы (27.04.2024ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) өзгерістер енгізу туралы ҚР 19.06.24ж. № 94-VIII Заңын қараңыз (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі)

//https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31576150&pos=2;-106#pos=2;-106.

20.09.2024.

17 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031943>. 20.09.2024.

18 Дагддиян К. Т., «Развитие образного мышления средствами декоративности средствами декоративности при освоении дисциплины "Композиция" студентами художественно-графических факультетов»: Автореф. дис....к.п.н. 13.00.02. – Москва. – 2011. – 24 с. <https://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-02/dissertaciya-razvitie-obraznogo-myshleniya-studentov-pedvuzov-sredstvami-dekorativnosti-pri-osvoenii-distipliny-kompozitsiya#:~:> 13.02.2022.

19 Пономарев А.Б., Пикулева Э.А. Методология научных исследований // Учебное пособие: Пермский национальный исследовательский политехнический университет. – 2014. – 186 с. //<https://e.lanbook.com/book/160596> 15.08.2023.13.02.2022.

20 Железняк Ю.Д., Петров П.К. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Изд.центр «Академия», 2002. – 264 с. https://sportschool51.murm.sportsng.ru/media/2020/06/18/1254747398/Yu.D._Zheleznyak_P.Petrov._Osnovy_nauchn_pressed_compressed_compressed_1.pdf 15.08.2023.

21 Как провести социологическое исследование / под ред. М.К. Горшкова, Ф.Э. Шереги. – М.: Политиздат, 1985. - 223 с.

// <https://search.rsl.ru/ru/record/01001255786> 19.02.2023.

22 Карпман В.Л. Исследование физической работоспособности у спортсменок. – М.: Физкультура и спорт, - 96 с.

// <https://repository.ldufk.edu.ua/server/api/core/bitstreams/10356e39-242b-4798-93ca-a05c2387f1b1/content> 19.02.2023

23 Лапочкин С.В. Особенности развития студенческого молодежного спорта в современных условиях // Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. - 2012

// <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-razvitiya-studencheskogo-molodezhnogo-sporta-v-sovremennyh-usloviyah> 04.04.2023.

24 Рахматов А.И. Физкультурно-спортивные мероприятия в вузе // Образование и воспитание. — 2020. — № 3 (29). — С. 66-67.// <https://moluch.ru/th/4/archive/168/5252/> 15.12.2021.

25 Верховых В.А. Место и роль студенческого спорта в системе высшего образования. // <https://scilead.ru/article/450-mesto-i-rol-studencheskogo-sporta-v-sisteme-vi>. 6.04.2022.

26 Тюкалова Е.Г. Актуальные проблемы развития студенческого спорта. // <https://infourok.ru/aktualnie-problemi-razvitiya-studencheskogo-sporta-3844115.html>. 16.04.2022.

27 Ващук А.О., Медведева Д.Е. Студенческий спорт: состояние, пути развития и подготовка спортивного резерва. // https://www.amgpgu.ru/activity/scinsce/scientiapotentiaest/all/?ELEMENT_ID=47823305 07. 02. 2022.

28 Авладеев А. А. Концепты развития студенческого спорта в России. — непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 10 (114). — С. 430-434. // <https://moluch.ru/archive/114/30252/> 16.01.2022.

29 Габитов А.Б., Карасев Д.Ю., Хусточкин В.Г., Литвинов В.А. Организационно-методическое обеспечение подготовки студенческих спортивных команд по игровым видам спорта // Теория и практика физической культуры. 2022. — № 8. — С.79-81. // <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsionno-metodicheskoe-obespechenie-podgotovki-studencheskih-sportivnyh-komand-po-igrovym-vidam-sporta>. 07. 02. 2022.

30 Агаев Р.А. Управление развитием студенческого спорта в условиях образовательной организации высшего образования: автореф. дис. ...канд. пед. наук: 13.00.04. — СПб., 2020. — 24 с. // <https://www.dissercat.com/content/upravlenie-razvitiem-studencheskogo-sporta-v-usloviyakh-obrazovatelnoi-organizatsii-vysshego>. 07. 02. 2022.

31 Мұхамбет Ж.С. Влияние спортивной нагрузки на мотивацию занятий спортом в студенческой среде высшего учебного заведения: дис. ...док.философии: 6D010800. — 174 с. // <https://kazast.edu.kz/wp-> 07. 02. 2023.

32 Отаралы С.Ж. Практико-ориентированные технологии оценки и коррекции физических кондиции студентов вузов: дис. ...док.философ: 6D010800. — 192 с. // <https://kazast.edu.kz/wp-> 07. 02. 2023.

33 Мадиева Г.Б. Физическая культура в высших учебных заведениях: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 200 с. // <file:///C:/Users/User/Desktop>. 07. 02. 2022.

34 Старचेков М.М. Рейтинговая оценка как средство повышения мотивации студентов к занятиям физической культурой: автореф. дис.... канд. пед. наук: 13.00.04. - Омск. - 23 с. // <https://www.dissercat.com/content/reitingovaya-otsenka-kak-sredstvo-povysheniya-motivatsii-studentov-k-zanyatiyam-fizicheskoi>. 07. 02. 2022.

35 Омарбекова Ж.Д. Государственная политика в сфере физической культуры и спорта Республики Казахстан // Вестник Инновационного Евразийского университета. 2016. - №4. // http://vestnik.ineu.edu.kz/files/articles/old/article_296.pdf 21.07.2022.

36 Куатбеков Ш.Н., Каргапольцева Н.А. Вестник Оренбургского государственного университета. - 2023. // <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-napravleniya-razvitiya-sistemy-fizicheskogo-vospitaniya-v-respublike-kazahstan>. 21.07.2022.

37 Авсиевич В.Н., Дельвер П.А., Плахута Г.А. Жасын Серикбайулы Мухамбет. Нормативно-правовое регулирование спорта и физической культуры в Казахстане // Молодой ученый. — 2018. — № 41 (227). — С. 211-214. // <https://moluch.ru/archive/227/53008/> 23.05.2024.

38 Мухамбет Ж.С., Авсиевич В. Н., Синьков Д. В. Организация занятий физкультурно-спортивной деятельностью студентов различных стран // Молодой ученый. — 2022. — № 13 (408). — С. 156-164. // <https://moluch.ru/archive/408/89786/> 23.05.2024.

39 Тен А.В., Зауренбеков Б.З., Байтасов Е.К., Телемгенова А.М., Шепетюк Н.М. Перспективы и возможности развития физической культуры и массового спорта в Республике Казахстан // Теория и методика физической культуры. – 2022. - № 4 (70). - С. 89-101.

40 Есиркепов Ж.М., Мустафаев С.Ш., Курманбаев Б.И., Орынбасар П.О. Основные направления совершенствования работы спортивного менеджера в области физической культуры и спорта// The Scientific Heritage. – 2023. // <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-napravleniya-sovershenstvovaniya-raboty-sportivnogo-menedzhera-v-oblasti-fizicheskoy-kultury-i-sporta>. 21.07.2022.

41 Amorose Scott Pierce, O'Neil A. J. Student-athletes' dual commitment to school and sport: Compatible or conflicting? // Psychology of Sport and Exercise. – 2021. – Vol. 52. DOI : 10.1016/j.psychsport.2020.101799.

42 Yukhymenko-Lescroart M.A. On identity and sport conduct of student-athletes: Considering athletic and academic contexts // Psychology of Sport and Exercise. – 2018. – Vol. 34. – P. 10-19.

43 Gough L.A., Duffell T.T., Eustace S.J. The impact of student attendance on assessment specific performance in sport degree programs // Journal of Hospitality, Leisure, Sport & Tourism Education. – 2021. – Vol. 29. – 100323 p.

